В исследовании использованы междисциплинарные методы. Помимо теоретического анализа, эмпирические данные были собраны посредством масштабного онлайн-опроса и качественных фокус-групповых интервью. Такой подход позволил объективно оценить устойчивые представления общества о традиционных ценностях.

Результаты исследования показывают, что, несмотря на значительные трансформации традиционных ценностей в южных регионах Казахстана, они остаются одним из главных институтов, обеспечивающих социальную стабильность. Хотя некоторые искусственные или вновь возникающие традиции признаются обществом как ненужные, фундаментальные традиционные ценности высоко ценятся как главная опора сохранения национальной идентичности.

Гармоничное развитие современного казахстанского общества требует сбалансированной модели сохранения национального культурного наследия при одновременном внедрении современных инноваций. Данное исследование способствует более глубокому пониманию адаптивного потенциала традиционных ценностей в обществе и их роли в формировании социальных институтов.

Ключевые слова: культура, ценность, инновация, фактор, культурология.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде дәстүрлер мен дәстүрлі құндылықтардың трансформациясы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, жаһандық мәдениеттердің ықпалының күшеюі ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлерге әсер етеді. Бұл жағдайда қоғамның дәстүрлі құндылықтарға деген көзқарасын, ондағы өзгерістерді зерттеуді талап етеді.

Зерттеудің негізгі мақсаты қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды зерттеу, руханы қатынастар мен әлеуметтік динамика арасындағы күрделі қарым-қатынасты түсіну.

Зерттеу объектісі: Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлері тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамаларын білдіретін параметрлер бойынша таңдалды. Зерттеу объектісі ретінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерін таңдалу себебі, бұл аймақ дәстүрлі құндылықтардың тұрақтылығымен ерекшеленеді.

Зерттеуде пайдаланылатын әдістер дәстүрлердің өзгеруін және жаңа мәдени құндылықтардың қалыптасуындағы факторларды түсінуге мүмкіндік береді, мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастықтың жаңа қырларын ашуға бағыттайды.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін мәдениеттану, әлеуметтік философия және құндылықтар социологиясы аясындағы ғылыми еңбектер құрайды. Теориялық талдау барысында қоғамдық сана типтері, мәдени үлгілер және құндылықтар трансформациясы мәселелеріне арналған ғылыми тұжырымдамалар қарастырылды. Зерттеудің концептуалдық құрылымын қалыптастыруда жүйелілік және ғылыми тұтастық принциптері басшылыққа алынды. Сонымен қатар формальды-логикалық талдау, мәдени-әлеуметтанулық интерпретация және жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне аксиологиялық талдау енгізілді. Аксиологиялық тәсіл арқылы қоғамдағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара қатынасы, олардың әлеуметтік мінез-құлық пен мәдени бағдарларға ықпалы, әсері талданды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы сандық және сапалық әдістердің үйлесіміне негізделеді. Сандық деректер онлайн-сауалнама арқылы жиналды. Сауалнама Қазақстанның оңтүстік өңірлерін қамтыды: Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстары, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалалары. Деректер Google Forms платформасында (N=597) жиналды. Сауалнама қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді.

Респонденттерді тарту үшін әлеуметтік желілерде нысаналы жарнама орналастырылып, онлайн қауымдастықтарда сауалнама сілтемелері жарияланды. Іріктеу ауыл және қала тұрғындарын қамтитын ересек тұрғындар арасында (жынысы, жасы, этникалық құрамы және әлеуметтік мәртебесі бойынша) жүргізілді.

Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары онлайн, телефон арқылы және тікелей байланыс тәсілдері арқылы алынды. Респонденттердің 68%-ы ер адамдар, 32%-ы әйел адамдар болды. Жас құрылымы бойынша: 18–28 жас аралығы – 39%, 29–45 жас – 41%, 46–60 жас – 17%, 61 жастан жоғары – 3%. Тұрғылықты жеріне байланысты 58%-ы қала тұрғындары, 42%-ы ауыл тұрғындары. Отбасылық жағдайы бойынша 52%-ы отбасылы, 41%-ы бойдақ, 7%-ы жауап беруден бас тартты. Білім деңгейі бойынша респонденттердің 84%-ы жоғары білімді, 9%-ы кәсіби-техникалық білімді, 7%-ы орта білімді. Әлеуметтік-кәсіби мәртебесі бойынша 29%-ы бюджеттік ұйымдарда, 27%-ы мемлекеттік қызметте жұмыс істейді, 14%-ы жұмыссыз. Деректер 2025 жылғы 17 ақпан мен 9 сәуір аралығында жиналды.

Сандық деректер сапалық зерттеу әдісімен толықтырылды. Атап айтқанда, оңтүстік өңірлер тұрғындарының құндылықтық бағдарларын тереңірек түсіну үшін фокус-топтық интервьюлер ұйымдастырылды. Фокус-топтарға әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері қатысты. Интервью барысында дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың күнделікті өмірдегі көріністері, мәдени өзгерістерге қатысты пікірлер талданды. Сапалық деректерді интерпретациялау барысында мазмұндық талдау және тақырыптық кодтау әдістері пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Дәстүр теориясы қоғамның мәдени құрылымындағы тұрақтылық пен өзгеріс арасындағы байланысты түсіндіреді. Себебі, дәстүр құндылықтар жүйесін, әлеуметтік нормаларды және ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз ететін негізгі механизм [1]. Дегенмен, уақыт өте келе олар жаңа жағдайларға бейімделіп, трансформацияға ұшырайды. Мұндай көзқарас дәстүрді статикалық құбылыс емес, әлеуметтік өзгерістер жүзеге асатын динамикалық мәдени ресурс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Дәстүр теориясының классикалық негіздерінде Э. Шилз [2] қоғамның өзегі ретінде қарастырып, мәдениетті құрылымдық тұрғыдан «орталық» және «өзгермелі тәжірибелер» деп бөледі. Мәдени орталықтың тұрақтылығын сақтай отырып, перифериялық элементтердің трансформациялануын түсіндіреді.

Ал ғалым Ш. Эйзенштадт [3] дәстүрді кез келген әлеуметтік-мәдени жүйенің бөлінбес бөлігі ретінде қарастырып, «дәстүр-модернизация» дихотомиясының шектеулі екенін ашып көрсетеді. Оның тұжырымынша, модернизация үдерісі белгілі бір дәстүрлі негіздерге сүйенеді, ал қазіргі заманның өзін дәстүрдің ерекше тарихи формасы деп тануға болады. Ғалым әлеуметтік өзгеріс көзі дәстүрдің өз табиғатында жатқанын дәлелдейді.

Э. Маркарян [4] дәстүрді қоғамдық өмірді реттеуші жүйелі механизм ретінде қарастыра отырып, «новация» пен «инновация» ұғымдарын бөліп қарастырады. Оның пайымдауынша, кез келген өзгеріс жаңалық бола алады, алайда ол қоғам тарапынан мойындалып, тұрақты стереотипке айналғанда ғана инновацияға ұласып, жаңа дәстүрді қалыптастырады.

Аталмыш классикалық тұжырымдар функционалистік тәсілмен үндеседі: мәдениет қоғамдық қажеттіліктерді өтеп, әлеуметтік тәртіпті сақтайтын құрал болғандықтан, дәстүр тұрақтылық тетігі қызметін атқарады [5]. Дегенмен, экономикалық-технологиялық өзгерістер құндылықтар трансформациясын тездетеді. Осы орайда мәдени интеграцияның немесе дифференциацияның түрлі траекториялары көрініс табады [6].

Құндылықтар трансформациясы мәселесінде Р. Инглхарт пен У. Бейкер [7] дәстүрлі құндылықтардың мүлдем жойылмайтынын, керісінше, жаңа әлеуметтік жағдайларда қайта орныгатынын дәлелдейді. Жаһандану үдерісінде бұл құбылыс біртекті мәдени кеңістік қалыптастырудан гөрі, әралуан ықпалдасу мен локалды реакциялар арқылы көрініс табады. Демек, мәдени жаһандану әр аймақта дәстүрді қорғау және қайта айқындау стратегияларын күшейте түседі [8], [9], [10].

Кросс-мәдени талдауда Г. Хофстеде [11] ұлттық мәдениеттердің тұрақтылығына назар аударып, «индивидуализм-коллективизм» өлшемі арқылы «тұлға-қоғам» қатынастарын жүйелейді. Ал кейінгі зерттеулер құндылықтарға ұлттық факторлармен қатар діни дәстүрлердің де ықпалын дәлелдеп, мәдени айырмашылықтардың көпөлшемді табиғатын бекітеді [12], [13], [14].

Жалпы Шилз, Эйзенштадт, Маркарян [2], [3], [4] тұжырымдамалары дәстүрді әрі тұрақтандырушы институт, әрі бейімделгіш мәдени механизм ретінде қарастырады. Бұл тәсіл жаһандану мен модернизация жағдайындағы құндылықтар трансформациясын зерттеуге кешенді теориялық негіз қалайды.

Ал ішкі құндылық ұғымы құндылық теориясының негізгі категорияларының бірі болып саналады. Зерттеуші Zimmerman [15] белгілі бір құбылыстың немесе әрекеттің құндылығы оның сыртқы нәтижесіне емес, өз табиғатына байланысты анықталатынын көрсетеді. Ғалым Lemos [16] бұл идеяны дамыта отырып, ішкі құндылықтарды моральдық бағалаудың іргелі негізі ретінде түсіндіреді. Мұндай тәсіл құндылықтарды тек субъективті бағалау ретінде емес, белгілі бір нормативтік және рационалдық құрылыммен байланысты құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осыған ұқсас тұрғыда Anderson [1] құндылықтардың моральдық, экономикалық және әлеуметтік тәжірибелермен тығыз байланыста қалыптасатынын көрсетіп, оларды қоғамдағы институционалдық қатынастар жүйесінің маңызды элементі ретінде қарастырады. Parfit [17] моральдық себептер мен тұлғалық сәйкестік мәселесін талдай отырып, құндылықтардың рационалдық негіздерін айқындайды, ал Kraut [18] игілік ұғымын адамның әл-ауқаты мен өмір сапасымен байланыстырып, құндылықтардың әлеуметтік өмірдегі маңызын көрсетеді.

Жалпы, қарастырылған теориялық пайымдаулар дәстүрді статикалық қалып емес, модернизация мен жаһандану үдерістеріне икемді, құндылықтар трансформациясын реттейтін динамикалық механизм ретінде анықтайды. Осы себепті, ішкі құндылықтардың рационалдық және моральдық негіздерін жүйелеу қоғамның институционалдық тұрақтылығы мен тұлғалық сәйкестігін сақтаудың іргелі шарты болып табылады.

Нәтижелер

Зерттеудің эмпирикалық негізін сандық зерттеу әдісі онлайн-сауалнама нәтижелері құрайды. Бастапқы деректерді жинау Google Forms платформасы арқылы жүзеге асырылды және зерттеудің іріктеу жиынтығын 597 респондент (N=597) құрады. Зерттеу аймағы Қазақстанның оңтүстік өңірлерін, атап айтқанда: Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстарын, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларын қамтиды.

Сауалнаманың негізгі мақсаты аталған өңір тұрғындарының дәстүрлі құндылықтарға деген көзқарасы мен ұстанымдарын эмпирикалық тұрғыда зерделеу. Алынған нәтижелер қазіргі қоғамдағы дәстүрлі құндылықтар жүйесінің трансформациялану динамикасын бағалауға және өзекті әлеуметтік мәселелерді идентификациялауға мүмкіндік беретін маңызды статистикалық мәліметтер ұсынады. Бұл эмпирикалық деректер оңтүстік өңірлердегі мәдени өзгерістер мен құндылықтар парадигмасының ауысуын кешенді академиялық талдауға берік негіз қалайды.

1-кесте. Дәстүрлі құндылықтар дегеніміз не?

		Алматы қаласы	Алматы облысы	Жетісу облысы	Жамбыл	Шымкент	Түркістан	Қызылорда	Барлығы
1	Үлкенді сыйлау, құрметтеу	11%	14%	23%	16%	13%	16%	18%	16%
2	Отбасылық ұстаным	12%	11%	15%	14%	13%	15%	17%	14%
3	Салт-дәстүр	21%	20%	25%	17%	21%	20%	25%	21%

4	Нанымдар мен әдет-ғұрыптар	11%	10%	7%	9%	10%	10%	10%	10%
5	Қоғамдық нормаларға сәйкестік	4%	4%	2%	4%	4%	3%	7%	4%
6	Ұлттық киім	5%	6%	6%	6%	6%	3%	7%	5%
7	Ана тілінде сөйлеу	16%	15%	11%	15%	16%	15%	1%	13%
8	Ұлттық тәрбие	19%	19%	11%	18%	16%	17%	14%	16%
9	Басқа	1%	1%	0%	1%	1%	1%	1%	1%
	Барлығы	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

1-кестеде көрсетілгендей, дәстүрлі құндылық деген ұғымды оңтүстік өңірлердің басым бөлігі, яғни сұралған респонденттердің 21%-ы «Салт-дәстүр», 16%-ы «Үлкенді сыйлау, құрметтеу», «Ұлттық тәрбие» және 14%-ы «Отбасылық ұстаным» деп жауап берген. Сәйкесінше, бұл оңтүстік өңірлерде әлі де болса қазақы болмыстың сақталғандығын растай алады және дәстүрлі құндылықтың адам өміріндегі маңыздылығын көрсетеді. «Ана тілінде сөйлеу» сияқты факторларды респонденттердің 13%-ы ғана атап өткен. Міне, осы жауаптардан еліміз тұрғындарының жалпы қоғамдық пікірі жаңа технология мен қазіргі өркениетті қоғамдағы либералды құндылықтардан гөрі «өмірдің дәстүрлі қисынына» көбірек мән беретіні байқалды.

Дәстүрлі құндылық деп респонденттердің 10%-ы «Нанымдар мен әдет-ғұрыптар», 5%-ы «Ұлттық киім», 4%-ы «Қоғамдық нормаларға сәйкестік» деп қарайтыны анықталды. Респонденттердің 1%-ы дәстүрлі құндылық дегенді «Ұлттық идеяның жоқтығы», «Ұлттық дәстүрге тән қағидаттарды заман талабына икемдеу» сынды анықтамалармен түсіндіруге тырысқан.

2-кесте. Қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардағы өзгерістерге әсер ететін нақты факторлар?

		Алматы қаласы	Алматы облысы	Жетісу облысы	Жамбыл	Шымкент	Түркістан	Қызылорда	Барлығы
1	Жаһандану	27%	22%	26%	22%	25%	24%	23%	24%
2	Технологиялар және БАҚ	24%	27%	25%	22%	23%	23%	27%	24%
3	Білім және зияткерлік дискурс	19%	16%	22%	24%	21%	19%	19%	20%
4	Демографиялық өзгерістер	10%	13%	7%	9%	11%	11%	11%	10%
5	Әлеуметтік қозғалыстар және белсенділік	12%	13%	12%	13%	10%	13%	10%	12%
6	Тарихи және саяси контекст	8%	9%	8%	9%	9%	10%	9%	9%
7	Басқа	0%	0%	0%	1%	1%	0%	1%	1%
	Барлығы	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

Қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардағы өзгерістерге әсер ететін нақты факторларға респонденттердің 24%-ы «Жаһандану» деп санайды. Респонденттердің 24%-ы қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардағы өзгерістерге әсер ететін нақты факторларға «Технологиялар мен БАҚ-ты» жатқызады. Респонденттердің 20%-ы «Білім және зияткерлік дискурс» дәстүрлі құндылықтарды өзгертеді деп санайды. Қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың өзгеруіне әсер ететін нақты факторға респонденттердің 10%-ы «Демографиялық өзгерістерді» жатқызады.

Әрине, әлеуметтік қозғалыстар мен белсенділік қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды өзгертуде шешуші рөл атқарады. Міне, осы пікірлерді ұстанған азаматтардың пікірі 12%-ды құрайды. Әрине,

тарихи және саяси контекст қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың өзгеруіне айтарлықтай әсер етеді. Респонденттердің 9%-ы осы пікірге келіседі.

3-кесте. Қандай дәстүр және үрдістерді алып тастаған дұрыс деп ойлайсыз? Әр бағаң бойынша белгілеп шығыңыз?

	Қала берсін	Алып тастау керек	Жауап беруге қиналамын	
Тойдағы ішімдік	12%	79%	9%	100%
Қалың мал	62%	30%	8%	100%
Қыздың жасауы	26%	67%	7%	100%
Киіт беру	39%	52%	9%	100%
Барлығы	44%	48%	8%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

Қандай да бір дәстүрлерден бас тарту қажеттілігін анықтау күрделі мәдени, әлеуметтік және этикалық факторларға негізделген күрделі әрі көпөлшемді мәселе. Соған қарамастан, уақыт өте келе кейбір дәстүрлердің қоғамдағы өзектілігі мен функционалдық маңызы төмендейді. Бұл, өз кезегінде, аталған дәстүрлерді сыни тұрғыдан қайта бағалауды немесе қоғамдық тәжірибеден толықтай шығаруды қажет етеді.

Қазақстанда тойларда алкогольді ішу туралы шешім қабылдау әртүрлі факторларға, соның ішінде мәдени нормаларға, діни сенімдерге және жеке қалауларға байланысты жеке таңдау болып табылады. Респонденттердің 79%-ы бұл алкогольді ішімдіктерді алып тастау қажет десе, 12%-ы қала беруіне қарсы емес, 9%-ы жауап беруге қиналады екен.

«Қалың мал» беру дәстүрін респонденттердің 62%-ы бұл ертеден қалыптасқан ерекше дәстүр деп қалдыруды қаласа, 30%-ы «ескіліктің белгісі» деп, алып тастаған дұрыс деп санаса, 8%-ы жауап беруге қиналады екен.

Жасау беру дәстүрін респонденттердің 26%-ы бұл дәстүрді сақталуын қалайды, 67%-ы алып тастаған дұрыс деп санайды, 7%-ы бейтарап қалды. Бұл ертеден келе жатқан дәстүр қазіргі заман талабына сай өзгеріп, сәннен қалмай келеді. Киіт беру дәстүрін респонденттердің 39%-ы бұл дәстүрді сақтап қалуды қаласа, 52%-ы респонденттердің алып тастауды ұсынады, респонденттердің 9%-ы бейтарап ұстанымды қалайды.

4-кесте. Мынадай дәстүрге енген жаңашылдықтың қайсысы қажет деп ойлайсыз? Әр бағаң бойынша белгілеп шығыңыз

	Қажет	Қажет емес	Жауап беруге қиналамын	
Гендер пати	20%	69%	11%	100%
Түрлі түсті кеш	26%	65%	9%	100%
Хеллоуин	21%	73%	6%	100%
Бал айы	55%	35%	10%	100%
Қыздың қолын сұрау – (Тізерлеп сөз салу)	27%	64%	9%	100%
Hens party (девичник)	31%	57%	12%	100%
Торт үрлеу	34%	56%	10%	100%
Әйелдің босануына куйеуінің серіктес болып қатысуы	28%	61%	11%	100%
Хиджаб киімі	27%	55%	18%	100%
Барлығы	30%	59%	11%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

4-кестеде көрсетілген зерттеу барысында респонденттердің қазіргі таңда қолданыстағы дәстүрлерге енген жаңашылдықтардың қажет не қажет еместігі туралы пікірін анықтауға тырыстық. Нәтижесінде, респонденттердің 69%-ы «Гендер пати» қажет емес деп көрсетсе, 20%-ы бұл жаңашылдықты қажет десе, 11%-ы жауап беруге қиналатынын білдірген.

Қазіргі таңда трендке айналған жаңашылдықтың бірі «Түрлі түсті кеш» (Цветная вечеринка). Сұралғандардың 26%-ы қажет деп тапса, 65%-ы қажет емес деп есептейді. Тек, 9% респондент жауап беруге қиналған.

Жаңашылдықтың бірі «Хеллоуинді» 21% респондент қолдаса, 73% респондент қажет емес деп тапқан. Респонденттердің 6%-ы жауап беруге қиналған.

«Бал айын» 55% респондент қажет десе, 35%-ы қажет емес деп есептейді. Респонденттердің 10%-ы жауап беруге қиналған.

«Қыздың қолын сұрау» тізерлеп сөз салуды сұралғандардың 27%-ы керек емес десе, басым бөлігі, яғни, 64%-ы қажет деп көрсеткен. Респонденттердің 9%-ы жауап беруге қиналған.

Hens party-ді (девичник) 31% респондент қолдаса, 57%-ы біздің дәстүрімізге жат екендігін көрсетіп отыр. Ал, 12%-ы жауап беруге қиналатынын білдірген.

Торт үрлеуді респонденттердің басым бөлігі 56% қолдамайтынын білдірген. Әйелдің босануына күйеуінің серіктес болып қатысуын 61% респондент қолдамайтынын білдірсе, 28%-ы қолдайтындарын айтқан.

Хиджаб киіміне қатысты нұсқада респонденттердің 27%-ы қажет деп есептесе, 55%-ы бұл киімді қабылдамайтындығын көрсетіп отыр. Тек, 18%-ы респондент жауап беруге қиналатынын білдірген.

5-кесте. Сіздің ойыңызша, жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағынан не күтесіз?

		Алматы қаласы	Алматы облысы	Жетісу облысы	Жамбыл	Шымкент	Түркістан	Қызылорда	Барлығы
1	Дәстүрлі мәдениетті сақтап қаламыз.	23%	16%	29%	26%	25%	21%	21%	23%
2	Мәдениет институттары жаңа заман талаптарына сәйкес дамиды.	31%	20%	27%	34%	25%	19%	25%	26%
3	Гибридті мәдени формалардың пайда болуына әкеледі.	15%	17%	9%	13%	15%	9%	14%	13%
4	Дәстүрлі мәдениетті сақтай алмаймыз.	11%	17%	24%	9%	14%	15%	13%	15%
5	Жаһандық экспозиция және туризм дамиды.	10%	13%	7%	6%	9%	16%	13%	10%
6	Тұтынушылық қоғам, шынайы қарым-қатынасты жоғалтамыз.	9 %	15 %	4 %	11 %	11 %	19 %	13 %	12%
7	Басқа	1%	2%	0%	1%	1%	1%	1%	1%
	Барлығы	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

5-кесте зерттеу нәтижесі бойынша, жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағынан не күтетінін анықтауға тырыстық. Сұралғандардың 26%-ы «Мәдениет институттары жаңа заман талаптарына сәйкес дамиды» деп ойласа, 23%-ы «Дәстүрлі мәдениетті сақтап қаламыз» деп есептейді. Респонденттердің 15%-ы «Дәстүрлі мәдениетті сақтай алмаймыз» және 13%-ы «Гибридті мәдени формалардың пайда болуына әкеледі» деген пікір білдірген. Респонденттердің 12%-ы «Тұтынушылық қоғам, шынайы қарым-қатынасты жоғалтамыз» және 10%-ы «Жаһандық экспозиция және туризм дамиды» деген пікір білдірген.

Талқылау

Бұл бөлімде қоғамның дәстүрлі құндылықтарға қатысты түсініктерін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік

сауалнама нәтижелері сарапталады. Жиналған эмпирикалық деректер негізінде респонденттердің мәдени нормаларды қабылдау деңгейі мен олардың аксиологиялық мәніне талдау жасалды.

Жалпы дәстүрлі құндылықты салт-дәстүрмен байланыстыру оңтүстік өңірлердің барлығына тән екендігін 1-кестеден көруге болады. Зерттеу нәтижесінде дәстүрлі құндылықтардың дәстүр ұғымымен тығыз байланысты екенін байқадық. Осылайша, дәстүрлі құндылықтар мен дәстүр бір-бірімен астасып жатыр, ал дәстүрге «Үлкенді сыйлау, құрметтеу», «Ұлттық тәрбие» және «Отбасылық ұстаным» жатады. Бұл қазақ қоғамында дәстүрлі құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа берілуі мен сақталуының құралы ретінде қызмет етеді. Бұл ұғымдар үлкенге құрмет, ұлттық тәрбие және отбасылық ұстаным, көбінесе қоғамдастықтағы әлеуметтік бірлік пен тұрақтылықты нығайту үшін маңызды болып саналады.

Зерттеу барысында «Ана тілінде сөйлеу» факторын іргелі дәстүрлі құндылық ретінде бағалайтын респонденттердің Қазақстандағы көптілділік саясатына белгілі бір деңгейде сақтықпен қарайтыны байқалды. Мемлекеттің білім беру кеңістігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілгенімен, сауалнамаға қатысушылар ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында ең алдымен ана тілінің мәртебесіне басымдық беруді жөн санайды.

Бұл тенденция сапалық зерттеу барысында алынған сұхбаттардан да көрініс тапты. Мәселен, Қызылорда қаласынан қатысқан 38 жастағы респондент бұл мәселеге қатысты өз ұстанымын былайша тұжырымдады: «Тілді тек ақпарат алмасу құралы ретінде қарастыруға болмайды, ол ұлттық сәйкестігіміздің негізі. Жаһандану жағдайында үш тілді меңгерудің қажеттілігін түсінгенімізбен, ана тіліміздің қоғамдық-саяси мәртебесі төмендеп, тек тұрмыстық деңгеймен шектелуі ұлттық болмысымызға қауіп төндіреді».

Бұлардың қатарына дәстүрлі құндылық деп «Нанымдар мен әдет-ғұрыптар», «Ұлттық киім», «Қоғамдық нормаларға сәйкестік» деп қарайтын респонденттерді де жатқызуға болады.

Бұл жауаптардан оңтүстік өңірлерде қазақы болмыстың сақталғандығын растай алады және дәстүрлі құндылықтың адам өміріндегі маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан эмпирикалық деректер оңтүстік өңірлер тұрғындарының аксиологиялық бағдарында жаһандық либералды-индивидуалистік құндылықтарға қарағанда, дәстүрлі әлеуметтік нормалар мен ұжымдық консерватизмнің әлдеқайда жоғары бағаланатынын көрсетті.

Түркістан қаласының тұрғыны, 54 жастағы респондент жаңа технологиялар мен дәстүр сабақтастығы жөнінде: «Біз үшін отбасы мен үлкенді сыйлау жай ғана әдет немесе формальдылық емес, ол біздің кім екенімізді анықтайтын құндылығымыз. Қазіргі технологиялық экспансия адамды кейде өз мәдени негізінен үзіп тастайтындай көрінеді».

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері елімізде әлі де болса дәстүрлі құндылықтардың басымдығын және оның қоғам өміріндегі маңыздылығын көрсетіп отыр. Бұл құндылықтар қоғамда мәнділігі мен көрінісі бойынша түрлі болуы мүмкін, бірақ олар ұжымдық түрде дәстүрлі нормалар мен тәжірибелерді сақтауға ықпал етеді. Әсіресе жастар арасында ұлттық психологиямыздың дұрыс бағытта қалыптасуында осы дәстүрлі құндылықтарымыздың алатын орны өте маңызды.

Зерттеу нәтижесі бойынша 2-кесте деректері дәстүрлі құндылықтар жүйесінің трансформациясына ықпал ететін негізгі фактор ретінде «Жаһандану» үдерісін көрсетеді. Аксиологиялық тұрғыдан алғанда, жаһандану тек экономикалық немесе саяси интеграция емес, ол ұлттық мәдени кодты унификациялауға бағытталған экспансиялық құбылыс. Зерттеу нәтижелері респонденттердің жаңа нормаларды қабылдауға іштей қарсылығын және дәстүрлі бірегейлікті сақтап қалуға ұмтылысын анықтады. Бұл ұстаным сапалық зерттеу барысында Жамбыл қаласынан қатысқан 42 жастағы респонденттің пікірінен де байқалады: «Жаһандану бізге үлкен мүмкіндіктер әкелгенімен, рухани жағынан жұтып қоя ма деп қорқамын. Шексіз ақпарат пен шетелдік трендтерге ашықпыз деп, өзіміздің ішкі өзегіміздің, ұлттық діліміздің бөлініп қалмауымыз керек».

Келесі кезекте, құндылықтар парадигмасын өзгертуші басты фактор ретінде технологиялық прогресс пен медиа-кеңістік

танылған. Шын мәнінде, технология жалаң құрал емес. Ол адамның әлеммен қарым-қатынасын, танымдық шекараларын және қоғамдық болмысын қайта құрылымдайтын қуатты күш. Технологиялық детерминизм аясында білім беру, интеллектуалды дискурс, демографиялық ауысымдар мен әлеуметтік қозғалыстар жаңаша сипатқа ие болды. Ақпараттық ағынның шексіздігі сыни ойлауды ынталандырғанымен, қоғамдағы дәстүрлі авторитет пен иерархияны элиминациялауға алып келді. Дәстүр мен технологиялық даму арасындағы бұл диалектикалық қайшылықты Алматы қаласының тұрғыны, 60 жастағы респондент ұрпақтар сабақтастығы тұрғысынан өте дәл сипаттайды: «Қазіргі жастардың басты тәрбиешісі, қолдарындағы смартфон мен әлеуметтік желілер. Бұрын ақылды үлкеннен сұраса, қазір интернеттен іздейді. Технология өмірді жеңілдеткенімен, ол ұрпақтар арасындағы көзге көрінбейтін рухани байланысты, үлкенге деген дәстүрлі ілтипатты үзіп жатқандай сезіледі».

Талдау нәтижелері көрсеткендей, қоғамдық құндылықтардың өзгеруіне негізгі түрткі болатын күш технологиялық даму. Ол ақпараттық кедергілерді жойып, жаһандануды жеделдетеді және қоғамдық жүйелердің жаңаруына тікелей ықпал етеді. Дегенмен, қоғам тұрақты дамуы үшін жаңашылдық пен дәстүрлі сабақтастықтың өзара үйлесімі қажет деп ойлаймыз. Себебі дәстүрлі негізден толықтай қол үзу ұлттық болмысымызға қауіп төндіреді. Сондықтан технологиялық даму-ды дәстүрлі құндылықтардың өзгеруіне әсер ететін басты фактор деп атауға болады.

3-ші кесте бойынша қандай дәстүрлерді алып тастау керектігін анықтау күрделі және субъективті мәселе. Себебі бұл көбінесе мәдени, әлеуметтік және этикамен байланысты. Дегенмен кейбір дәстүрлердің қажеттілігі азайып және қайта бағалауды немесе алып тастауды талап етеді.

Қазақстанда тойларда алкогольді ішімдік ішу үрдісі туралы шешім қабылдау түрлі факторларға, соның ішінде мәдени нормаларға, діни сенімдерге және жеке қалауларға байланысты жеке таңдау болып табылады. Әлемдік статистикалық деректер Қазақстанда алкоголь тұтыну деңгейі Орталық Азия елдері арасында ең жоғары екенін көрсетеді. Адам басына шаққандағы жылдық тұтыну шамамен 5,4 литр таза алкогольді құрайды, бұл көрсеткіш Қырғызстан 3,9 литр мен Өзбекстанға 2,1 литр қарағанда едәуір жоғары. Сонымен бірге аймақтағы жалпы алкоголь тұтыну деңгейі әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда төмен болып отыр, бұл көбіне мәдени нормалармен байланысты түсіндіріледі [19].

Эмпирикалық мәліметтер көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі салт-дәстүрлік және мерекелік кеңістіктен алкогольді ішімдіктерді толықтай ығыстыруды қалайды. Бұл тенденция, біріншіден, қоғамдағы діни нормалардың белсенділігімен және оның құндылықтық ықпалының артуымен тікелей байланысты. Екіншіден, отандық әлеуметтік-мәдени болмыста «қалыпты тұтыну мәдениетінің» болмауы алкогольдің әлеуметтік-деструктивті салдарын үдетуде. Сәйкесінше, бұл мәселені шешу парадигмасы ішімдікті ұжымдық-міндетті атрибут ретінде таңудан бас тартып, тұтыну процесін тұлғаның физиологиялық саулығына және жеке ұстанымына негізделген рационалды-индивидуалды таңдау деңгейіне көшіруді талап етеді.

Қазіргі қоғамда кейбір салт-дәстүрлердің бастапқы құндылықтық мазмұнынан айырылып, коммерциялану үрдісі байқалады [20, 2 б]. Мұның эмпирикалық көрінісі оңтүстік өңірлерді институционалдық тұрақтылығын сақтаған «қалың мал» беру дәстүрі. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл ритуал қазіргі таңда рухани-туыстық байланыстарды бекітуден гөрі, күйеу жігіт отбасының әлеуметтік-экономикалық статусы анықтайтын индикаторға айналған. Респонденттердің басым көпшілігінің бұл тәжірибені тарихи-мәдени мұра ретінде легитимизациялауға ұмтылуы қоғамдағы дәстүрлі сананың басымдығын көрсетеді. Ал азшылықтың оны экономикалық ауыртпалық тудыратын «архаизм» деп танып, деконструкциялауды жақтауы дәстүрге қарсы бағытталған прагматикалық-модернизациялық ықпалы деп санаймыз.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның негізі неке институты арқылы бекітілетін туыстық қатынастар. Осы жүйенің іргелі элементі саналатын «қыз жасауы» тарихи тұрғыдан көшпелі түркілердің қатаң тұрмыстық

жағдайындағы қажеттіліктен туындаған. Алайда, қазіргі заманауи қоғамда бұл дәстүрдің бастапқы экономикалық функциясы өз маңызын жоғалтуда. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі дәстүрді толық жоққа шығармағанымен, оны ауқымды материалдық кешеннен тек рәміздік атрибут деңгейіне дейін трансформациялауды қалайды. Себебі, қазіргі жастар тұрмыстық дербестігі мен базалық қажеттіліктерімен қамтамасыз етілгендіктен, қаржылық мәселе болып саналатын жасау жинау тәжірибесі өзінің функционалдық өзектілігінен айырылып отыр. Яғни, үйленетін жастардың тұрмыстіршілігі тұрақты, үй жаймен қамтамасыз етілсе, көрпе-төсектен бастап, қажетті үй жиһаздары, тұрмыстық техникалар, тұтынуға қажетті сервистік заттарды қамтитын кешеннің қажеттілігі жоқ деп ойлайды.

«Киіт беру» үйленген екі жастың ата-аналарының арасында жасалатын дәстүр. Екі жастың ата-анасына, оның туыстарына берілетін сыйлықтар. Бұл көбінесе киімдер түрінде болады. Киімдер сыйлауды респонденттер алып тастауды ұсынады. Алайда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттер бұл дәстүрдің біріктіруші-дипломатиялық мәнін жоққа шығармағанымен, оның тікелей материалдық формасынан толықтай бас тартуды ұсынады. Демек, қазіргі қоғамда дәстүрдің интеграциялық мақсаты сақталғанымен, оны жүзеге асырудың шығынға негізделген тәжірибесі прагматикалық тұрғыдан қайта бағалануды қажет етеді.

Сондықтан респонденттер басым бөлігі бұл дәстүрді де алып тастағанды дұрыс деп санайды. Себебі, бұл да азаматтарды материалдық тұрғыда қаржылық шығынға әкелетін үрдіс. Тіпті, кейде бәсекелестікке ұласқан сайын, мұның да шығын көлемі арта түседі. Бұл екі отбасыға да жасалуы тиіс міндеттелген үрдіс болғандықтан, сыйлықтардың барлығы айырбас түрінде жасалады. Оңтүстік өңірлерде бұл шығындар банктерден кредит алу арқылы жасалады. Ал экономикалық тұрғыда келсек, сыйлыққа берілетін заттардың барлығы шетелдік өнімдер болғандықтан, қаражаттың барлығы шетелге кететін болғандықтан, тиімсіз деп ойлаймыз. Егер, бұл заттардың барлығы Қазақстанда жасалып, отандық айналымында жүрсе, бұл дәстүрдің отандық экономикаға пайдасы болар еді. Осы орайда, Шымкент қаласынан қатысқан 45 жастағы респонденттің пікірі мәселенің экономикалық астарын дәл көрсетеді: «Біз салт-дәстүрдің мағынасын ұмытып, оны жай ғана тауар-ақша қатынасына айналдырып жібердік. Қалың мал мен қыз жасауы қазір жаңа құрылған отбасына көмек емес, құдалар арасындағы кімнің мықты екенін көрсететін жасанды статусқа айналды. Бұл жастардың болашағына емес, тек амбицияға жұмыс істейді».

Той туыстарды жинап отыруға мүмкіндік беретін, жаңа туыстық қарым-қатынас орнату рөлін атқаратын бірден-бір бейресми институт десек болады. Осы себептен де біздің қоғам үшін той өте маңызды. Дәстүр бойынша ата-анаға той жасап беру міндет. Осыған байланысты көптеген ата-аналар несие алып той жасайды. Бұл несиені төлеп жүре беруі мүмкін, есесіне ортасынан жағымсыз пікір көп естімейтін болады. Бұған қоғамдағы «Бәсекелестік» әсер етеді деп санаймыз. Респонденттер пікірінше, Қазақстандық азаматтардың бәсекеге қабілеттілігі, бұл өте қажетті жағымды тенденция. Ал жағымсыз тұсы, азаматтардың той жасаудағы бәсекеге түсуі. Бұл азаматтарды біз нарықтық адам типіне жатқызамыз. Себебі, бұл азаматтар тұтынушылық қоғамда материалдық тұрғыда басқалардан қалмау үшін үнемі жарысып отырады. Көбінесе, мұның барлығы банктен кредит алу арқылы істеледі. Банк өте қымбат пайызбен кредиттер берді. Нәтижесінде мақсатсыз кредит алғандар әлеуметтік-психологиялық күйзелістерге түседі. Олар халықтың елеулі бөлігін құрайтындықтан, бұл тенденция қоғамдық-экономикалық тұрақтылықты әлсіретіп, ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін шекке тірелді. Негізінен басты себеп «Қаржылық сауатсыздық» болып табылады. Тапқан табысты ретсіз жұмсау, адамның күнкөріс деңгейін төмендететін негізгі фактор. Жамбыл қаласынан қатысқан 39 жастағы респондент мұны былай бағалайды: «Той жасау немесе құда күту біз үшін қуаныш, әрі міндет болып қалды. Ел не дейді деген сөздің кесірінен талай отбасылар банкке қарыз болып, жылдар бойы соның тауқыметін тартады. Біз дәстүрді сылтауратып, өзімізді-өзіміз экономикалық құлдыққа салып жатырмыз».

«Той мәдениеті» тікелей әкімшілік немесе жасанды нормативтік реттеуге бағынбайтын, күрделі өзін-өзі реттейтін әлеуметтік-мәдени институт болып табылады. Ал жалпы дәстүрлер жүйесіне келетін болсақ, олар қатып қалған статикалық догма емес. Керісінше, қоғамның тарихи және прагматикалық қажеттіліктеріне сәйкес үздіксіз бейімделіп өтіп отыратын, заман талабына икемді әрі өміршең конструкт болып табылады. Осыған байланысты Алматы қаласының 52 жастағы тұрғыны былай дейді: «Дәстүр бір орында тұрып қалған, өзгермейтін қағида емес. Ол заман ағымына қарай икемделіп, жаңарып отыруы тиіс. Егер қайсыбір салтымыз бүгінгі дамуымызға кедергі болып, қоғамға зиянын тигізсе, одан бас тарту ұлттық құндылықтарды жоғалту емес. Керісінше, бұл ұлттың іштей тазарып, заманауи деңгейде сақталып қалуының амалы деп түсінуіміз керек».

Дегенмен, дәстүрлерді алып тастау туралы мәселені шешкенде, қоғамның тарихи, мәдени және әлеуметтік контекстін ескеру маңызды. Кейбір дәстүрлерді сақтап қалу мәдени мұра мен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет болуы мүмкін [21, 7 б].

Сайып келгенде, дәстүрлерді жоюға немесе өзгертуге сезімталдықпен және мәдени әртүрлілікке құрметпен қарау керек, сонымен бірге адам құқықтары, теңдік, экологиялық тұрақтылық және этикалық ойларға басымдық беру керек. Ол көбінесе зиянды дәстүрлерге қарсы тұру және оң әлеуметтік өзгерістерге ықпал ету үшін қоғамдастықтың қатысуын, білім беруді және диалогты қамтитын бірлескен күш-жігерді қажет етеді.

4-кесте бойынша зерттеу барысында респонденттердің қазіргі таңда қолданыстағы дәстүрлерге енген жаңашылдықтардың қажет немесе қажет еместігі туралы пікірін анықтауға тырыстық.

Нәтижесінде, респонденттердің көпшілігі «Гендер пати» қажет емес деп көрсетсе, азғантай бөлік бұл жаңашылдықты қажет десе және жауап беруге қиналатынын білдірген.

Баланың жынысын анықтау кеші болашақ ата-аналар құрсақтағы сәбиінің жынысын достары мен туыстарына жариялау үшін өткізетін Америка құрама штаттарында пайда болған мереке. Бұл іс-шаралар соңғы жылдары Қазақстанда да танымал болды және әдетте баланың жынысын анықтаудың шығармашылық әдістерін қамтиды.

Бұл жаңадан енген жаңашылдық қазақ қоғамында бұрындары «Құрсақ той» деген дәстүріміз болатын. Аяғы ауыр әйелге тек отбасы болып емес, қоғам болып күтім жасаған. Туыстарын шақырып, келіннің аяғы ауыр екендігін айту мақсатында құрсақ той жасайтын болған. Тек әйелдер қатысады. Сауықсайран құрып, ән айтылып, би де биленеді. Баланың аман-есен дүниеге келуіне тілектерін арнайды. Қазіргі таңда құрсақ тойды осы «Гендер пати» алмастырып отыр. Қазіргі таңда трендке айналған жаңашылдықтың бірі «Түрлі түсті кеш». Сұралғандардың аз бөлігі қажет деп тапса, көпшілігі қажет емес деп есептейді.

Жаңашылдықтың бірі «Хеллоуинді» де аз респондент қолдаса, басым көпшілігі қажет емес деп тапқан. Батыс елдерінде Хэллоуин көптеген адамдар үшін қауымдастықтарды біріктіретін мәдени дәстүр. Ол шығармашылыққа, өзін-өзі көрсетуге және мерекелеуге мүмкіндік береді. Дегенмен Қазақстанның дәстүрлі қоғамы үшін, наным-сенімдеріне сәйкес келмейтін жат құндылық болып саналады. Қазақстанда Хэллоуин әлі де танымал емес. Көбінесе, мереке түнгі клубтарда тойланады. Бұл күні костюм киген барлық адамдарға кіру тегін. Ал ең жақсы костюмге байқаулар өткізіледі. Біздің елде Хэллоуин сәтті PR-акцияға және түнгі клубтардың ақша табуына арналған құралға айналған. Осы шараны тек студенттер мен клуб саласының өкілдері үлкен көлемде атап өтеді. Бұл аксиологиялық қайшылықты Түркістан қаласының тұрғыны, 45 жастағы респондент былайша тұжырымдайды: «Хэллоуин біздің діліміз бен танымымызға мүлдем қабыспайтын образбен жүру, біздің қасиетті ұғымдарымызды жоққа шығарумен тең. Шын мәнінде, бұл жай ғана клуб иелерінің жастардың қалтасынан ақша қағу үшін ойлап тапқан жасанды бизнесі. Өзіміздің тамыры терең ұлттық мейрамдарымыз тұрғанда, мұндай мағынасыз шетелдік көшірмелер ұлттық кодымызды бұзады».

Ал қызық тұсы бұрын қазақ қоғамында болмаған жаңашыл дәстүр «Бал айын» респонденттердің көпшілігі қажет деп есептейді екен. Дәстүрлі түрде жас жұбайлар

романтикалық сапарға аттанатын үйлену тойынан кейінгі кезең ретінде анықталған бал айы әлемнің көптеген қоғамдарында ұзақ уақыт бойы мәдени маңызды рәсім ретінде қарастырылады. Бал айының тәжірибесі ғасырлар бойы басталғанымен, оның заманауи көріністері мен негізгі мотивтері әлеуметтік нормалардағы, экономикалық факторлардағы және саяхат үрдісіндегі өзгерістермен қатар дамыды. Қазақтардың жастар тойындағы дәстүрлі рәсімдері психологиялық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық өлшемдерді қамтитын құбылыс. Сондықтан заманауи жастар осы романтикалық демалыс түрін қалап, сәнге айналдыра бастады. Дегенмен, бұған әлеуметтік жағдайы жоғары, заманауи типтегі отбасылар болмаса, дәстүрлі типтегі отбасыларында баруға немесе мұны құндылық деп санамайды.

Тағы сондай жаңашылдық жігіттің қызға үйленер алдындағы ұсыныс рәсімі «Қыздың қолын сұрау» тізерлеп сөз салуды сұралғандардың басым бөлігі қажет деп көрсеткен. Дәстүрлі қазақ қоғамында бұл үдеріс «сырға салу», «құда түсу» сияқты ұжымдық-туыстық институттардың тікелей қатысуымен жүзеге асатын. Алайда қазіргі қоғамның бұл жаңашылдықты құптауы оның либералды-индивидуалды сипатымен түсіндіріледі. Яғни, бұл еркін формат некелік шешім қабылдау процесін аға буынның ұжымдық монополиясынан шығарып, жастардың дербес таңдауына негіздейді.

Ал дәстүрлі танымда ер адамның тізе бүгуі әлеуметтік-гендерлік иерархиядағы мәртебенің төмендеуі немесе бағыну ретінде қабылданып, қарсылық тудырады. Яғни, дәстүрлі қазақ қоғамында бұл наразылық туындатуда. Ер азаматтардың қыздың алдында тізесін бүгіп, басын июі салтымызда жоқ және намысқа тиеді деп санайды. Ал жаңашыл бағыттағылар үшін бұл әрекет эмоционалдық жақындық пен серіктестікке негізделген сезімнің рәміздік актісі. Бұл жаһандық және локальды құндылықтар арасындағы когнитивті диссонансты Алматы облысынан қатысқан 27 жастағы респондент былайша түсіндіреді: «Біз екі әлемнің ортасында өмір сүріп жатырмыз. Батыстың романтикалық үлгілері фильмдер арқылы санамызға сіңген. Қызға ұсыныс жасағанда тізерлеу, мен үшін бағыну емес, құрметтің белгісі. Бірақ ауылдағы үлкендер мұны еркектің намысы тапталғандай қабылдайды. Біз үшін бұл жай ғана әдемі көрініс, олар үшін дәстүрдің бұзылуы».

Себебі, жаһанданумен бетпе-бет келгенде, жергілікті қауымдастықтар өздерінің қайталанбас құндылықтары туралы көбірек сезінеді және өздерінің мәдени ерекшеліктерімен мақтана алады [19, 2 б]. Дегенмен бұл құбылыс та, отбасын құру үдерісінің ұжымдық-туыстық келісімге негізделген дәстүрлі формадан, жеке тұлғалардың эмоционалды-тең құқылы таңдауына басымдық беретін модернизациялық трансформациясын көрсетеді.

Ал «Қызойнақ» (Hens party) форматының енуі мен оған деген қоғамдық әсері жаһандану үрдісі мен ұлттық бірегейлікті сақтау ұмтылысының арасындағы аксиологиялық қақтығыстың көрінісі десек болады. Этнографтардың бұл құбылысты жоққа шығаруы қоғамның дәстүрлі құндылықтарды қорғауға бағытталған реакциясы ретінде көрінсе, оның жастар арасында таралуы құндылықтар жүйесіндегі индивидуализм мен жаңа әлеуметтік байланыстарға деген сұраныстың артуымен түсіндіріледі. Демек, бұл құбылыс қоғамдағы мәдени құндылықтардың біржақты жойылуы немесе жаңаруы емес, керісінше, дәстүр мен жаңашылдықтың қатар өмір сүріп, өзара әрекеттесетін күрделі трансформациялық өтпелі кезеңін бейнелейді.

Туған күн жасау кезіндегі «Торт үрлеуді» респонденттердің басым бөлігі қолдамайтынын білдірген. Мұнда жаһандық перформативті-тұтынушылық мәдениет пен дәстүрлі қоғамның тағамға қатысты сакральды ұстанымы арасындағы аксиологиялық қайшылық барын байқадық. Себебі, батыстан келген құндылық туған күнінде тілек тілеп, торттың балауызын үрлеу, енді бетіне торт кремін жағу қазақ қоғамына енді. Мұны дәстүрлі қазақ қоғамы ысырапшылдық деп санайды. Ал бұл жаңашылдықты визуалды эффектілер мен жеке эмоциялық экспрессия арқылы атап өтуге бағытталған әрекет деп санайтындар да бар.

Әйелдің босануына куйеуінің серіктес болып қатысуын да респонденттер

қолдамайтынын айтқан. Батыстан келген бұл мәдениет ретінде Қазақстанда жүкті әйелдердің босанарда жанына серік есебінде күйеуін алып кіруі қалыпты жағдайға айналып барады. Алайда оған қоғамның көзқарасы екіге жарылған. Дәстүрлі қоғам бұған қарсы. Серіктеспен бала босану қашаннан қазақтың салт-дәстүріне, менталитетіне жат нәрсе. Дәстүрлі қоғамда ер-азаматтар әйелдердің бала босануына мүлдем араласпайды. Бұл туралы Түркістан қаласының тұрғыны, 47 жастағы респондент былай дейді: «Қазақ әйелінің босануы, ол құпия, қасиетті процесс. Оған еркектің қатысуы отбасындағы әйел мен еркек арасындағы табиғи сыйластықты жояды. Еуропаның психологиясы біздің генімізге сәйкес келмейді. Біз жаңашылдықтың бәрін талғаусыз қабылдай бермеуіміз керек».

Хиджаб киіміне және оған қатысты қоғамдық дискурс ұлттық бірегейлік, зайырлы нормалар және діни сәйкестік арасындағы күрделі құндылықтық қақтығыстар бары байқалды.

Респонденттер бұл киім үлгісінің қазақ қоғамына жат екендігін көрсетіп отыр. Қоғамның жаппай жаһандану үрдісіне ілесуі салдарынан ұлттық киім үлгілері шеттетіліп, сырттан келген діни атрибутикамен толығуы қоғамда тарихи-мәдени диссонанс туындатуда. Сонымен қатар, елдегі кейбір деструктивті діни ағымдардың ықпалын да ұмытпауымыз керек. Себебі, жат діни атрибутиканы тұтыну әрдайым индивидуалды таңдаудың нәтижесі бола бермейді. Ол көбінесе отбасылық, микроәлеуметтік немесе жабық діни орта тарапынан болатын тікелей немесе жанама қысымның әсері болуы да ықтимал. салдары болуы ықтимал. Осы себепті, хиджаб киген әйелдер кейде исламофобия мен дискриминацияға ұшырайды және мұсылман әйелдерге қарсы стереотиптер басым болып табылады. Бұл мәселелердің барлығы хиджаб киюдің өзін емес, оны кию немесе киюге мәжбүр болу контекстін және осы мәселелердің айналасындағы әлеуметтік, саяси және мәдени аспектілердің барын көрсетеді.

Сондықтан, діни киім тек сенімнің жеке белгісі шеңберінен шығып, тұлғалық еркіндік және құрылымдық мәжбүрлеудің қиылысатын саяси-әлеуметтік конструктысына айналған. Демек, қоғамдағы шиеленіс пен стигматизация тікелей діннің өзіне емес, қоғамдағы діни жаңғыру формалары, ұлттық кодты сақтау инстинкті және зайырлы қауіпсіздік механизмдері арасындағы тепе-теңдікті талдау жұмыстарын жүргізу керек.

Бұл сұрақтар бойынша жалпы оңтүстік өңірлердің тұрғындарының жаңадан енген дәстүрлерді аса қолдай бермейтіндіктерін аңғаруға болады. Себебі оңтүстік өңірлердегі дәстүрлі отбасылық институттардың беріктігі жаһандық мәдени трансляцияға қарсы қорғаныс механизмі ретінде қызмет етеді. Ал ғаламтор, халықаралық білім көші-қоны және транснационалды медиа сияқты жаңашылдық агенттері ақпараттық жаһанданудың негізгі катализаторлары болып табылады. Бұл үрдіс қоғамда мәдени гомогенизация мен ұлттық бірегейлікті сақтау арасындағы аксиологиялық дилемманы тудырады. Демек, қазіргі қоғамдағы мәдени қауіпсіздік оқшауландыру емес, жаһандық және локальды өлшемдердің синтезін талап етеді. Сондықтан, сыртқы мәдени элементтерді талдай отырып, дәстүр сабақтастығын қамтамасыз ететін тұрақты, гибридті мәдени кеңістік қалыптастыру қажеттілігі байқалады.

5-кестенің зерттеу нәтижесі бойынша респонденттер жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағы түрлі факторларға, соның ішінде саяси шешімдерге, қоғамның көзқарастарына, технологиялық жетістіктерге және дәстүрлі құндылықтардың тұрақтылығына байланысты болады деп санайды.

Сұралғандардың басым көпшілігі «Мәдениет институттары жаңа заман талаптарына сәйкес дамиды» деп ойласа, қалғаны «Дәстүрлі мәдениетті сақтап қаламыз» деп есептейді. Респонденттердің азғантай тобы «Дәстүрлі мәдениетті сақтай алмаймыз» және «Гибридті мәдени формалардың пайда болуына әкеледі» деген пікір білдірген. Респонденттердің «Тұтынушылық қоғам, шынайы қарым-қатынасты жоғалтамыз» және «Жаһандық экспозиция және туризм дамиды» деген пікір білдірген. Талдау нәтижесінде респонденттердің басым көпшілігі дәстүрдің сақталатына сенеді. Қалған респонденттер дәстүр өзгерістерге ұшырайды деп санайды.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның оңтүстік өңірлердегі дәстүршілдік өткенге ұмтылыс емес, ұжымдық бірегейлікті сақтаудың қуатты қорғаныс механизмі ретінде қызмет етеді. Бұл өңірлердегі отбасы институтының беріктігі дәстүрді статикалық мұра ретінде емес, керісінше, мәдениеттің өміршеңдігі мен үздіксіз эволюциясын қамтамасыз ететін негізгі аксиологиялық матрица ретінде бекітеді.

Сонымен қатар, қоғамдағы жастар тарапынан жаһандық мәдениетті түбегейлі жоққа шығару байқалмайды. Олар инновацияларды қабылдай отырып, дәстүрлі архетиптердің ең тиімді элементтерін саналы түрде саралап, өз бойларына сіңіруге бейім екендіктері байқалды. Мұны мәдени дамудың заңды диалектикалық үдерісі десек те, қоғам мүшелерінің нақты әлеуметтік ахуалға байланысты дәстүрлі және заманауи нормаларды қатар қолдануы олардың ситуативті прагматизмге сүйенетінін дәлелдейді.

Мәдени трансформация процесінде экономикалық және технологиялық детерминизм негізгі катализатор ретінде әрекет етеді. Жастардың инновацияларды жедел қабылдауы олардың экономикалық өсім мен технологиялық прогреске бағытталған прагматикалық ұстанымымен, сондай-ақ заманауи мәселелерді шешудегі когнитивті икемділігімен түсіндіріледі [22]. Жаппай цифрландыру жағдайында барлық демографиялық топтар үшін жаңа жүйеге бейімделу объективті қажеттілікке айналды. Осы тұста ұрпақаралық аксиологиялық дифференциация көрініс табады. Аға буын өкілдері тарихи тәжірибеге сүйеніп, дәстүрдің институционалдық тұрақтылығын сақтауға бейім болса, жастар жаңашылдыққа ұмтылады. Дегенмен, ересек буынның бейімделу әлеуеті жеткілікті болғанымен, олар кез келген трансформациялық өзгерістерді сақтықпен бағалайды.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері жаһандық экспансия жағдайында қоғамның іргетасын құрайтын базистік дәстүрлі құндылықтарды толықтай деконструкциялауға жол бермеу керектігін дәлелдейді. Оларды үздіксіз ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдау ұлттық қауіпсіздік пен мәдени бірегейліктің басты шарты. Осыған орай, прагматикалық дамуды көздейтін респонденттер дәстүр мен инновацияның тепе-теңдігін сақтау мақсатында отбасы және негізгі білім беру институттары шеңберінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде жаңғыртуға стратегиялық басымдық беруді ұсынады.

Қорытынды

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі 500-ден астам респондентті қамтыған сандық және сапалық зерттеу нәтижелері дәстүрлі құндылықтар жүйесі мен заманауи әлеуметтік динамика арасындағы күрделі диалектиканы анықтады. Эмпирикалық талдау барысында ұлттық тәрбие мен отбасы институтының мәдени сабақтастықты қамтамасыз етуші іргелі тасымалдаушы ретіндегі маңызы сақталғанымен, әлеуметтік-экономикалық трансформациялар мен прагматикалық қажеттіліктердің ықпалымен қоғамның жекелеген дәстүрлерден ішінара немесе толықтай бас тарту кезеңіне өткені дәлелденді.

Қазіргі қоғамда «қыз жасауы», «киіт кигізу» секілді ритуалдар көп жағдайда өзінің бастапқы әлеуметтік біріктіруші функциясын жоғалтып, керісінше, отбасыларға үлкен қаржылық ауыртпалық түсіретін факторға айналуда. Мұның негізгі себебі қоғамдағы нақты экономикалық мүмкіндіктермен үйлеспейтін демонстративті тұтыну үрдісінің белең алуына және несиеге негізделген жасанды әлеуметтік статус қалыптастыруға ұмтылуға тікелей байланысты. Өз кезегінде, бұл жас отбасылардың әлеуметтік-экономикалық осалдығын арттырып, олардың қарызға батуына және тұрмыстық кикілжіңдердің көбеюіне алып келетін жағымсыз салдарларды туындатады. Осыған орай, зерттеуге қатысқан респонденттердің айтарлықтай бөлігі аталған дәстүрлерді қазіргі уақыт талабына сай келмейтін тәжірибе ретінде танып, оларды прагматикалық негізде қайта бағалау немесе құрылымдық тұрғыдан өзгерту қажеттігін алға тартады.

Дәстүрлі құндылықтар жүйесін заманауи талаптарға бейімдеудегі негізгі шешім қаржылық және ресурстық әлеуетті тікелей адами капиталды дамытуға бағыттау ке-

рек. Егер дәстүрлі қоғамда әлеуметтік статус материалдық шығындар көлемімен өлшенсе, қазіргі кезеңінде ол білім деңгейі мен кәсіби біліктілікке негізделуі тиіс. Бұл құрылымдық ауысымды қамтамасыз ету, ең алдымен, қоғамдағы инвестициялық парадигманы өзгертуді талап етеді, яғни отбасылық бюджетті қысқа мерзімді ритуалдық шараларға шашудың орнына, оны ұрпақтың сапалы білім алуына бағытталған ұзақ мерзімді инвестиция ретінде жұмсауды жаңа әлеуметтік нормаға айналдыру қажет.

Сонымен қатар, бұл ғылыми дүниетанымды интеграциялаумен тығыз байланысты, себебі ұлттық бірегейлікті сақтау тек тарихи өткенді қайталаумен шектелмейді. Ол дәстүрдің моральдық-этикалық өзегін заманауи технологиялық және ғылыми прогресс жетістіктерімен тұрақты түрде біріктіру арқылы ғана толыққанды жүзеге асады.

Қазіргі қоғамдағы мәдени трансформация үдерісі күрделі әрі парадоксальды сипатқа ие. Прагматикалық және экономикалық бағдарланған заманауи құндылықтардың басымдығы артып келе жатқанына қарамастан, дәстүрлі ұжымдық институттардың іргелі элементтері әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуші қызметін жалғастыруда.

Осы диалектикалық қайшылықтар аясында, жаһандану жағдайындағы Қазақстан қоғамы үшін мәдени қауіпсіздік пен тұрақты дамудың оңтайлы парадигмасы әлеуметтік-экономикалық үдеріске тежеу болатын, материалдық шығыны шамадан тыс ритуалдық формалардан саналы түрде бас тартуды көздейді. Бұл үрдіс ұлттық кодты жоғалту емес, керісінше, оны интеллектуалдық капиталға, ғылыми дүниетанымға және рационалды прагматизмге негізделген жаңа сапалық деңгейде модернизациялау.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды және «Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының гендерлік рөлдердің қалыптасуына мәдени құндылықтардың ықпалы: дәстүрлі және инновациялық көзқарастар» ғылыми жобасы аясында дайындалды. Грант AP26101317.

Әдебиеттер тізімі

1 Anderson E. Value in Ethics and Economics. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1993. – 216 p.

2 Shils E. Tradition. – Chicago: University of Chicago Press, 1981. – 327 p.)

3 Eisenstadt S. N. Tradition, Change and Modernity. – New York: State University of New York Press, 2004. – 315 p.

4 Markarian S. Tradition as an Object of System Study // World Futures. – 1992. – Vol. 34. – N 3–4. – P. 156–177. – DOI: https://doi.org/10.1080/02604027.1992.9972302

5 Holmwood J. Functionalism and Its Critics // Modern Social Theory: An Introduction. – Glendale: Scientific Research Publishing, 2005. – P. 87–109.

6 Akaliyski P., Welzel C., Hien J. A Community of Shared Values? Dimensions and Dynamics of Cultural Integration in the European Union // Journal of European Integration. – 2022. – Vol. 44. – P. 569–590.

7 Inglehart R., Baker W. E. Modernization, Cultural Change, and the Persistence of Traditional Values // American Sociological Review. – 2000. – Vol. 65. – P. 19–52.

8 Berger P. L. The Cultural Dynamics of Globalization // Many Globalizations: Cultural Diversity in the Contemporary World / ed. by P. L. Berger, S. P. Huntington. – New York: Oxford University Press, 2002. – P. 1–16.

9 Burton R. D. E. Globalization and Cultural Identity in Caribbean Society: The Jamaican Case // Caribbean Journal of Philosophy. – 2009. – Vol. 1. – P. 1–18.

10 Tomlinson J. Globalization and Cultural Identity // The Global Transformations Reader. – 2003. – Vol. 2. – P. 269–277.

The role of Islam in Kazakhstani identity formation presents additional complexities. While Islam historically formed an important component of Kazakh identity, Soviet secularization policies suppressed religious practice for decades. Post-independence Kazakhstan has witnessed a revival of Islamic practice and identification, though within a framework of state-controlled secularism [25]. The state promotes a moderate, traditional form of Islam as part of national identity while suppressing forms perceived as extremist or foreign, balancing religious revival with secular modernization [26].

Conclusion

The national identity of Kazakhstan represents a distinctive synthesis emerging from the intersection of ethnic Kazakh nationalism, Soviet legacy, demographic transformation, strategic state policies, and contemporary globalization. The analysis reveals that Kazakhstani identity operates simultaneously on multiple levels: ethnic Kazakh identity strengthened through language policy, cultural revival, and demographic change;

civic Kazakhstani identity promoted through inclusive institutions, citizenship, and territorial belonging; and regional identities reflecting Kazakhstan's internal diversity and geopolitical position.

The relative success of Kazakhstan in avoiding the ethnic conflicts that afflicted some post-Soviet states while gradually strengthening national cohesion stems from several factors: pragmatic political leadership that prioritized stability over rapid ethnic mobilization, demographic trends that increased Kazakh predominance without requiring coercive policies, economic development that provided resources for managing diversity, and institutional mechanisms like the Assembly of the People that channeled ethnic politics into controlled forums.

However, significant challenges persist. The tension between civic and ethnic principles remains unresolved, creating ambiguity about the nature of Kazakhstani nationhood. Language policy continues to generate controversy as efforts to strengthen Kazakh encounter practical obstacles and minority concerns. Generational changes, internal migrations, and global influences introduce new dynamics that may destabilize existing compromises.

The theoretical implications of Kazakhstan's case extend beyond the country itself. It demonstrates that post-Soviet nation-building can follow multiple paths, with varying balances between ethnic and civic principles. The concept of «soft ethnic nationalism» or «asymmetric civic nationalism» may better capture the reality of many post-colonial states than pure ideal types of either civic or ethnic nationalism. Kazakhstan's experience suggests that national identity formation is a prolonged process involving continuous negotiation between state policies, demographic realities, historical legacies, and citizen practices.

Looking forward, Kazakhstan's national identity will continue to evolve under the influence of leadership changes, demographic trends, economic developments, and international dynamics. The transition from founding president Nazarbayev to President Tokayev has initiated discussions about national direction and identity narratives. Continued urbanization, generational change, and global integration will shape identity patterns in ways that are difficult to predict. The ongoing challenge will be maintaining national cohesion while accommodating diversity, balancing ethnic Kazakh aspirations with minority rights, and navigating between regional powers and global influences.

Understanding Kazakhstan's national identity formation provides insights into broader processes of nation-building in post-colonial and post-Soviet contexts. It reveals the complexity of constructing national communities in diverse societies, the strategic nature of identity politics, and the enduring tension between particularistic ethnic identities and universalistic civic principles. The case of Kazakhstan demonstrates that national identity is not a fixed essence, but a political project continuously constructed through state policies, social practices, and collective negotiations.

References

1 Kesici Ö. The Dilemma in the Nation-Building Process: The Kazakh or Kazakhstani Nation? // Journal of Central Asian and Caucasian Studies. – 2011. – №6(11). – P. 141–158.

2 Kudaibergenova D.T. The Use and Abuse of Postcolonial Discourses in Post-independent Kazakhstan // Europe-Asia Studies. – 2015. – №67(6). – P. 917–935.

3 Schatz E. Modern Clan Politics: The Power of "Blood" in Kazakhstan and Beyond. – Seattle: University of Washington Press, 2004. – 264 p.

4 Oka N. Ethnicity and Conflicts in Post-Soviet States: Ethnic and Nation-Building Process in Kazakhstan // Journal of Eurasian Studies. – 2013. – №4(2). – P. 195–205.

5 Anderson B. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. – London: Verso, 1983. – 224 p.

6 Brubaker R. Nationalism Reframed: Nationhood and the National Question in the New Europe. – Cambridge: Cambridge University Press, 1996. – 202 p.

7 Smith A.D. National Identity. – London: Penguin Books, 1991. – 198 p.

8 Kolstø P. Territorialising Diasporas: The Case of Russians in the Former Soviet Republics // Millennium: Journal of International Studies. – 1999. – №28(3). – P. 607–631.

9 Isaacs R. Nomads, Warriors and Bureaucrats: Nation-Building and Film in Post-Soviet Kazakhstan // Nationalities Papers. – 2015. – №43(3). – P. 399–416.

10 Cummings S.N. Kazakhstan: Power and the Elite. – London: I.B. Tauris, 2005. – 256 p.

11 Bhavnani R., Lacina B. The Effects of Weather-Induced Migration on Sons of the Soil Riots in India // World Politics. – 2015. – №67(4). – P. 760–794.

12 Martin T. The Affirmative Action Empire: Nations and Nationalism in the Soviet Union, 1923–1939. – Ithaca: Cornell University Press, 2001. – 496 p.

13 Dave B. Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power. – London: Routledge, 2007. – 248 p.

14 Peyrouse S. The Russian Minority in Central Asia: Migration, Politics, and Language // Nationalities Papers. – 2008. – №36(1). – P. 127–143.

15 Akiner S. The Formation of Kazakh Identity: From Tribe to Nation-State. – London: Royal Institute of International Affairs, 1995. – 84 p.

16 Suleimenova E. Language Policy and the Construction of National and Ethnic Identities in Kazakhstan // Minority Rights in Central and East Europe / Eds. B. Bowring, S. Malezer. – London: Routledge, 2011. – P. 159–178.

17 Nazarbayev N.A. Strategy "Kazakhstan-2050": New Political Course of the Established State. – Astana, 2012. – 28 p.

18 Pavlenko A. Russian in Post-Soviet Countries // Russian Linguistics. – 2008. – №32(1). – P. 59–80.

19 Koch N. The 'Heart' of Eurasia? Kazakhstan's Officially Promoted Identity and Urban Development // Central Asian Survey. – 2013. – №32(2). – P. 109–128.

20 Laszczkowski M. 'City of the Future': Built Space, Modernity and Urban Change in Astana. – New York: Berghahn Books, 2016. – 256 p.

21 Cameron S., Orr M. The Life and Death of Zhanaozen: Risk, Liminality, and State Violence in Kazakhstan // Ethnos. – 2012. – №77(1). – P. 1–25.

22 Diener A.C. Kazakhstan's Kin State Diaspora: Settlement Planning and the Oralman Dilemma // Europe-Asia Studies. – 2005. – №57(2). – P. 327–348.

23 Werner C.A. The New Silk Road: Mediators and Tourism Development in Central Asia // Ethnology. – 2003. – №42(2). – P. 141–159.

24 Fierman W. Identity, Symbolism, and the Politics of Language in Central Asia // Europe-Asia Studies. – 2009. – №61(7). – P. 1207–1228.

25 McGlinchey E. Islamic Leaders in Uzbekistan // Asia Policy. – 2009. – №8(1). – P. 31–54.

26 Malashenko A., Olcott M.B. Islam on the Post-Soviet Border. – Washington, DC: Carnegie Endowment for International Peace, 1999. – 156 p.

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Burkitbayev Zhaskairat — PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, email: zhaskairatburkitbayev@gmail.com

Ayhan Kaya — PhD., Professor of Political Science, Istanbul Bilgi University, Istanbul, Turkey, email: ayhan.kaya@bilgi.edu.tr

Буркитбаев Жаскайрат Газымович — докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: zhaskairatburkitbayev@gmail.com

Айхан Кая — PhD, саясаттану профессоры, Istanbul Bilgi университеті, Стамбул, Түркия, email: ayhan.kaya@bilgi.edu.tr

Буркитбаев Жаскайрат Газымович — докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика Казахстан, email: zhaskairatburkitbayev@gmail.com

Айхан Кая — PhD, профессор политологии, Университет Istanbul Bilgi, Стамбул, Турция, email: ayhan.kaya@bilgi.edu.tr

ҒТАХР 11.25.33 https://doi.org/10.48010/aa.v28i1(107).830

АВРААМ КЕЛІСІМДЕРІ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР

Ж.А. Сарсенбеков, А.Б. Монтаев, Ж.Е Турекулова

АҢДАТПА

Мақалада 2020 жылдан бастап бірқатар араб мемлекеттері мен Израиль арасында жасалған Авраам келісімдерінің алғышарттары, мазмұны мен мәні, сонымен қатар оның қазіргі кезеңдегі жүзеге асырылу барысы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – аталған келісімдердің Таяу Шығыстағы геосаяси үдерістерге, аймақтық қауіпсіздікке және ынтымақтастықтың жаңа форматтарының қалыптасуына ықпалын бағалау. Зерттеу барысында салыстырмалы-талдау әдісі негізінде аталған келісімдерге қатысты сыртқы акторлардың көзқарасы айқындалып, келісімге қосылмаған өзге араб мемлекеттерінің саяси ұстанымдарына талдау жүргізіледі. Зерттеу нәтижелері Авраам келісімдерінің түбегейлі жаңа дипломатиялық бастама емес, тараптар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған ұзақ жылдық күш-жігердің жалғасы және Израильдің аймақтық держава ретіндегі ұстанымын күшейтуге бағытталған қадам екенін көрсетеді. Сонымен қатар, келісімдер Америка Құрама Штаттарының тарапынан ұсынылған «Жаңа Таяу Шығыс» тұжырымдамасының жаңартылған нұсқасы ретінде қарастырылады. Араб-еврей қатынастарын реттеуде және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесінде бірыңғай саяси ұстанымның қалыптаспағаны анықталады. Келісімдердің идеялық негізі бейбітшілікке қол жеткізудің басты тетігі ретінде өзара тиімді экономикалық байланыстарды дамыту қағидатына сүйенеді. Осы тұрғыда геоэкономикалық ынтымақтастық Таяу Шығыстағы геосаяси қарсыластықты төмендетуге бағытталған прагматикалық қадам ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: Таяу Шығыс, Израиль, Араб елдері, Авраам келісімдері, қауіпсіздік, геосаясат, ынтымақтастық.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Автор-корреспондент: Турекулова Ж.Е. turekulova74@mail.ru

Сілтеме: Сарсенбеков Ж.А., Монтаев А.Б., Турекулова Ж.Е. Авраам келісімдері және таяу Шығыс аймағындағы өзгерістер // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 101-112.

Соглашения Авраама и политические изменения на Ближнем Востоке

Аннотация. В статье анализируются исторические предпосылки и значение соглашения Авраама, заключенных с 2020 года между рядом арабских государств и Израилем, а также особенности их реализации на современном этапе. Рассматриваются позиции ключевых акторов данного процесса, а также подходы арабских стран, не присоединившихся к соглашениям. Исследуется трансформация геополитической ситуации на Ближнем Востоке после подписания соглашений и оценивается их влияние на региональную безопасность и формирование новых форматов сотрудничества. Соглашения Авраама трактуются не как принципиально новая дипломатическая инициатива, а как продолжение многолетних усилий по укреплению взаимопонимания между сторонами и одновременно как инструмент усиления позиций Израиля в качестве региональной державы. Кроме того, соглашения рассматриваются в контексте обновленной версии концепции «Новый Ближний Восток», продвигаемой Соединенными Штатами Америки. В целом политические процессы, развившиеся после заключения соглашения Авраама, демонстрируют отсутствие единой платформы в урегулировании арабо-израильских отношений и обеспечении региональной стабильности. Современная динамика свидетельствует о том, что развитие сотрудничества определяется прежде всего прагматичными экономическими интересами, тогда как влияние соглашений на вопросы безопасности и стабильности остается ограниченным.

Ключевые слова: Ближний Восток, Израиль, Арабские страны, соглашения Авраама, безопасность, геополитика, сотрудничества.

The Abraham Accords and political changes in the Middle East

Abstract. The article analyzes the historical background and significance of the Abraham Accords concluded since 2020 between a number of Arab states and Israel, as well as the specific features of their implementation at the present stage. It examines the positions of the key actors involved in this process and the approaches adopted by Arab countries that have not joined the agreements. The study explores the transformation of the geopolitical situation in the Middle East following the signing of the Accords and assesses their impact on regional security and the formation of new frameworks for cooperation. The Abraham Accords are interpreted not as a fundamentally new diplomatic initiative, but as a continuation of long-standing efforts to strengthen mutual understanding between the parties and, at the same time, as an instrument for enhancing Israel's position as a regional power. In

addition, the Accords are considered within the context of an updated version of the "New Middle East" concept promoted by the United States of America. Overall, the political processes that have developed since the conclusion of the Abraham Accords demonstrate the absence of a unified platform for resolving Arab–Israeli relations and ensuring regional stability. Current dynamics indicate that the development of cooperation is determined primarily by pragmatic economic interests, while the impact of the Accords on security and stability issues remains limited.

Key words: Middle East, Israel, Arab Countries, Abraham Accords, Security, Geopolitics, Cooperation.

Кіріспе

Араб-еврей қатынастары дін, саясат, өркениет, қауіпсіздік және этносаралық шиеленіс факторларын қамтитын көпқырлы әрі тарихи тамыры терең мәселе болып табылады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап аталмыш мәселе халықаралық қатынастар жүйесіндегі ең өткір геосаяси түйіндердің біріне айналып, бүгінгі күнге дейін толық шешімін таппаған қақтығыстар қатарында қалып отыр. Осы кезең ішінде халықаралық қауымдастық аталған шиеленісті реттеуге бағытталған түрлі бастамалар мен дипломатиялық реттеу тетіктерін ұсынды. Осындай маңызды қадамдардың бірі – 2020 жылдан бастап жүзеге асырыла бастаған Авраам келісімдері. Америка Құрама Штаттарының делдалдығымен Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн және Марокко арасында жасалған, 2021 жылы 6 қаңтар күні тарихи-географиялық тұрғыда араб әлемін Африкамен байланыстырушы Судан елі қосылған келісімдер аймақтағы ұзақ жылдар кезеңіндегі қақтығыс әлеуетін бәсеңдетуге бағытталған маңызды дипломатиялық қадам ретінде бағалануда. Бұл келісімдер Таяу Шығыс елдері үшін жаңа мүмкіндіктермен қатар қауіптер легін тудыратын үрдіс саналады. Олардың аймақтық және жаһандық деңгейдегі ықпалы әлі толық зерттелмегендіктен, аталған тақырыпқа деген ғылыми қызығушылық жоғары болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған мақала қазіргі халықаралық қатынастардағы жаңа дипломатиялық тетіктердің қалыптасуын және трансаймақтық байланыстардың күшеюін талдау тұрғысынан маңызды ғылыми бағытты құрайды.

Сонымен қатар, 2025 жылы қараша айында Авраам келісімдеріне Еуразия кеңістігінің орталығы, түркі әлемінің бесігі болып табылатын Қазақ елінің қосылуы келісімдерге жаңа геосаяси және өркениеттік сипат беріп отыр. Қазақстан Республикасының бұл үдеріске қатысуы Авраам келісімдерін дәстүрлі Таяу Шығыстың географиялық шеңберінен шығарып, аймақаралық өзара іс-қимыл платформасына айналғанын көрсетеді. Енді бұл бастама Израиль мен араб мемлекеттері арасындағы қатынастарды реттеудің құралы ғана емес, кеңейтілген ынтымақтастық архитектурасын қалыптастыруға бағытталған жаңа форматқа ие болды. Қазақстанның келісімге қосылуы аймақтық және жаһандық деңгейдегі күш теңгерімдерін қайта пайымдауды, сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі жаңа ынтымақтастық перспективаларын талдауды қажет етеді. Бұл өз кезегінде Авраам келісімдерінің мәнін, олардың геосаяси салдарын, жаңа мүмкіндіктер мен ықтимал тәуекелдерді ғылыми тұрғыдан зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Өткен тарихи үдерістер халықаралық қатынастардың іргелі негізін құрап қана қоймай, қазіргі жаһандық саясатты талдаудың маңызды әдіснамалық бағдарын да қалыптастырады. XXI ғасырдың басында орын алған және Таяу Шығыстағы геосаяси трансформациялар арқылы айқын көрініс тапқан саяси үдерістердің едәуір бөлігін XX ғасырдың басынан бастап өрбіген стратегиялық бағыттардың заңды әрі тікелей жалғасы ретінде айқындаймыз. Осы ретте Авраам келісімдерін XX-XXI ғасырда түрлі халықаралық тәртіп жағдайында ұсынылған стратегиялардың жалғасы ретінде қарастырамыз.

Әдіснама

Мақалада Таяу Шығысқа қатысты тарихи деректер Ресей империясының сыртқы саясаты архивінде сақталған құжаттар негізінде зерделенді. Сонымен қатар дереккөз ретінде Израиль және араб елдерінің сыртқы саяси көзқарастарын айқындайтын ресми құжаттар пайдаланылды. Зерттеу барысында араб-еврей қатынастарының ерекшеліктерін зерделеу мақсатында тарихи-генетикалық әдіс қолданылып, Авраам келісімдерінің тарихи

алғышарттары мен басқа да дипломатиялық бастамалармен сабақтастығы айқындалды. Сонымен қатар салыстырмалы талдау әдісі арқылы Авраам келісіміне қосылған немесе қарсы болып отырған араб мемлекеттерінің сыртқы саяси ұстанымдары салыстырмалы тұрғыда қарастырылып, олардың ұстанымдарындағы айырмашылықтар анықталды.

Авраамдық ұғымы ислам, иудаизм және христиандық секілді үш әлемдік монотеистік діндерді ұштастыратын ортақ тұжырымдамалық негізді білдіреді және аталмыш жоба үш дін өкілдері арасындағы өзара қатынастарды нығайтуға бағытталған бастама ретінде тұжырымдалған. Жалпы Авраамдық тұжырымдаманың тарихи алғышарты туралы ғылыми ортада түрлі тұжырымдар қалыптасқан. XIX ғасырда Батыс христиандық ортада «Авраам өсиеті» (Abrahamic covenant) ұғымы қалыптасқан. Француз шығыстанушысы Луи Массиньон 1949 жылы жарық көрген «Барлық мүмкіндіктердің атасы Авраамның үш дұғасы» [1] атты еңбегінде аталған түсінікті ғылыми айналымға енгізіп, Авраамдық дәстүрлердің ислам, христиан және иудейлік мәтіндердегі ортақ теологиялық маңызын көрсетті. Ал тарихшы Бернард Льюис өзінің «Ислам әлеміндегі еврейлер» [2] еңбегінде осы идеяның негізінде – үш діннің тарихи өзара ықпалдастығы аясында авраамдық тұжырымдаманың мәнін ашуға ұмтылды.

Авраамдық тұжырымдамасы XX ғасырдың екінші жартысында жаңа бағытқа ие болып, 1962 жылы 31 қазанда Екінші Ватикан соборы нәтижесінде, 1965 жылы 28 қазанда Папа Павел IV жариялаған «Шіркеудің христиан емес діндерге қатынасы» туралы декларацияның (Nostra Aetate) қабылдануына ықпал етті. Декларация Рим-католик шіркеуінің өзге дін өкілдеріне, әсіресе иудаизм мен ислам діні өкілдеріне қатысты ұстанымын түбегейлі қайта қарастыруға бағытталды. Құжаттағы «Шіркеу мұсылмандарға құрметпен қарайды» деген тұжырым дінаралық диалогтың парадигмалық өзгерісін аңғартады [3].

Ұсынылып отырған мәселе тың тақырып ретінде заманауи зерттеушілердің назарын аударып отырған бағыт. Қазіргі таңда ғылыми-сараптамалық мақалалар ауқымы өте кең, ал іргелі ғылыми әдебиеттердің ішінен бірқатар маңызды еңбектерді айқындауға болады. Американдық зерттеуші Эльхам Фахроның «Авраам келісімдері: Парсы Шығанағы мемлекеттері, Израиль және қатынастарды реттеу шегі» еңбегінде [4] автор Авраам келісімдеріне араб елдерінің қосылуы нәтижесінде Израиль мемлекеті аймақтық оқшаулықтан азаттық алды деген қорытынды жасайды. Автор Авраам келісімдерінің себебі ретінде Иран факторына қатысты Парсы Шығанағы елдері мен Израиль арасындағы ортақ ұстанымды көрсетеді және бұл келісімдерді «мүдделер негізінде орнаған жаңа тәртіп» деп айқындайды. «Авраам келісімдері: ұлттық қауіпсіздік, аймақтық тәртіп және халықтық өкілдік» [5] атты ұжымдық еңбекте Таяу Шығыстағы аймақтық тәртіптің өзгеруі, ұлттық қауіпсіздік мәселесі, қоғамдық пікірлер аясы қарастырылады. Еңбектің жетекші идеясына сәйкес, келісімдер тек «дипломатиялық қадам» ғана емес, қауіпсіздік архитектурасының жаңа нысаны саналады. Ресей зерттеушілері Ю.И. Костенко мен В.М.Морозов зерттеулерінде [6] Парсы Шығанағы елдерінің Авраам келісіміне қосылуының негізгі мәні ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуден айқындалады, бұл жерде екі тарап үшін де ортақ қауіп Иран мемлекеті деген тұжырымдар жасайды.

Исламдық институттар мен діни қайраткерлер, араб зерттеушілері Авраамдық идеяны ислам сенімдері мен қағидаттарына, сондай-ақ Палестина мәселесіне тигізетін ауыр салдарына байланысты қабылдамай отыр. Мұсылман ғалымдарының халықаралық одағы ұйымдастырған, 2021 жылы 21 ақпан күні өткен халықаралық конференцияда Авраам келісімдері «дінді саяси құрал ретінде пайдалану үрдісі» ретінде сынға алынған [7]. Зерттеуші Абд әл-Хак Дахманның «Авраамдық тәсіл және рухани дипломатия» атты мақаласында Авраамдық бағыт бейбітшілік пен дінаралық үйлесімді орнатуға бағытталған рухани дипломатия нысаны ретінде ұсынылғанымен, аталған тұжырымдама дінді саяси кеңістікке енгізу арқылы оның рухани мазмұнын әлсірететін, идеологиялық және геосаяси мүдделерге негізделген құбылыс

екенін атап көрсетеді [8].

Негізгі бөлім

Авраам келісімдерінің тарихи және саяси алғышарттары

Авраам келісімдерінің қалыптасу алғышартын бірнеше тарихи-саяси кезеңдер аясында қарастыруға болады:

Біріншіден, XIX ғасырдағы еуропалық державалардың Таяу Шығыста еврей ұлттық ошағын құруға бағытталған саяси, дипломатиялық және идеологиялық бастамаларының күшеюі.

Екіншіден, XX ғасырда Америка Құрама Штаттарының араб елдерін «Орта Шығыс қолбасшылығы» атты әскери блокқа біріктіру және Израильді осы әскери блоктың негізгі қатысушысына айналдыру идеясының алға тартылуы. Сонымен қатар Суэц дағдарысы кезеңінде араб ұлтшылдығы идеяларының өрістеуі, араб-еврей қатынастарының ушығуы.

Үшіншіден, XX ғасырдың 90 жылдарындағы «Жаңа Таяу Шығыс» тұжырымдасының ұсынылуы, XXI ғасырдың басындағы «Араб көктемі» толқуларының нәтижесінде орын алған революциялық үдерістер мен терең саяси өзгерістер.

XIX ғасырда Таяу Шығыс аймағы Ұлыбритания, Франция және Осман империясы арасындағы іргелі геосаяси мәселелер тоғысқан тартыс алаңына айналды. Еуропалық державалар өзара геосаяси бәсекелестік жағдайында болғанына қарамастан, Таяу Шығыста еврей мемлекетін құруға бағытталған ортақ стратегиялық мақсатты ұстанды. Аймақта сионистік қозғалыспен жасалған саяси келісімдер Израильдің Палестина аумағындағы үстемдігін күшейтуге негіз қалап, араб аймақтық жүйесінің құрылымына ықпал еткен ең маңызды себептердің біріне айналды. 1917 жылы Ұлыбритания мен сионистік қозғалыс арасында қабылданған Бальфур декларациясы «еврей халқы үшін ұлттық ошақ» құру идеясын ресми түрде қолдап, бұл үдерістің палестина халқы мүдделері есебінен жүзеге асатынын ашық көрсетті. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Палестина аумағына еврей иммиграциясының жаппай толқыны басталды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан және 1956 жылғы Суэц дағдарысынан кейін Таяу Шығыс аймағы Америка Құрама Штаттарының мүддесі шоғырланған кеңістікке айналды. Осы кезеңде дербес мемлекет түрінде құрылған Израиль үшін де араб елдерімен қарым-қатынас мәселесі алдыңғы орынға қойылды. Соғыстан кейінгі кезеңде Таяу Шығыстағы АҚШ саясатының басты басымдықтарының бірі аймақтағы мұнай-газ ресурстарына бақылау орнатуға бағытталды. Вашингтон негізгі көлік және энергетикалық маршруттарды бақылауға мүмкіндік беретін стратегиялық маңызы бар тірек шептерін қалыптастыруға ұмтылды. Сонымен қатар американдық саясат араб әлемінде балама ықпал ету орталықтарының қалыптасуына жол бермеуге және аймақтағы өз үстемдігін бекітуге бағытталған кешенді шараларды қамтыды. Осы тұрғыдағы бағыттардың бірі – Таяу Шығыста қорғаныс жүйесін құру туралы бастама болды. 1951 жылы 23 сәуірде Египеттің «әл-Ахрам» газеті «Жерорта теңізі пакті» атты мақаланы жариялап, онда Шығыс Жерорта теңізі елдерінің әскери блогын құру жоспарына арналған БҰҰ Бас хатшысы Трюгве Хальвдан Лидің араб мемлекеттерінің өкілдерімен жүргізген келіссөздері туралы мәліметтер беріледі [9]. Осы кезеңде «әл-Мисри» газетінде жарияланған «Таяу Шығыстың жаңа қорғаныс жобасы» атты мақалада Түркияның батыс державаларымен біріге отырып аймақтық қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын талқылағаны хабарланған [10]. Бұл идеяда Түркия және араб елдері кіретін қорғаныс жобасы ұсынылып, Израиль мемлекетінің де осы әскери блокка интеграциясы жайында сөз қозғалған.

Араб әлемінің аталған жобаны қолдамау себептерін 1953 жылы 9 наурызда «әл-Мисри» газетінде жарияланған материалдар негізінде айқындауға болады. Онда келтірілген мәліметтерге сәйкес, Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысының Таяу Шығыс мәселелері жөніндегі көмекшісі Генри Байроуд араб мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен жүргізген кездесулер барысында бірқатар талаптар мен ұсыныстарға тап болғандығы айтылады. Атап айтқанда,

араб елдері Америка Құрама Штаттарының Таяу Шығыста бейбітшілікті орнатуға және Вашингтон және араб елдері арасындағы қатынастарды жақсартуға ықпал етуін, бұл мақсатта Израильді мемлекет ретінде жоюды және оның орнына біртұтас Палестина мемлекетін құруды, сондай-ақ араб одағын қалыптастыру үдерісінде Америка тарапынан әскери әрі қаржылық қолдау көрсетуді ұсынған [11]. Осы тұрғыдан алғанда XX ғасырдың 50 жылдары Америка Құрама Штаттарының Израильді болашақ аймақтық альянстың негізгі буыны ретінде қарастырып, оны араб мемлекеттерімен ортақ саяси құрылымға енгізу әрекеті араб әлемінің ұстанымдарымен үйлеспей, нәтижесіз аяқталды.

Авраам келісімдерін тудырған тарихи алғышарттардың екінші кезеңін XX ғасырдың 90-жылдарындағы Америка Құрама Штаттары тарапынан ұсынылған «Жаңа Таяу Шығыс» тұжырымдамасымен байланыстырамыз. 2003 жылы «The Washington Post» беттерінде жарияланған «Таяу Шығыстың жаңа құрылымы» атты мақаласында сол кезеңдегі АҚШ Мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райс Таяу Шығыста демократиялық кондырғыларды енгізудің қажеттілігін алға тартады [12]. Осы көзқарастың жалғасы түрінде «Жаңа Таяу Шығыс» стратегиясы ұсынылады. Сондай-ақ 1993 жылы 13 қыркүйекте Палестинаны азат ету ұйымы мен Израиль арасындағы қол қойылған Осло келісімдеріне және 1994 жылы Газа мен Иерихон жөніндегі келісімдерге сәйкес Палестина ұлттық автономияның құрылуынан кейін, 1996 жылы Оман және Катар сияқты бірқатар араб мемлекеттерінде израильдік сауда өкілдіктерінің ашылды. Бұл кезеңде аймақ мемлекеттері арасында екі жақты келісімдердің жақсаруына үлкен үміт ұялап, Шимон Перес ұсынған «Жаңа Таяу Шығыс» тұжырымдамасы бұл қадамдарды бекіте түсті. Осло келісімдері нәтижесінде араб елдерінің Израильмен қарым-қатынастарды жақсарту мәселесіне қатысты прагматикалық өзгеріс айқындалды. Авраам келісіміне алғашқы болып қосылған Біріккен Араб Әмірліктері мен Израиль арасында XXI ғасырдың басында байланыстардың өрбігенін айқындау маңызды. Мысалы, 2008 жылы Абу-Дабидің инфрақұрылым мен жағалауды қорғау басқармасы израильдік кәсіпкер Мати Кохавиге тиесілі швейцариялық «IGT International» компаниясымен 816 миллион АҚШ доллары көлемінде келісімшарт жасасқан [13].

2011 жылы басталған «Араб көктемі» толқуларын да Араб шығысының картасын қайта құруға ықпал еткен оқиғалар тізбегі әрі Авраам келісімдерінің алғышарты ретінде қарастырамыз. Бұл толқулар нәтижесінде Израиль мемлекетінің аймақтық ұстанымының күшеюі орын алып, ұстанымы артты.

Араб-Израиль қатынастарындағы жаңа кезең: Авраам келісімдеріне қатысушылардың мүдделері

2020 жылы 15 қыркүйекте Вашингтонда Америка Құрама Штаттарының белсенді қатысуымен Израиль және Біріккен Араб Әмірліктері, Израиль-Бахрейн арасындағы қатынастарды жақсартуға арналған келісімдерге қол қою сәті өтті. Кездесу барысында төмендегі құжаттарға қол қойылды:

- Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы бейбітшілік, дипломатиялық қатынастар орнату және жақсарту туралы шарт [14];

- Израиль және Бахрейн арасындағы бейбітшілік, ынтымақтастық, сындарлы дипломатиялық әрі достық қатынастар туралы декларация [15];

- Иудаизм, христиан және ислам діндеріне ортақ рухани тұлға Авраамның құрметіне арналған кешенді «Авраам келісімдері» [16].

Осы көпжақты келісімге қол қойылу нәтижесінде Бахрейн және Біріккен Араб Әмірліктері 1979 жылғы Египеттен және 1994 жылғы Иорданиядан кейінгі Израиль мемлекетімен қатынастары қалыпқа келтірілген араб мемлекеттері ретінде тарихқа енді. Араб елдерінің ішінде Израильге қатысты ұстанымдар ерекшеленеді. Атап айтқанда, Египет және Иордания мемлекеттері Израильмен 1948 және 1967 жылдардағы араб-еврей соғыстарына қатысқан мемлекеттер. Сонымен қатар Египет және Израиль арасындағы қайшылықты арттырған 1956 жылы Суэц дағдарысы болса, 1973 жылы қазан соғысында Сириямен бірлесе

Израильмен соғысқан. Египет және Иордания, Сирияның Израильмен шекаралас болуы оларды қарсылық барысында алдыңғы шептегі мемлекеттер (frontline states) санатына кіргізді. Бұл факторлар араб елдерінің түгелдей Авраам келісімдеріне қол қоймай отырғанының тарихи себептерін айқындайды.

Біріккен Араб Әмірліктері мен Бахрейн Израиль мемлекетімен құрлықтық немесе теңіз бойымен шекаралары жоқ және ешқашанда Израильмен тікелей әскери қақтығыстарға қатыспаған. Бұл мемлекеттер тек араб мемлекеттерінің Израильге қарсы ұжымдық бойкот саясатына қатысуымен шектелген. Сондықтан Біріккен Араб Әмірліктері Авраам келісімдеріне қол қойғаннан кейін 2020 жылғы №4 Федералды Жарлықты қабылдап, ол бойынша 1972 жылғы № 15 Израильге бойкот жариялау туралы Жарлықтың күші жойылды [17]. 2020 жылы қабылданған заң Біріккен Араб Әмірліктері аумағындағы жеке және заңды тұлғаларға коммерциялық немесе қаржылық операциялар шеңберінде израильдік компаниялармен, азаматтармен келісімдер жасауға құқық береді. Сонымен қатар Израильде өндірілген барлық санаттағы тауарлар мен өнімдерді импорттауға, айырбастауға, иеленуге, сондай-ақ олармен Біріккен Араб Әмірліктері аумағында сауда жасауға рұқсат етіледі.

Авраам келісімдері Бахрейн және Израиль арасындағы қатынастарда ресми дипломатиялық қатынастар орнауына және ынтымақтастықты институционалдық әрі құқықтық негізде тереңдетуге мүмкіндік беретін негізгі саяси механизм ретінде айқындалады. 2021 жылы наурыз айында Бахрейн Израильдегі алғашқы елшісін тағайындаса, 2021 жылы қыркүйекте Израиль Манамада өз елшілігін ашты.

Біріккен Араб Әмірліктері мен Бахрейннің Авраам келісімдеріне қосылуының маңызды себептері ретінде төмендегі факторларды айқындаймыз:

1. Иранның ядролық бағдарламасы және «Шиіттік жарты ай» геосаяси стратегиясынан туындаған Парсы шығанағы елдері мен Израиль арасындағы ортақ геосаяси және қауіпсіздік мәселелері.

2. Араб көшбасшыларының жаңа буынының пайда болуы және олардың панарабизм, Палестина мәселесі түріндегі тарихи көзқарастардан ауытқуы, олардың ұстанымындағы идеологиялық көзқарасқа қарағанда саяси-экономикалық прагматизмнің күшеюі. Парсы шығанағындағы жаңа көшбасшылар буыны үшін бұрынғы араб ұлтшылдығы мәселесі экономикалық тиімділікке ауысып, Палестина мәселесіндегі «бейбітшілік үшін жер» ұраны «бейбітшілік үшін бейбіт өмір» ұстанымының қалыптасуына алып келді.

Авраам келісімдеріне аталған екі араб мемлекетінен басқа 2020 жылы желтоқсан айында Марокко және Судан елдері қосылды. Марокко монархиясы мен Израиль арасындағы қарым-қатынастар Рабаттың 1956 жылы Франциядан саяси тәуелсіздік алған кезеңінен бастау алады. Сонымен қатар Марокко мемлекетінде еврей қауымдастығы үлкен рөл атқарады. 2022 жылы Марокко королі Мұхаммед IV мәлімдемесінде елдегі еврей қауымын ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде жариялаған [18]. Марокко елінің еврейлері заңды тұрғыдан ел азаматтары ретінде танылады. Бұл тарихи, мәдени және этникалық ерекшелік Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн және Суданға тән емес. Марокконың келісімге қосылуының басты себебінің бірі Алжир мемлекетімен тарихи қайшылықтан туындайды. Авраам келісімдері шеңберінде Марокко қару-жарақ көздерін сатып алуға және әскери арсеналын жаңғыртуға ұмтылады. Басты мақсат – Ресейден қару-жарақ сатып алып отырған Алжир мемлекетімен әскери қуатын теңестіру. Француздық «Les Echos» басылымында жарияланған мақалада Марокконың Танжер порты арқылы Африка құрлығына шығатын қақпа екендігі айқындалады. Яғни Израиль үшін мұндай ынтымақтастық әлемдік саудадағы үлесін арттыруға мүмкіндік береді [19].

Марокконың келісімге қосылуына түрткі болған маңызды саяси қадам – 2020 жылы 10 желтоқсан күні Америка Құрама Штаттарының Президенті Д. Трамптың Батыс Сахарадағы Марокко егемендігін мойындау туралы декларацияға қол қойғанын мәлімдеуі болды. Тарихи тұрғыдан алғанда Америка Құрама Штаттары басқа мемлекеттер тәрізді

Батыс Сахараның мәртебесіне қатысты бейтарап ұстанымды сақтап келген. Алдыңғы әкімшіліктер Батыс Сахара мәселесі бойынша Мароккомен өзара іс-қимыл жасауға дайындық танытқанымен, Трамп шешіміне дейін Америка Құрама Штаттары Марокконың Батыс Сахараға қатысты егемендігін және өзін-өзі жариялаған Сахара Араб Демократиялық Республикасын да мойындамаған [18]. Марокко сыртқы істер министрлігінің мәлімдемесінде АҚШ-тың Батыс Сахарадағы Марокко егемендігін мойындауын, сондай-ақ БҰҰ қамқорлығы аясында жүріп жатқан саяси үдеріс шеңберінде Рабаттың даулы аймаққа автономия беру идеясын қолдауын «тарихи серпіліс» ретінде баға берілген [20].

Авраам келісімдеріне қол қойылғаннан кейін, 2020 жылғы 22 желтоқсанда Марокко мәлімдемесінде «Израильмен ынтымақтастықты қайта жандандыру бейбітшілік пен өңірлік тұрақтылыққа бастайтын маңызды қадам ретінде» айқындалды. Сонымен қатар мәлімдемеде Марокко корольдігінің Палестина мәселесіне қатысты берік ұстанымы да жарияланды. Рабаттың ресми көзқарасына сәйкес, екі мемлекеттің бейбіт әрі қауіпсіз қатар өмір сүруін көздейтін «екі мемлекет» қағидатына негізделеді, «палестиналық және израильдік тараптар арасындағы келіссөздерді жан-жақты әрі түпкілікті реттеуге қол жеткізудің жалғыз жолы ретінде таниды», - деп айқындалды [21]. Яғни Марокко мемлекетінің ұстанымындағы екіұштылықты айқындаймыз. Бір жағынан Израильмен барлық салада ынтымақтастықты дамытуға ұмтылса, екінші жағынан Палестина халқының табандылығына адалдығын айқын атап көрсетеді. Марокконың ресми ұстанымындағы осы екіұдайлық 2023 жылғы 7 қазандағы оқиғаларға және одан кейінгі Израильдің Палестинадағы қысымына қатысты көзқарасын айқындайды. «Middle East Eye» жарияланған «Газадағы соғыс Марокко мен Израиль қатынастарын ажыратпады, керісінше нығайта түсті» деген сараптамада: «Марокконың АҚШ-тағы елшісі Юсеф Амрани 13 ақпанда «Аль-Хурра» телеарнасына берген сұхбатында Газадағы соғыс пен Таяу Шығыстағы апатты жағдай араб елдері мен Израиль арасындағы ынтымақтастықтың тоқтатылуына алып келді», - деп мәлімдегеніне қарамастан, мұндай жағдай Сауд Арабиясы сияқты кейбір елдерге тән болуы мүмкін, алайда Израильмен байланыстарын тіпті жасырмай, керісінше тереңдете түскен Мароккоға мүлде қатысты емес», - деп айқындалады [22].

Хартум үшін Авраам келісімдері Америка Құрама Штаттары тарапынан Суданды терроризмді қолдаушы мемлекеттер тізімінен шығару туралы 2020 жылғы 14 желтоқсандағы шешімі аясында маңызды. 1997 жылы Америка Құрама Штаттары Хартумға қарсы экономикалық санкциялар енгізіп, Суданды террористік топтарды қолдады деп айыптаған болатын. Кения мен Танзаниядағы АҚШ елшіліктеріне жасалған шабуылдардан кейін санкциялар күшейтілген еді. Сондықтан Судан басшылығы Авраам келісімдеріне қосылу арқылы санкциялардан құтылу елдің экономикалық жағдайын арттырады деп үміттенді. Дегенмен 2023 жылы сәуірде Суданда басталған соғыс бүгінде әскери күштер арасындағы қақтығыс шеңберінен шығып, мемлекеттің ыдырауы мен әлеуметтік құрылымының терең күйреуі үдерісіне ұласып отыр. 2025 жылы 26-27 қазанда Фашир қаласының «Жедел әрекет ету күштері» тарапынан басып алынуы Дарфур аймағында ғана емес, бүкіл Судан көлемінде билік пен егемендікті түбегейлі өзгерткен тарихи бетбұрысқа айналды.

Израиль үшін Судан географиялық және стратегиялық жағынан маңызды ел. Бұл мәселе шеңберінде біріншіден, Судан – Египет – Эфиопия арасында Ніл өзенін пайдалану және гидронысандар салу туралы қайшылықтар тарихи түрде жалғасып келе жатыр. Осы ретте гидроқауіпсіздік негізінде Египетке ықпал ету көзделуде. Екіншіден, Судан Қызыл теңіз жағалауындағы аса маңызды геостратегиялық орналасуы мен араб және африкалық әлемді жалғаушы мемлекет ретінде Израиль үшін аймақтық қауіпсіздік тұрғысынан маңызды болып табылады.

1982 жылы Израиьдің сол кезеңдегі премьер-министрі Ариэль Шаронның кеңесшісі болған Одед Инон «1980 жылдардағы Израиль стратегиясы» атты зерттеуінде [23] аймақтың саяси-этникалық құрылымын түбегейлі өзгерту туралы көзқарасын ұсынады.

Аталған тұжырымдама аясында Судан секілді көпэтносты және кең аумақты мемлекетті басқа да араб мемлекеттері сияқты ыдыратып, өзара қақтығысқа бейім шағын саяси құрылымдар жүйесін қалыптастыру мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай жағдай аймақтағы күштердің саяси алауыздығын тереңдете отырып, Израильге стратегиялық артықшылықтар береді деп пайымдалған. Инон ұсынған тұжырымдама ресми мемлекеттік доктрина мәртебесіне ие болмағанымен, Израильдің аймақтық қауіпсіздікке қатысты бағытын айқындайды. Бұл бағыт институционалдық тұрғыдан күшті, орнықты мемлекеттерге қарағанда бытыраңқы, саяси тұрғыдан әлсіз елдер Израиль үшін қолайлы стратегиялық орта қалыптастырады. Осы көзқарас шеңберінде Суданның бытыраңқылығы және мемлекеттік тұтастығының әлсіреуі Ніл өзенінің бастау көздері сияқты жоғары стратегиялық мәселелер бойынша мемлекетаралық үйлестіру мүмкіндігін төмендетеді. Қызыл теңіздегі теңіз коммуникацияларының қауіпсіздігіне қатер төндіреді және Африка мемлекеттерінің араб әлемінің ортақ саяси бастамаларын қолдау әлеуетін шектейді. Осы тұрғыдан алғанда, Судандағы ішкі дағдарыс жекелеген ұлттық әлсіреу ғана емес, аймақтық геосаяси конфигурацияға ықпал ететін фактор.

Авраам келісімдерінен кейінгі геосаяси жағдай

2011 жылғы «Араб көктемінен» кейін Таяу Шығыста қалыптасқан елеулі геосаяси өзгерістердің бірі – Америка Құрама Штаттарының Қытаймен стратегиялық бәсекелестігінің күшеюіне байланысты Азия-Тынық мұхит аймағына ерекше ден беруінің нәтижесінде Таяу Шығыстағы рөлінің салыстырмалы түрде әлсіреуі болды. 2020-2024 жылдар аралығында Таяу Шығыста Қытай Халық Республикасының саяси қатысуы белсендірілді. 2022 жылы «Қытай және араб әлемі», «Қытай және Парсы Шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі» саммиттері өтіп, Қытай және Сауд Арабиясы, Иран, БАЭ бірлескен әскери жаттығулары өтті. Дегенмен «Қытайдың Таяу Шығыс аймағында саяси үстемдігінің орнауына тосқауыл болып табылатын мәселелер кешені де жеткілікті. Идеологиялық, діни алшақтықтардан басқа, Америка Құрама Штаттарының Таяу Шығыстағы мүдделеріне қайшы келуге Қытай әскери әлеуеті жеткіліксіз. Пәкістан, Джибутидегі әскери базалары Үнді мұхиттағы Қытайдың әскери-стратегиялық қатысуын арттырып отыр. Дегенмен, Парсы Шығанағында американдық әскери ықпалдың Қытаймен салыстырғанда өте жоғары екендігін ерекшелеу қажет. Осы ретте қазіргі кезеңде Қытайдың Таяу Шығыстағы саяси белсенділігінің төмендеуі де айқындалып отыр» [24, 127 б.].

2024 жылға дейін Иран Ислам Республикасы Таяу Шығыстық саяси бағытын жандандырып, Сирия, Ливан (Хезболла), ХАМАС арқылы «Шиіттік жарты ай» геостратегиясына ерекше мән берді. Дегенмен Сириядағы Башар Асад режимінің құлауы, Израильдің ХАМАС және Хезболлаға қарсы соққылары Иранның аймақтық стратегиясына елеулі нұқсан келтірді және бұл мәселе Иранды тек әскери емес, саяси және идеологиялық тұрғыдан да әлсіретіп отыр.

Түркияның өрістеп келе жатқан таяушығыстық стратегиясы да Израиль тарапынан қарсы әрекеттер тудыруды. Атап айтқанда, Түркияның Шығыс Жерорта теңізі, Қара теңіз және Эгей теңізіне қатысты 462 мың шаршы шақырым теңіз кеңістігінде егемендігін нығайтуға бағытталған «Көк отан» (Mavi Vatan) доктринасы аймақтық қауіпсіздік архитектурасына тікелей әсер етуде. Осыған жауап ретінде 2025 жылы 22 желтоқсанда Иерусалимде өткен саммит барысында Израиль, Грекия, Кипр Түркияның теңіздік саясатына қарсы бағытталған біріккен стратегия қабылдады. Анкара «Көк отан» доктринасы арқылы теңіз аймақтарындағы ықпалын кеңейтіп, энергетикалық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етуді және стратегиялық автономиясын күшейтуді көздесе, Израиль-Грекия-Кипр альянсы ортақ энергетикалық дәліздерді қорғау мен Түркияның аймақтық амбицияларына қарсы ұжымдық қауіпсіздік тетіктерін нығайтуға ұмтылуда. Бұл жағдай Таяу Шығыс пен Шығыс жерорта теңізіндегі геосаяси бәсекелестіктің әскери-саяси сипат алып, көпполярлы қақтығыс аймағына айналып келе

жатқанын көрсетеді. Катар елінің Түркиямен стратегиялық одақ құруға бағытталған саясаты да Парсы Шығанағы мемлекеттері Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн, Сауд Арабиясы тарапынан қарсылыққа тап болды. Осы мәселелер легі араб елдерінің Израильмен ортақ стратегиялық ұстанымдарының қалыптасуына қолайлы жағдай тудырды. Бұл мәселелердің барлығы Таяу Шығыстағы жаңа актор – аймақтық көшбасшы ретіндегі Израиль мемлекетінің жаңа рөлін айқындайды.

Авраам келісімдерінің тағы бір маңызды тұсы – Израиль мемлекетінің энергокөздерінің тасымалын ұштастыратын маңызды хабқа айналуға деген ұмтылысы. 2020 жылы Израиль Парсы шығанағынан Жерорта теңізіне мұнай тасымалдау жөніндегі хаттамаға қол қойды. Келісім аясында Біріккен Араб Әмірліктерінде орналасқан MRLB компаниясы жеткізеді. Бұл компания Абу-Дабидегі жергілікті «Petromal» мұнай компаниясына, гибралтарлық «Lubber Line Capital» компаниясына және израильдік «AF Entrepreneurship» компаниясына тиесілі [25]. Израильдің Эйлат портын Суэц каналына балама ретінде қолдану мақсатында Тель-Авив Біріккен Араб Әмірліктерімен Эйлат-Ашкелон мұнай құбырын пайдалану туралы келісімге отырған. Сонымен қатар Түркия-Сирия дәлізінің жандандырылуы мен Хиджаз теміржолының қайта жаңғыртылуы, сондай ақ Орталық Азияны Жерорта теңізіне шығатын қақпа ретінде Израиль арқылы Үндістан – Таяу Шығыс – Еуропа экономикалық дәлізімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Авраам келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы Израиль мемлекетіне Қара теңіз және Каспий теңізінен мұнайдың жеткізілуін де көздейді. Осы ретте Авраам келісімдері ірі экономикалық мүдделер мен құрлықаралық сауда ағындарының қозғалысын бақылауға мүмкіндік беретін стратегиялық құралға айналу әлеуетімен де ерекшеленеді.

Қорытынды

Авраам келісіміне қатысқан араб елдерінің және Суданның Израильді мойындау және онымен қарым-қатынастарды жақсарту толқыны араб-израиль қатынастары тарихындағы ең маңызды құбылыс.

Біріншіден, бұл үрдіс Израильдің дипломатиялық ықпалының географиялық ауқымын едәуір кеңейтті. Бұрын Израиль тек Египет пен Иорданиямен ғана бейбіт келісімдерге қол жеткізген болса, қазіргі кезеңде оның саяси және дипломатиялық байланыстары Солтүстік Африканы, Таяу Шығысты, Африка мен Парсы Шығанағы аймағын қамтып, аймақтық деңгейден трансаймақтық сипатқа ие болды. Қазақстан Республикасының осы келісімдерге қосылуы бұл үдеріске еуразиялық өлшем беріп отыр.

Екіншіден, аталған өзгерістер Таяу Шығыста діни және идеологиялық факторлардан гөрі қауіпсіздік пен саяси прагматизмнің басымдыққа ие бола бастағанын көрсетеді. Көптеген араб елдері үшін тарихи-генетикалық әрі жадылық факторлар маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Дарий I дәуіріндегі Иранның империялық саясаты, Осман империясы кезеңіндегі араб-түрік қатынастарының тарихи тәжірибесі қазіргі Иран мен Түркияның аймақтық амбицияларымен сабақтастырылып, ортақ қауіп ретінде қабылдануда. Осы тұрғыда Израильмен ынтымақтастық аталған мемлекеттер үшін стратегиялық қажеттілікке айналып келеді.

Үшіншіден, бұл мәселенің кері астарлары да бар. Таяу Шығыс, география тарихпен, ал табиғи ресурстар идеологиямен тоғысып, ықпал мен бақылау үшін үздіксіз геосаяси қайшылықтар мен қарулы қақтығыстар орын алып отырған кеңістік. Осы орайда аймақтық қақтығыстарды шешу тетігі ретінде пайғамбар Авраам тұлғасын өзара түсіністік пен татуластықтың символдық негізі ретінде қарастыру арқылы Авраам келісімдері шеңберінде, Таяу Шығыстағы қақтығыстың табиғатын діни сипатқа әкеліп тіреу саясаты айқындалады. Яғни халықаралық қауымдастықта бұл қайшылық мұсылмандардың еврейлерге деген діни өшпенділігі мен дұшпандығынан туындайды, мұсылмандар Израильдің иудейлік сипатына байланысты қарсы деген деген түсінік тудырады. Алайда бұл пайымдаулар шындыққа сәйкес келмейді. Исламдық дүниетанымда діни қақтығыс түсінігі жоқ, өйткені мұсылмандар иудаизмді монотеистік дәстүр ретінде мойындайды және оның пайғамбарлары мен қасиетті мәтіндеріне

сенеді. Бұл көзқарас көптеген еврей раввиндері тарапынан да мойындалған. Мұсылмандар көзқарасы тұрғысынан қарағанда, мәселе діни емес, саяси және геосаяси сипатқа ие, ал қақтығыстың өзегі – Палестина аумағындағы оккупация және оған қарсы ұйымдасқан қарсылық қозғалыстары. Осы тұрғыдан алғанда, авраамизм тұжырымдамасының аймаққа ұсынылуы араб әлемі үшін дәстүрлі діни құрылымдардан өзгеше, сырттан енген жаңа идеологиялық үлгі екені айқындалады. Бұл тұжырым аймақтың әлеуметтік-тарихи қарқынында берік негізге ие емес, оларды қолдаушы сыртқы саяси күштердің ықпалы әлсіреген жағдайда бұл идеялардың да тұрақтылығы төмендеп, уақыт өте өз маңызын жоғалтуы ықтимал. Осылайша, авраамизм жобасының ұзақ мерзімді өміршеңдігі күмән тудырады, себебі оның іргелі тұжырымдамалық тірегі жеткілікті деңгейде қалыптаспаған.

Төртіншіден, рухани мазмұны жағынан Авраам келісімдері өте қажетті және өткір бағыт. Алайда бұл үдеріс ресми араб аймағының жүйелік дағдарысын, палестиналық мәселенің саяси күн тәртібінен шеттетілуін және билеуші элита мен кең бұқара арасындағы алшақтықты айқын көрсетіп отыр. Израильмен қарым-қатынасты жақсарту мемлекеттер деңгейінде тактикалық одақтар қалыптастыруға мүмкіндік бергенімен, қақтығыстың түпкі себептерін жоятын шынайы бейбітшілікті қамтамасыз етуге әлеуеті жеткіліксіз. Сонымен қатар, Палестинаны өздерінің негізгі саяси-адамгершілік мәселесі ретінде қабылдайтын араб халықтарының сенімі мен қолдауына ие бола алмай отыр. Осыған байланысты бұл келісімдердің болашағы олардың элиталар арасындағы прагматикалық мәміле шеңберінен шығып әділеттілікке негізделген, жан-жақты әрі инклюзивті бейбіт жобаға айналу қабілетіне тәуелді.

Бес жылдан бергі жағдайға талдау жасағанда Авраам келісімдері классикалық мағынадағы «бейбітшілік» орната алмағанын айқындаймыз, келісімдер даулы шекаралары бар мемлекеттер арасындағы қақтығысты тоқтатқан жоқ. Негізінен бұл келісімдер бұрыннан қалыптасқан стратегиялық одақты ресми түрде бекітті. Олар Израильмен ашық өзара іс-қимыл жасауға қатысты психологиялық кедергіні еңсеруге мүмкіндік беріп, қысқа мерзімді кезеңде Парсы шығанағы мемлекеттерінің қауіпсіздік және экономикалық мүдделерін нығайтты.

Әдебиеттер тізімі

1 Massignon L. Les trois prières d'Abraham, père de tous les croyants. Paris:Éditions du Seuil,1949. – 176 p.

2 Бернард Л. Евреи ислама / предисл. М. Коэна; пер. с анг. М. Липкина. – М.: ИД «Книжники», 2020. – 216 с.

3 Declaratio de Ecclesiae habitudine ad religiones non-christianas Nostra Aetate // [Электронды ресурс] URL: https://www.vatican.va/archive/hist_councils/ii_vatican_council/documents/vat-ii_decl_19651028_nostra-aetate_en.html (қаралған күні: 11.10.2025)

4 Fakhro E. The Abraham Accords: the Gulf states, Israel, and the limits of normalization. New York: Columbia University Press, 2024. – 347 p.

5 Mason R. The Abraham Accords: National Security, Regional Order, and Popular Representation (The Gulf States in International Affairs). Bloomsbury Academic, 2025. – 314 p.

6 Костенко Ю.И., Морозов В.М. «Соглашения Авраама»: и новая реальность в арабо-израильских отношениях // Вестник Томского государственного университета. – 2024. – № 503. – С. 37-52.

7 موقف الأمة الإسلامية من الديانة الإبراهيمية عبد الحق دحمان // [Электронды ресурс] URL: https://alabasirah.com/node/1295 (қаралған күні: 10.01.2026)

8 التوجه الإبراهيمي الجديد والدبلوماسية الروحية [Электронды ресурс] URL: https://almojaded.com/2022/07/19/11412/ (қаралған күні: 10.01.2026)

9 АВПРФ. – Ф.87/087. – Оп. 12. – Пор. 15. – Д. 729. – Л. 56.

10 АВПРФ. – Ф.87/087. – Оп. 13. – Пор. 16. – Д. 725. – Л. 155.

11 АВПРФ. – Ф.87/087. – Оп. 13. – Пор. 16. – Д. 725. – Л. 180.

12 Condoleezza Rice Transforming the Middle East // [Электронды ресурс] URL: https://www.washingtonpost.com/archive/opinions/2003/08/07/transforming-the-middle-east/2a267aac-4136-45ad-972f-106ac91e5acd/) (қаралған күні: 14.10.2025)

13 Cyber, defense and water projects: Israeli companies have made billions working in the UAE // [Электронды ресурс] URL: https://www.calcalistech.com/ctech/articles/0,7340,L-3845233,00.html (қаралған күні: 15.10.2025)

14 Abraham Accords Peace Agreement: Treaty of Peace, Diplomatic Relations and Full Normalization between the United Arab Emirates and the State of Israel // [Электронды ресурс] URL:https://peacemaker.un.org/ru/node/9957 (қаралған күні: 17.10.2025)

15 Abraham Accords: Declaration of Peace, Cooperation and Constructive Diplomatic and Friendly Relations // U.S. Department of State // [Электронды ресурс] URL: https://www.state.gov/wp-content/uploads/2020/09/Bahrain_ Israel-Agreement-signed-FINAL-15-Sept-2020-508.pdf (қаралған күні: 17.10.2025)

16 The Abraham Accords Declaration // [Электронды ресурс] URL: https://www.state.gov/wp-content/up-

loads/2020/10/Abraham-Accords-signed-FINAL-15-Sept-2020-508-1.pdf (қаралған күні: 17.10.2025)

17 Khalifa bin Zayed issues a decree to abolish the Israel Boycott Law // [Электронды ресурс] URL: https://www.wam.ae/en/details/1395302865596 (қаралған күні: 20.10.2025)

18 King Mohammed VI recognizes Jewish community as part of Moroccan culture // [Электронды ресурс] URL:https://www.jpost.com/diaspora/article-712317 (қаралған күні: 20.10.2025)

19 Dupeyron C. Les relations d'Israël avec les pays arabes moins tendues // [Электронды ресурс] URL:https://www.lesechos.fr/monde/afrique-moyen-orient/les-relations-disrael-avec-les-pays-arabes-moins-tendues-1788382) (қаралған күні: 24.10.2025)

20 United States Recognizes Morocco's Sovereignty Over Western Sahara // [Электронды ресурс] URL: American Journal of International Law. 115(2):318-323. doi:10.1017/ajil.2021.11 (қаралған күні: 24.10.2025)

The spread of Islam contributed to the emergence of new genres in the oral literature of Turkic peoples and enriched the religious and thematic content of their ethno-folklore. In Kazakh oral literature, the genre of qissa - didactic poems and epics with religious and ethical content—as well as Sufi poetry in the form of hikmet, became widely disseminated. The Turkic tribes inhabiting the territory of present-day Kazakhstan possessed a well-developed oral literary tradition from ancient times. Heroic epics originating from the Orkhon-Yenisei inscriptions, as well as the epics The Book of Dede Korkut and Oghuznama, ensured the continuity of the historical roots of the Turkic peoples and contributed to the formation of their ethno - cultural consciousness.

The rapid development of political and cultural relations within the Turkic-Islamic world in the 10th - 13th centuries also had a positive influence on literary development. «With the development of Islam in the Golden Horde, literature also rose to a high level. Whereas earlier mainly folkloric works flourished among nomadic communities, the spiritual transformations of the Golden Horde period stimulated the development of literature in religious genres. These included narratives about the history of the prophets, the lives of the Companions, accounts of the miraculous deeds of saints, romantic epics, as well as the heroic traditions of the Turks reflected in the form of ghāzī and shahīd narratives and religious-ethical themes. Certain subjects of Islamic creed (ʿaqīda) and jurisprudence (fiqh) were also expressed in poetic form. In particular, the Sufi tradition of describing spiritual states (ḥāl) and stations (maqām), along with the practice of composing hikmet, became especially widespread» [24, p. 101].

Through literature, the values and moral-ethical principles of Islam, as well as its cosmological and anthropological concepts, became widely disseminated among the population. Literature thus served as a powerful medium for shaping both individual and collective ethical norms.

At the same time, the oral literary traditions nourished by the poetic art of nomadic Bedouins, as well as the shared motifs and thematic continuities present in the folklore of nomadic Turkic tribes, contributed to the establishment of what may be described as «cultural complementarity».

E. S. Seisenbieva, who studied the influence of medieval Turkic literature on nineteenth-century Kazakh literature, notes that «the intellectual foundations of the Sufi worldview of the Kazakh people found expression in the didactic poem Kutadgu Bilig by Yusuf Balasaguni» [25, p. 89-90]. According to the author, the traditions of Islamic literature that originated in the medieval period continued to develop in nineteenth-century Kazakh literature.

If literature is regarded both as a reflection of social consciousness and as a primary channel for the transmission of ontological and existential values, it becomes evident that it played a significant role in establishing Islamic religious thought within the culture of the Kazakh people.

The spread of Islam in the Kazakh steppe also paved the way for the development and dissemination of Islamic scholarship and education in medieval urban centers. Professor A. K. Muminov notes that, during the medieval period, Central Asia witnessed intense intellectual debates between the schools of ahl al-ḥadīth and ahl al-ra'y [26, p. 56].

In the religious sphere, competition developed between different schools and madhhabs, and ideological struggles emerged with the aim of influencing public consciousness. The preference for the Hanafi school during the rule of the Karakhanid dynasty continued into the period of the Golden Horde.

As researcher B. Ilesbekov notes, «the Karakhanid authorities significantly contributed to the spread and development of the Hanafi madhhab in the territories under their rule by appointing religious scholars to responsible religious and state positions» [27, p. 17].

As a result of political support, the ahl al-ra'y school developed in harmony with local culture and became established as the main orientation of Islamic scholarship in Central Asia, eventually gaining wide recognition as the region's traditional form of Islam. Professor Sh. Kerim notes that the renowned Islamic scholar Husam alDin alSighnaqi belonged to the fourteenth generation of the scholarly tradition tracing its origins to Abu Hanifa [28, p. 42-43].

Prior to spread of Islam, Central Asian nations possessed a culture and history spanning thousands of years. Islam invigorated these deep-rooted layers of national spirituality. It is not merely that Islam is accommodating of local traditions; although it is regarded as a universal civilizational consciousness, it acknowledges ethnic diversity. The Quran states that the Creator fashioned humanity differently so they could learn from and recognize one another. Furthermore, Islam introduced a new model of political philosophy and governance. Authority was viewed as a divine trust, aimed at establishing a harmonious social order. Islam fostered the advancement of science and arts, recognizing pursuit of knowledge about the world created by God as a human obligation, while also promoting harmony within the world. By adhering to these fundamental principles, Islam evolved into an advanced civilization during the Middle Ages.

The religious and ethical principles of Islam, integrating values of local communities, create fresh paradigms of spiritual and social life, individual actions, and conduct. The ideas of mutual tolerance, respect for individual choice, patience, contentment, and repentance, as expressed in Islam, played a significant role in the dissemination and establishment of Islamic religious awareness among the populace. Islamic scholarship, founded on the inseparable bond between faith and knowledge, along with the principles of reasoning and rationality found in the Quran, provided a renewed impetus for advancement of the Islamic civilization.

Conclusion

Islam, which made its way into Central Asia and Kazakhstan during the 7th and 8th centuries, has become an essential aspect of both the material and spiritual culture of the Kazakh people, synthesizing and creatively reshaping the beliefs and perspectives of the pre-Islamic Kazakh population, including Tengriism, shamanism, Zoroastrianism, and Buddhism, ultimately evolving into a new faith for the people of Kazakhstan.The dynamics of ethnic group formation and division in the Eurasian steppe during the late Middle Ages, alongside political power crises, stagnation in science and education, and the transition of global trade routes from land to sea, led to a contraction in the cultural space of the Eurasian steppe nomads, who once dominated the Great Silk Road, exposing them to the influences of Chinese-Confucian and Russian-Orthodox civilizations, which became evident in the worldview and artistic expressions of medieval poets. The colonial and Soviet administrative-totalitarian oppression of the Russian Empire restricted the influence of Islam to domestic sphere. The incorporation of Kazakhstan into the Russian and subsequently the Soviet empires significantly affected its civilizational evolution. This pivotal moment, driven by historical necessity, indelibly influenced the ethnoculture and national identity of the Kazakh people. Nevertheless, core values of Islam have enabled the Kazakh people to resist the pressures of Chinese-Confucian and Russian-Orthodox civilizations, allowing them to maintain their distinct civilizational identity, spiritual autonomy, and ethnocultural cohesion. Kazakh culture, upon entering the sphere of Islamic civilization, was enriched with new values while preserving its national characteristics and cultural identity. The theological schools that contributed to the development of Islamic scholarship and education in Kazakhstan continued the tradition of religious learning and enlightenment through the institutional system of madrasas and schools. The Sufi tradition enriched the spiritual world (Lebenswelt) of believers with Islamic values and established a new methodological paradigm for understanding the relationship between the Creator and creation, as well as the nature of the world and human existence.

Funding

This research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. BR24993035).

References

1 Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. - М.: Изд-во Политиздат, 1992. – 542 с.

2 Toynbee A.J. Comprehension of History. – Moscow: Iris Press, 2002. – 612 p.

3 Шпенглер О. Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. - М.: Мысль, 1993. В 2-х т. - 663 с.

4 Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 309 с.

5 Касымжанов К.С. Пространство и время великих традиций. - Алматы: Казах Университеті, 2001. – 283 с.

6 Хаким Р. Метаморфозы духа: к вопросу о тюрко-татарской цивилизации. - Казань: ОАО ПИК «Идея-Пресс», 2005. – 300 с.

7 Омаров Е. Краткая история казахской цивилизации. - Алматы: Арда, 2005. – 237 с.

8 Грюнебаум Г.Э. Классический ислам. Очерки истории. Пер. И.М. Джуры. Предисл. В.В. Наумкина. - Москва: Наука, 1986. – 600 с.

9 Сейфеддин Ү. Ислам діниндегі ақаид: сенім. - Алматы, 2008. – 150 б.

10 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – Москва: DI-DIK Publishing House, 1993. – 806 с.

11 Асфендияров С. Ислам и кочевое хозяйство. Атеист. - 1930. - № 58. - 1 ноября.

12 Watt W.M. Influence of Islam on Medieval Europe. – St. Petersburg: Dilya, 2008. – 101 p.

13 Montgomery W. The Influence of Islam on Medieval Europe. Edinburgh University Press. 1972. 136p.

14 Хатами С.М. Диалог цивилизаций: путь взаимопониманию. - Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 219 с.

15 Гүлдерен О.Ф. Ноль в поисках бесконечного (с перспективы тасаввуфа) // Новые грани. - 2007. - № 4. - С. 105.

16 al-Ghazali M. Human Rights in Islam. – Moscow: Andalus, 2006. – 168 p.

17 Керимов, Г.М. Закон жизни мусульман. Ответы Шариата на проблемы современности. - Санкт-Петербург: Издательство Диля, 2007. – 426 с.

18 Zarrinkub A.H. Islamic Civilization. – Moscow: Andalus, 2004. – 29 p.

19 Дербисали Абсаттар Қажы. Секуляризм и ислам в Республике Казахстан: совместная деятельность, направленная на миротворчество и гуманизм // Секуляризм и ислам в современном государстве: что их объединяет? Мат-лы междунар. круглого стола. - Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2008. – 107 с.

20 Сейтахметова Н.Л., Бектенова М.К. К проблематизации диалога религий как диалога цивилизаций. - 2018.

21 Marshall Hodgson. History of Islam: Islamic Civilization from the Birth to Our Days. - Chicago, University of Chicago Press, 1974. - 545 p.

22 Стародуб Т.Х. Эволюция типов средневековой исламской архитектуры. – Докторская диссертация. – Москва, 2006. – 406 с.

23 Widyastuti N., Nugrahaini F.T. Sustainable Islamic Architecture in Settlements and Their Environment in Surakarta. – 2023.

24 Исахан М., Сатыбалдиева А. Ислам тарихы Қазақстанда. – Нур-Султан: Muftiyat Publishing House, 2021. – 248 б.

25 Seisenbieva E.S. The Exegetical Tradition in Medieval Turkic Literature. – Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2023. – No. 3 (144). – 275 p.

26 Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. – Алматы: Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, 2018. – 111 p.

26 Ілесбеков Б. Ғұлама Ахмад ибн Мансұр әл-Испижаби және оның ғылыми мұрасы. – Алматы: Qazaq Publishing House, 2025. – 212 p.

27 Керім Ш. Хусамуддин әс-Сығнақи мектебі. – Алматы: TURAN Publishing House, 2024. – 102 б.

Transliteration

1 Sorokin P.A. Chelovek. Civilizacija. Obshchestvo [Man. Civilization. Society]. - M.: Izd-vo Politizdat', 1992. – 542 s. (in Russ)

2 Toynbee, A.J. Comprehension of History. - Moscow: Iris – Press, 2002. – 612 p.

3 Shpengler O. Zakat Evropy. Ocherki morfologii mirovoi istorii [The Decline of Europe. Essays on the Morphology of World History]. - M.: Mysl', 1993. V 2-kh t. - 663 s. (in Russ).

4 Orazbayeva, A.I. Civilizacija kochevnikov evrazijskih stepej [Civilization of Eurasian Steppe Nomads]. Almaty: Dyke – Press,– 309 p. 2005. – 309s (in Russ).

5 Kasymzhanov K.S. Prostranstvo i vremja velikih tradicii [Space and Time of Great Traditions]. – Almaty: Kazakh Universiteti, 2001. – 283s. (in Russ)

6 Hakim R. Metamarfozy duha voprosu o tjurko-tatarskoj civilizacii [Metamorphoses of the Spirit: On the Issue of Turkic–Tatar Civilization.] Kazan': OAO PIK «Ideja-Press», 2005. – 300s. (in Russ)

7 Omarov E. Kratkaja istorija kazahskoj civilizacii [A Brief History of Kazakh Civilization]. Almaty: Arda, 2005. – 237s (in Russ).

8 Grünebaum G.E. Klassicheskij islam. Ocherki istorii [Classical Islam: An Essay on the History of Islam]. Translated by I.M. Djura. Foreword by V.V. Naumkina. Moscow: Nauka, 1986. – 600 s. (in Russ)

9 Seyfeddin Y Islam dinindegi aqajd: Senim. [Belief in Islam: Faith]. Almaty, 2008. – 150b. (in Kaz)

10 Gumilev L.N. Etnogenez i biosfera Zemli. [Ethnogenesis and the Biosphere of the Earth]. – Moscow: DI-DIK Publishing House, 1993. – 806 p.

11 Asfendiyarov S. Islam i kochevoe hozjajstvo [Islam and Nomadic Economy]. Atheist, 1930. No. 58, November 1. (in Russ)

12 Watt U.M. Influence of Islam on Medieval Europe. Petersburg: Izd-vo "DILYA", 2008. – 101 p.

13 Montgomery W. The Influence of Islam on Medieval Europe. - Edinburgh University Press, 1972. - 136 p.

14 Khatami S.M. Dialog civilizacii: put' vzaimoponimaniju [Dialogue of Civilizations: The Way to Mutual Understanding]. Almaty: Dyke – Press, 2002. – 219 p. (in Russ)

15 Gulderen O.F. Nol' v poiskah beskonechnogo (s perspektivy tasavvufa) // Novye grani [Zero in Search of the Infinite from the Perspective of Tasawwuf]. – 2007. - No. 4. - P. 105. (in Russ)

16 al-Ghazali Muhammad. Human Rights in Islam. Moscow: "Andalus", 2006. – 168 p.

17 Kerimov G.M. Zakon zhizni musul'man. Otvety Shariata na problemy sovremennosti [Sharia: The Law of the Life of a Muslim. Sharia's Answer to the Problems of Modernity]. - St. Petersburg: Izdatelstvo Dilya, 2007. – 426 s. (in Russ)

18 Zarrinkub, A.H. Islamic Civilization. - Moscow: "Andalus", 2004. – 29 p.

19 Derbisalu Absattar Qazhi. Sekuljarizm i islam v Respublike Kazahstan: sovmestnaja dejatel'nost' napravlennaja na mirotvorchestvo i gumanizm [Secularism and Islam in the Republic of Kazakhstan: Joint Activity Aimed at Peacekeeping and Humanism] // Sekuljarizm i islam v sovremennom gosudarstve: chto ih obedinjaet? Mat-ly mezhdunar. kruglogo stola. - Almaty: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan, 2008. – 107 p. (in Russ)

20 Seitakhmetova N.L., Bektenova M.K. K problematizatsii dialoga religii kak dialoga tsivilizatsii. [To the problematization of the dialogue of religions as a dialogue of civilization]. - 2018 (in Russ).

21 Marshall Hodgson. History of Islam: Islamic Civilization from the Birth to Our Days. - Chicago, University of Chicago Press, 1974. - 545 p.

22 Starodub T.Kh. Evolyuciya tipov srednevekovoj islamskoj arhitektury [Evolution of Types of Medieval Islamic Architecture]. – Doctoral dissertation. – Moscow, 2006. - 406 s. (in Russ).

23 Widyastuti N., Nugrahaini F.T. Sustainable Islamic Architecture in Settlements and Their Environment in Surakarta. – 2023. .

24 Isakhan M., Satybaldieva A. Islam Tarihy Qazaqstanda [History of Islam in Kazakhstan]. – Nur-Sultan: Muftiyat Publishing House, 2021. – 248 b. (in Kaz).

25 Seisenbieva E.S. The Exegetical Tradition in Medieval Turkic Literature. – Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. - 2023. – No. 3 (144). – 275 p.

26 Muminov A.K. Hanafitskij mazhab v istorii Centralnoj Azii [The Hanafi Madhhab in the History of Central Asia]. – Almaty: Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, 2018. – 111 p. (in Russ).

27 Ilesbekov B. Ğūlama Ahmad ibn Mansūr äl-İspijabi jäne onyñ ğylymi mūrasy [The Scholar Ahmad ibn Mansur al-Isbidjabi and His Scientific Heritage]. – Almaty: Qazaq Publishing House, 2025. – 212 p. (in Kaz).

28 Kerim Sh. Husamuddin as-Syğanaqi mektebı Scholar Husam al-Din al-Sighnaqi. – Almaty: TURAN Publishing House, 2024. –102 b. (in Kaz).

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Kairat Zatov	Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: kairat_1966@list.ru, ORCID: 0000-0003-3705-7097
Ainur Adaikhan	PhD student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: adaikhan89@mail.ru ORCID: 0009-0007-4701-6594
Anar Zhaxybayeva	PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: muslimka12_92@mail.ru ORCID: 0000-0002-6537-9440
Қайрат Затов	профессор, философия ғылымдарының докторы, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: kairat_1966@list.ru, ORCID: 0000-0003-3705-7097
Айнұр Адайхан	PhD докторант, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті, Алматы, Қазақстан, email: adaikhan89@mail.ru ORCID: 0009-0007-4701-6594
Анар Жақсыбаева	PhD, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: muslimka12_92@mail.ru ORCID: 0000-0002-6537-9440
Кайрат Затов	профессор, доктор философских наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Қазақстан, email: kairat_1966@list.ru, ORCID: 0000-0003-3705-7097
Айнур Адайхан	PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: adaikhan89@mail.ru ORCID: 0009-0007-4701-6594
Анар Жаксыбаева	PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: muslimka12_92@mail.ru ORCID: 0000-0002-6537-9440

ҒТАХР 21.21.25 https://doi.org/10.48010/aa.v28i1(107).865

ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИ ІЛІМІ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ЕНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

[1]Б.М. Сатершинов, [2]А.Д. Шағырбай, [3]Н.Р. Мейманхожа, [4]Ш.Д. Жүнісбаев, [5]Н.К.Анафина

АҢДАТПА

Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары сан ғасырлар бойы халықтың дәстүрі мен тарихи мәдени болмысындағы дүниетанымдық пайымдар арқылы қалыптасқаны белгілі. Дәстүрлі қоғамда, тарихи мәдени сана мен діни танымның қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғалар бар болғаны көпшілікке мәлім. Бүгінгі жаһандану дәуірінде діни буквализм мен дәстүрден тыс діни ағымдар мен топтардың ықпалдары арқылы дәстүрлі танымдағы құндылықтарды жастар тарапынан қабылдамауға үндейтін ұйымдар бой көрсетуде. Осы бағыттағы үрдістердің жастар арасында алдын алу үшін Түркістан өңіріндегі атақты діни тұлға, ақын, ойшыл Әзірет Сұлтан қожа Ахмет Йасауидің рухани мұрасын дәріптеуді қарастыру маңызды. Түркі әлемінің басты рухани тұлғалар қатарындағы Әзірет Сұлтан атағы мен рухани дәрежеге ие тұлғамыз хикметтерінде діни тұрақтылық пен жасампаздық идеялары насихатталған. Ақын ғұламаның шығармаларында мұсылмандық мәдениет пен ұждан ілімі туралы жиі сөз қозғалады. Мақалада Ахмет Йасауидің рухани тұлға ретіндегі қалыптасуы, өмірлік жолы мен бағдары, ойшыл өмір сүрген ортадағы діни, саяси, тарихи және мәдени ерекшеліктерді қамту арқылы бірқатар агиографиялық деректерді қарастыру арқылы қазақ даласына ислам дінінің ену ерекшеліктері зерттелген. Діntанулық ғылымдағы әдіснама негізінде ақын тұлғаның өміріне агиографиялық және мәтіндік талдау тәсілдерімен зерттеу жүргізіліп, ислам дінінің таралуы ерекшеліктері зерделенді.

Түйін сөздер: ислам, йасауийа, қараханилер, қожалар, саманилер, тариқат, тасаууф.

[1] ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

[2]«Торайғыров университеті» КеАК, Павлодар, Қазақстан

Автор-корреспондент: Шағырбай А.Д., almasbek85@gmail.com

Сілтеме: Сатершинов Б.М., Шағырбай А.Д., Мейманхожа Н.Р., Жүнісбаев Ш.Д. Анафина Н.К. Қожа Ахмет Йасауи ілімі және ислам дінінің қазақ даласына ену ерекшеліктері // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 151-160.

Учение Ходжа Ахмета Йасауи и особенности проникновения ислама в казахской степи

Аннотация. Известно, что традиционные ценности казахского народа на протяжении многих веков формировались под влиянием мировоззренческих представлений в исторических культурных реалиях и традициях народа. Общеизвестно, что существуют личности, внесшие значительный вклад в становление традиционного общества, исторического культурного сознания и религиозного познания. В сегодняшнюю эпоху глобализации под влиянием религиозного буквализма и нетрадиционных религиозных течений и групп выделяются организации, призывающие к отказу от ценностей традиционного познания со стороны молодежи. Для профилактики тенденций в этом направлении среди молодежи, важно рассмотреть популяризацию духовного наследия известного в Туркестанском регионе религиозного деятеля, поэта, мыслителя Хазрета Султана Ходжи Ахмеда Йассауи. В числе главных духовных личностей тюркского мира обладающего титулом Хазрет Султан и в хикметах содержащие духовное звание пропагандируются идеи религиозной стабильности и созидания. В произведениях поэта часто рассказывается о мусульманской культуре и учении совести. В статье исследуются становление Ахмета Йасауи как духовной личности, жизненный путь и ориентация, особенности проникновения ислама в казахскую степь путем рассмотрения ряда агиографических данных, охватывающих религиозные, политические, исторические и культурные особенности среды, в которой жил мыслитель. На основе методологии в религиоведческой науке было проведено исследование с подходами агиографического и текстового анализа жизни личности поэта, изучены особенности распространения ислама.

Ключевые слова: ислам, йасауийа, караханиды, ходжи, саманиды, тарикат, тасаууф.

The Teachings of Khoja Akhmet Yasawi and the Peculiarities of the Spread of Islam in the Kazakh Steppe

Abstract. It is known that the traditional values of the Kazakh people have been forming worldviews about the historical cultural realities and traditions of the people for many centuries. It is well known that there are individuals

who have made a significant contribution to the formation of traditional society, historical cultural consciousness and religious knowledge. In today's era of globalization, under the influence of religious literalism and non-traditional religious movements and groups, organizations calling for the rejection of the values of traditional knowledge by young people stand out.

To prevent trends in this direction among young people, it is important to consider the popularization of the spiritual heritage of the famous religious figure, poet, and thinker Hazret Sultan Khoja Ahmed Yasawi in the Turkestan region. Among the main spiritual personalities of the Turkic world, the Hikmet, who have the title of Hazret Sultan and the spiritual title, promote the ideas of religious stability and creation. The poet's works often talk about muslim culture and the teachings of conscience. The article examines the formation of Ahmet Yasawi as a spiritual personality, his life path and orientation, and the peculiarities of the penetration of Islam into the Kazakh steppe by examining a number of hagiographic data covering the religious, political, historical and cultural features of the environment in which the thinker lived. Based on the methodology in religious studies, a study was conducted using the approaches of hagiographic and textual analysis of the poet's personal life, and the peculiarities of the spread of Islam were studied.

Key words: Islam, Yasauiya, Karakhanids, Khoji, Samanids, Tariqa, Tasauf.

Kipicne

Қожа Ахмет Йасауи бүкіл түркі халықтарына кеңінен танымал көрнекті ислам ойшылы әрі әулие, сопылық тариқаттың негізін қалаушы қайраткер әрі дін таратушы, соңына мыңдаған шәкірттерімен қатар діни, философиялық және әдеби мол мұра қалдырған ақын әрі ағартушы. Мақалада қазақтың дәстүрлі дүниетанымында ерекше орны мен маңызы бар Қожа Ахмет Йасауи негізін қалаған сопылық діни бағдар ортағасырлық түркі кезеңінде ислам дінінің Орталық Азияға ену ерекшеліктері аясында талданады. Өйткені, ислам қазақ халқының діни руханиятының негізі болып табылады. Қазақ даласындағы исламның теориясы мен практикасы сүннет бағытындағы ханафилік мәзһабпен сипатталса, исламның рухы мен дүниетанымын қалыптастыруда түркілік сопылық пен тариқаттың да ықпалы зор болды. Бұл ерекшелікті айқындауда сол заманда Орталық Азия мен Хорасанда билік құрған Саманилік және Қарахандық әулеттердің ұстанған діни саясатын зерделеу маңызды. Сондықтан мақалада Мәуреннаһрдағы исламның қазақ дүниетанымына бейімделуі, йасауи тариқатының ерекшеліктері мен оның теологиялық бағыты дінтанулық қырынан тұжырымдалады.

Ерте ортағасырлардан бастап Қазақстанның территориясында түркітілдес тайпалардың еуразиялық даладағы және әлемдік геосаяси сахнадағы рөлі күшейе түседі. Әрине, бұл алдыңғы ерте темір дәуірінен, яғни сақ, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлерінен келе жатқан тарихи және мәдени үрдістердің қисынды сабақтастық жалғасы болатын. Біздің заманымыздың VI - XIII ғасырдың басына, яғни Шыңғыс хан мен оның ұлдарының құрған империяларына дейін Орталық Азия мен одан тысқары жерлерде он төрт түрік тілдес әулеттердің билігіндегі мемлекеттер болған екен. Еуразиялық тарихқа үлкен әсерін тигізген бұл ерте түрік мемлекеттері зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда. Оның үстіне бұл біртұтас түрік тарихи-мәдени кешенге ислам дінінің таралуы зор ықпал етті. Нәтижесінде Мәуреннаһр араб-парсы-түркі өркениеттерінің шеткі перифериясы емес, біртұтас мұсылман мәдениетінің ірі орталықтарының біріне айналды.

X-XII ғасырлар аралығында бұл өлкеден көптеген ислам ғұламалары шыққан. Бүкіл әлемнің интеллектуалдары мойындаған әл-Фарабиді айтпағанда, біртұтас мұсылман мәдениетінің ірі орталықтарының біріне Хұсамаддин ас-Сығнақи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари және Қожа Ахмет Йасауи тәрізді руханият саласының алыптары осы кезеңде өмір, сүріп шығармашылықпен айналысты. Біздің мақалаға арқау болып отырған Қожа Ахмет Йасауидің шығармашылық мұрасы діни, философиялық және әдеби қырынан біршама зерттелген. Түркістандық пірдің өмірі мен шығармашылығын орыс ориенталистері В.В. Бартольд, В.В. Григорьев пен шетелдік шығыстанушылар А.Вамбери, Д.ДиУис зерттесе, түрік ғалымы М.Ф. Көпрұлы аталмыш тақырыппен анағұрлым терең айналысты. Атақты ақын сопының мұрасының әдеби қырлары қазақ зерттеушілері Ә. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев, Р. Бердібаев, Ә. Дербісәлиев еңбектерінде көрініс тапты. Ал кейінгі онжылдықтарда Ә.Мүминов, А. Әбуов, Д. Кенжетаев, Н. Нұртазина және т.б. Йасауи шығармашылығын арнайы зерттеулеріне арқау етті.

Әдіснама

Біз осы мақаланың барысында жоғарыда аталған ғалымдардың тарихи ретроспективалық, сондай-ақ философиялық және теологиялық қырынан жасалған талдауларына сүйенеміз. Яғни тарихилық пен логикалықтың бірлігі, сонымен қатар герменевтикалық тәсілдер біздің мақаламыздың теориялық әдіснамалық негізін құрайды. Сондай-ақ, Йасауи мұрасы мен тариқатындағы ислами құндылықтардың жергілікті түркі және кейінгі қазақ дәстүрлі мәдениетіне бейімделіп таралуын зерттеу барысында ауызша деректерге, шежірелік дәстүр мен насабнама үлгілеріне сүйенеміз. Бұл осы мақаланың әдіснамалық жаңашылдығын білдіреді. Агиографиялық деректерді қолдану арқылы мақаланың мақсаты мен міндеттеріндегі негізгі ғылыми танымдық пайымдарға талдау жүргізуге қосымша мүмкіндік тудырады. Мақала мәтініндегі зерттеу әдіснамасы заманауи ғылыми бағыттағы маңызды әдістерді қамтиды, осыған орай басты зерттеу жұмыстың мәні мен мағынасын кеңінен қарастыруға оңтайлы мүмкіндік тудырады.

Негізгі бөлім

Қожа Ахмет Йасауи - түркі халықтарының рухани тарихында айрықша орны бар концептуалды тұлға. Орталық Азияның агиографиялық еңбектерінде оның «Машаих-и түрк» (түркі шейхтарының көшбасшысы) жене «Пир-и Түркістан» (Түркістан пірі) деген лауазымдармен аталуы соның айқын айғағы. Атап айтқанда, «Пир-и Түркістан» титулы алғаш рет Фарид ад-Дин Аттардың «Мантиқ ат-Таир» атты еңбегінде кездесіп, онда сопылық ілім өкілінің тұлғалық болмысына қатысты маңызды деректер келтіріледі. Йасауи ілімінің Сырдарияның солтүстік өңірін (Дешті Қыпшақ) мекендеген көшпенді түркі тайпалары, атап айтқанда, қазақ халқының этногенезін құраған топтар арасында кеңінен таралуы оның ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымыз үшін маңыздылығын арттыра түседі. Агиографиялық деректер мен халықтық аңыздарға сүйенсек, Алтын Ордада Өзбек ханның тұсында исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуына Йасауи мектебінің өкілдері (Сайид ата, Садр ата, Бадр ата, Ұзын Хасан ата және т.б.) тікелей ықпал еткен. Қазақ хандығы кезеңінде билеуші элитаның Қожа Ахмет Йасауи кесенесін саяси легитимділік ордасы ретінде қарастыруы - тарихи сабақтастықтың көрінісі. Мемлекет қайраткерлері мен хан-сұлтандардың осы пантеонда жерленуі Йасауи мұрасының тек діни ғана емес, мемлекет құрушы идеологиялық күшке ие болғанын дәлелдейді.

Қожа Ахмет Йасауи 1103 – 1166 жылдары Сайрам мен Түркістан аумағында өмір сүрген. Бұл даталар пайғамбар жасына меңзеп тұр, яғни осы жасында ол Түркістан пірінің жер асты – қылуетке түсіп, рухани шығармашылықпен айналысқанын білдіреді. Нақты қанша жыл өмір сүргендігі туралы пікірлер әртүрлі, біреулер жетпіс үш жыл, біреулер жүз отыз жыл өмір сүрген деп айтады. Ең көрнекті йасауитанушы түрік ғалымы Фуат Көпрұлы түркістандық ғұламаның өмір сүрген мезгілін XI ғасырдың бірінші жартысы деп анықтайды [1]. Аңыз әңгімелерде ұстазы Арыстан бабтан сахабалардан қалған zaһири және батини ілімдердің сыры мен қырын алған. Орталық азиялық түркілер арасында орасан зор құрмет пен шексіз сүйіспеншілікке ие болған тұлға. Қазақтар арасында «Әзірет Сұлтан» деген мейлінше ілтипатты есіммен аталады. Йасауидің өзі Қожа Ахмет ныспысының алдына Жаратушыға деген риясыз сенімі мен шүкіршілігін білдіру үшін «құл» атауын қосатын болған. Яғни өзін «құл Қожа Ахмет» деп таныстыратын болған.

Сонымен, Әзірет сұлтан XII ғасырда өмір сүрді. Бұл ғасырдың саяси тарихына келер болсақ, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында (Мәуреннаһр, Қашқар мен Жетісуда) Қарахан әулетінің құрған қағанаты ("Қарахан мемлекеті" терминін ғылыми айналымға шығыстанушы ғалым В.В. Григорьев (1816–1881 гг. [2, 189 б.]) енгізді) үстемдік етсе, оңтүстік батысы (Сыр өңірі) мен солтүстігінде (Дешті Қыпшақ) сәйкесінше, оғыздар мен қыпшақтардың хандықтары салтанат құрды. Аталмыш кезеңде бұл территорияда түркі тайпалары арасында ислам діні кеңінен тарай бастаған. Алайда XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында шығыс жақтан будда дінін ұстанатын қидандар мен қарақытайлардың және христиан дінін ұстанатын керейлер мен наймандардың шабуылы, ақырында Шыңғыс

хан мен оның ұлдарының бастаған моңғол шапқыншылығы орын алды. Яғни Йасауидің өмір сүрген заманы дін таралуының алмағайып заманына тура келеді.

Әдетте, сол замандағы қазақ даласына ислам дінінің таралуын 751 жылы араб пен қытай әскері қақтығысқан Қарлұқ еліндегі Талас шайқасынан бастайды. Кейінірек, ыдырауға ұшыраған қарлұқ тайпалары конфедерациясының негізінде Орталық Азия түркілерінің тұңғыш мұсылман мемлекеті – Қарахан қағанаты Жетісу мен Шығыс Түркістанда құрылды. Мемлекеттің негізін қалаушы Сатұқ Боғра хан (915-955 жылдар, шығу тегі Афрасиаб – Алып Ер Тоңғадан, мұсылманша есімі Әбділкерім) жаңа дінді алғаш қабылдаған аты аңызбен көмкерілген тұлға болды [3, 34 б.]. Шоқан Уәлиханов келтірген аңыздарда бұл ханды саманилік қожа, тақуа ғалым әрі саудагер Әбу Насыр әс-Самани ислам дініне қаратқан екен, оның түсіне Мұхаммед пайғамбардың өзі кіріп, Түркістандағы осы болашақ жиһангер билеушіні мұсылмандыққа тартудың құрметті миссиясын жүктеген көрінеді [4, 322 б.].

Осы орайда Қарахан мемлекетіне дейін түрік тайпаларының мұсылмандануына Аббасилер әулетіне номиналды бағынышты болып, Самарқанд пен Бұқарада, сондай-ақ Қорасанда билік жүргізген ирандық Самани мемлекетінің (819-999 жылдары) үлкен әсері болғанын айта кету керек. Яғни түркілерге дейін парсылар мұсылмандық қабылдады, Қарахан дәуірінде түркілердің ислами мәдениеті гүлденгенге дейін Самани әулетінің билігі ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосқан «интермеццо» рөлін атқарды. Парсы тіліндегі «намаз», «ораза», «күнә», «пайғамбар», «періште», «шілде» және т.б. діни терминдер мен аптадағы күн атаулары түріктердің лексиконына еніп кетті.

Қазақ фольклоры мен агиографиясында ислам дінінің Түркістан аумағына енуі әйгілі Талас шайқасымен басталмайды, одан арыға, тіпті Пайғамбар мен сахабалар заманына дейін кетеді. Мұның айғақтары «түркілерге тиіспеу» туралы, «түріктердің Константинопольді алатыны» туралы хадистермен қуаттала түседі. Дарияның арғы жағындағы (Мәуреннахр) түркі жеріне келіп (Түркістанға) келіп дінді жайған сахабалар мен табиғиндардың қатарына Арыстан баб (Салман Фарси), Укаша Ата (Уккаша), Садуакас (Са'д ибн Аби Уаккас), Сейіт Баттал (Мұхаммед әл-Ханафийаның ұрпағы) және т.б. жатқызылады. Ислам дінін әскери жолмен («фәтх») де, тақуалық жолмен (парсыша «баб» қақпаны білдіреді) де ашудың бастауында осы тұлғалар тұрған. Қазақ халқының аңыз әңгімелерінде Мұхаммед пайғамбардың үйішіне кіресілі болған Салман Фарсиді Арыстан бабпен сәйкестендіреді. Ал Қожа Ахмет Йасауи ислам аманатын – сопылықтың символын білдіретін құрма сүйегі мен қырқа шапанды осы ұстазынан алған.

Жергілікті түркі тайпалары арасында, әсіресе, пайғамбардың күйеу баласы әрі одан қалған «зұлпықардың» (қос тілді қылыштың) иесі, имандылық пен батырлықтың үлгісі Әзірет Әлінің беделі ерекше болды. «Мұртаза» (кейде Нұртаза), «Шерәлі», «Әлішер» есімдері қазақ арасында кең таралған, Маңғыстау мен Атырау аймақтарында әлі күнге дейін адам есімдерінің соңына «әлі» немесе «ғали» жұрнақтарын жалғау көп кездеседі.

Ислам тарихындағы бүлік соғыстар осы төртінші турашыл сахаба Әзірет Әлінің кезінен басталады. Пайғамбардың Әзірет Әлі мен бибі Фатимадан өрбіген немерелері Асан мен Үсеннен әһли бейт таратылады. Үлкені Асан (ұрпақтары шәріп қожалар) халифаттағы Мұғауияның билігін мойындады да, кішісі Үсеннің (ұрпақтары сейіт қожалар) жақтастары (шиға) билік тарапынан қудалауға ұшырап, Иран жерінен пана тапты және ары қарай Тұран аймағына дінді таратуға белсене атсалысты. Табиғиндер дәуірінде өмір сүрген әһли сунна уәл жамағадағы төрт мәзхабтың бірінің негізін қалаушы Имам Ағзам Әбу Ханифаның да әһли бейтті жақтағаны үшін жазаға тартылғаны, өзінің тегі хорасандық парсы әулеті екендігі белгілі. Билік басындағы Умейиа әулеті араб пен аджам (араб емес) арасын қатаң қадағаласа, 750 жылы билікке келген Аббаси әулеті исламды демократияландыру мен интернационалдандыруға ниетті болды. Мәуреннахр мен Түркістан аймағына ислам дінін таратуға Әзірет Әлінің екінші әйелі парсы ханшайымы Әнипадан (Ханафия) туған Мұхаммед ибн Әли әл-Ханафийадан тарайтын ұрпақтар да үлкен үлес қосты.

Орталық Азия мен далалық Еуразия аймақтарындағы түркі халықтары мен тайпаларының ислам дінін қабылдауы мен таралуына қатысты терең зерттеулерімен [5] белгілі қазақстандық ғалым Нәзира Нұртазинаның пікірінше, діннің жайылуына өз шығу тегін аһли бейт (Пайғамбар әулетінен, Әлиден тарайтын ұрпақ) пен турашыл сахабалардан (Әбу Бәкір (қылауыз қожа) және Омардан (қырықсадақ қожа) тарайтын ұрпақ) алатын ерекше әлеуметтік топ – «қожалардың» рөлі ерекше болған. Әсіресе, Әли ибн Әбу Тәліптің баласы Хұсейіннен (Үсеннен) тарайтын сейіт қожалардың - бақсайыс қожа (Бақсайыс – Қамаладдин шайқы, Қожа Ахмет Йасауидің замандасы) қарахан қожа (Қарахан баба Әбдірахым баб), дуана қожалардың (Мәдіқожадан тарайды) мәртебесі жоғары. Қожа Ахмет Йасауидің шежіресі де (бір нұсқада тараса, екінші бір нұсқада арғы бабасы Ысқақ баб Мұхаммед әл-Ханафийадан тарқатылады) қазақ арасындағы ақсүйек тұқымға барып тіреледі. Тіпті Орта жүзді құрайтын қазақ руларының қожалардан тарайтыны туралы аңыз әңгіме де кездеседі. Қазақ халқының рутайпалық шежіресіне қожалар әулетінің насабнамасы әсер еткенін Әшірбек Мүминовтің [6] және Зікірия Жандарбектің [7] зерттеулерінен байқауға болады.

Сонымен Қожа Ахмет Йасауидің бабасы Ысқақ баб түркі тайпалары арасында ислам дінін таратуды белсенді жүргізгендіктен Исхақ ат-Түрік аталған, жергілікті халық арасында Баб-ата есімімен Түркістан облысы Созақ ауданындағы осы аттас ауылда жерленген. Оның інісі Әбдіжәлел бап та діни ағартушы әрі қолбасшы болған, ол Хорасан ата деген атпен Сырдарияның Жаңақорғанға жақын оң жағалауында жерленген. Екеуінің де мазары халық зиярат ететін сакралды нысандарға жатады. Осылайша, Қожа Ахмет Йасауи ұлы бабаларының жолын рухани жолмен жалғастырған және хақ дінді көшпелі халыққа тариқат арқылы сіңірген қайраткер.

Қожа Ахмет Йасауи шығармашылығындағы діни және философиялық идеялар

Йасауидің тұлғасына деген жергілікті халықтың махаббаты мен құрметі қасиетті Түркістан қаласында оның қабірінің басына орнатылған зәулім күмбезді кесенемен қатар, өмірінің соңын жер астында шығармашылықпен өткізген қылуетпен қоса тұтас кешенді құрайтын мавзолейіне ағылған зияраттылардың үзілмейтінінен аңғарылады. Бұл киелі орынды «екінші Мекке» деп те атайды. Әйгілі әмір Ақсақ Темірдің пәрменімен салынған бұл мавзолей Йасауидің даңқын одан әрі арттыра түсті. Қожа Ахмет Йасауидің тұлғасын бір-екі ауыз сөзбен түйіндеу қиын, оның ойы мен бойына сыйған терең рухани қабілет пен жан-жақты сауапты қызметті ашу үшін оның өмірі мен шығармашылығына мұқият үңілу қажет болады.

Қожалар әулетінен шыққан Ахмет Сайрамда дүниеге келген, он жеті жасынан Түркістанға қоныс аударған. Ол заманда Испиджаб аталған Сайрам Отырар (Фараб), Түркістан (Йасы), Тараз, Баласағұн, Сауран, Сығанақ, Шаш, Жент, Өзкент және т.б. қалалар сияқты мешіт, медресе, текке, забиялары бар ислами рухани орталықтардың бірі болатын. Бұл жерден көптеген ислам ғұламалары – факихтар мен үлемдер шыққан. Әкесі де белгілі әулие кісі болған, анасы Айша (Қарашаш ана) атақты Мұса шайхының қызы болған. Өз кіндігінен Ыбыраһим шайхы атты ұлы және Гауһар Хошназ атты қызы, Йасауидің ұрпақтары осы қызынан тараған. Бұл туралы ақынның әйгілі «Даналық жинағының» хикметтерінде

Ысқақ баба жұрыны, шейх Ибраһим Құлыны,

Машайықтар ұлығы - шейхым Ахмет Йасауи.

...Ясы оның арасы, жатыр гауһар парасы,

Машайықтар сарасы - шейхым Ахмед Йасауи [8],

деп жырланады. Осындай рухани орта мен киелі текте өсіп өнген пірдің есіміндегі «қожа» оның шығу тегін білдірсе, өз ныспысы «Ахмет» пайғамбардың лақап атын байқатады, ал «Йасауи» оның Йасы қаласы тұрғыны екенін айғақтайды. Ауызша деректерде және кейбір жазба деректерде, мысалы, Кашифидің «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты еңбегінде Қожа Ахмет Арыстан бабтың он алты жыл шәкірті болғандығы айтылады. Жоғарыда айтылғандай, Арыстан баб тұлғасының төңірегінде және шәкіртінің одан сопылық аманатты арқалағаны жөнінде тылсымға толы

сырлар көп. Хикметтерде Ахметтің аян көргені, Пайғамбарды көргені, төрт жүз жылдан кейін оның аманатын арқалайтыны айтылады. Дегенмен аңыздың астарында ақиқат жататыны жасырын емес, күні бүгінге дейін діндарлар Арыстан бабтың басына барып түнемей, Қожа Ахметті зиярат етпейді. Йасауидің ұстазы ретінде Жүсіп Хамаданиді де атайды, мысалы Хазинидің «Жауаһир ал-Абрар мин Амуаж-ил Биһар» еңбегінде осындай дерек кездеседі.

Йасауи хикметтерінің жоғарыда келтірілген өлең сөздерін шәкірттерінің бірі жазғаны байқалып тұр. Құран мен Сүннетті, шариғатты жетік меңгерген Йасауи діннен араб дәстүрін алып тастап, оны түркілік нақышқа бейімдеді. «Диуани хикмет», «Миратул қулуб», Фақырнама» және т.б. еңбектерін соңына өшпес мұра етіп қалдырды. Бұл шығармаларды шәкірттері хатқа түсіріп, көшіріп жазып, кейінгі буын ұрпаққа табыстап отырды. Түркістанның пірі атанған Йасауи сопылық тариқаттың негізін, үлкен мектептің негізін қалады. Адам баласын жасы мен жынысына, түрі мен түсіне, ұлты мен ұлысына бөліп қарамады. Тоқсан тоғыз мың шәкірт тәрбиелеген деп айтылады. Ең алғашқы шәкірті Арыстан бабтың ұлы Мансұр ата, келесі шәкірті Сайид ата Хорезми, үшінші шәкірті Хакім ата атанған Сүлеймен Бақырғани. Танымал шәкірттерінің бірі сопы Мұхаммед Данышменди Йасауидің «Миратул Қулуб» атты мұрасын хатқа түсірген екен. Сондай-ақ Садр ата, Бадр ата, Қажы Бекташ Әулие, Сары Салтұқ, Шейх Лұқпан Перенде сияқты әулие тұлғалар да оның шәкірттері саналады. Белгілі зерттеуші А. Беннигсон Қожа Ахмет Йасауидың Шопан ата және Зеңгі баба атты шәкірттерінің де болғанын айтады. Түрік ғалымы Мехмет Фуат Көпрұлы «мутасауфтардың (сопылардың) өмірбаяны жайлы еңбектерде Ирақ, Хорасан және Мәуреннахр сопыларынан басқа түркі шейхылары деп жүрген сопылардың барлығы дерлік Қожа Ахмет Йасауи тариқатының шейхтары еді» деп жазады.

Қожа Ахмет Йасауидің діни және философиялық идеялары оның Диуани хикмет, Фақрнама, Миратул қулуб шығармаларында теориялық тұрғыда көрініс тапқан ілімінен және практикалық тұрғыда жария зікірге сүйенген йасауйиа тариқатының амалынан аңғарылады. Мұны сопылық жол немесе тасауф деп атаса болады. Әдетте сопылық жолы төрт сатыдан тұрады: біріншісі – білім мен ізденістің жолы мағрифат; екіншісі – Бір және Барға иман келтірудің жолы шариғат; үшіншісі – нағыз сопылық жолы тариқат және төртіншісі – құдайды тану және оған еніп кету, яғни ақиқатқа жету. Сопының мистикалық «тариқат» жолының астарында мақамдар бар. Бұл аялдама мақамдардың саны жетіден қырыққа дейін, тіпті одан да жоғары болады. Осы бір аялдамаларға қатысты әл-Ғазалидің берген тоғыз классикалық анықтамасы бар. Мақамдарды топтастыруы сопылық мектептердің ішіндегі ең кең тарағаны болып табылады: 1) тәубе ету – күнәдан арылу; 2) сабыр – төзімділік таныту; 3) шүкір – алғыс айту; 4) хауф – үрей; 5) амал-ражда – құдайдың рахымын күту; 6) фақр – материалды дүниені тәрк ету; 7) зухд – аскеттілік; 8) тәуекел – үміт ету; 9) мухабба (хубб) – махаббат.

Адам баласы ақиқат пен жалғандық арасындағы көпір болғандықтан, оның маңдайына ақиқат әлемінен өзін іздеп табу жазылған. Сондықтан исламдағы философиялық ойлар құдай ақиқатына қол жеткізу жолындағы ізденіске бағытталды. Ислам әлеміне осындай ақиқаты бар қасиеті кітап келген болатын, ол арқылы адам болмысының экзистенциалдық мәніне қол жеткізіліп, оның тағдыры анықталды. Қожа Ахмет Йасауи осы төрт сатының айрықшалығын былай деп атап көрсетеді: «Шариғат бойынша ақиқатқа қол жеткізу керек, тариқат – ғашықтарға сабақ».

Йасауи тариқаты мен ілімінің кейінгі түркі және қазақ қоғамдарында дамуы

Қожа Ахмет Йасауи ілімі исламның мистикалық дәстүрін (тасауфты) түркі халықтарының дүниетанымы мен этикасына қарай бейімдей отырып, оны қарапайым халыққа түсінікті әрі өмірмен тығыз байланысқан рухани жүйе ретінде қалыптастырды. Соның нәтижесінде сопылық ілім жергілікті мәдени-рухани кеңістікте терең тамыр жайып, діни тәжірибенің қолжетімді әрі ықпалды үлгісіне айналды. Осы тұрғыда атақты нақшбандийа шайхы Махдум-и Ағзам (1542 ж. қайтыс болған) Рисала-и Бабурийа

атты еңбегінде: Қожа Ахмет Йасауи алдымен ахфа (құпия) зікір жасағандығын, бірақ Түркістан аймағына келгеннен кейін бұл аймақтың халқын бұл зікірмен жөнге сала алмайтынына көзі жетіп, оларға зікірдің жахр (жария) түрін үйретуді жөн көргенін және тіпті олардың «қабылдау қабілеттері» немесе «бейімділіктеріне» (исти'дад) қарай зикр-и арра (ара зікірі) деп аталатын зікірдің жаңа түрін енгізгендігін айта отырып, мұнда ешқандай айып ('айб) жоқ екендігін, керісінше, өйткені пайғамбарларымыздың жолы дәл осындай болғандығын, оларға өз қауымдары мен уақыт жағдайына сәйкес аяттар түсірілген,-деген дерек келтіреді . Орталық Азия суфизм тарихы бойынша маман Бахтияр Бабаджанов аталған дерекке сүйене отырып, мұнда Махдум-и Ағзамның жария зікірге деген айтарлықтай толерантылық ұстанымымен қатар басқа да қырларын байқау қиын еместігін, Махдум-и Ағзам Қожа Ахмет Йасауидің іс-жүзінде зікір жасау тәсілінің жергілікті мәдени дәстүрлер кешенінен туындағанын мойындайтындығын атап өтеді [9, 156 б.]. Бұл пікір сопылық тәжірибенің бір ғана қатаң үлгімен шектелмейтінің, керісінше, әр аймақтың тарихи-мәдени ерекшеліктеріне қарай дамитын құбылыс екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алганда, Йасауи ілімі исламның мазмұндық негізін сақтай отырып, оның формаларын икемді түрде бейімдеген рухани жүйе ретінде сипатталады.

Нәтижесінде, Йасауийа тариқаты қазақ даласында исламның орнығуына зор ықпал етіп, дінді тек сенім жүйесі ретінде ғана емес, қогамдық қатынастар мен моральдық-этикалық құндылықтарды реттейтін тұтас дүниетаным деңгейіне көтерді. Бұл оның тар маңызын айқындай түседі.

Оның қалыптастырған ілімі мен тариқаты Түркістан мен Жетісудың отырықшы қала мәдениетінің тұрғындарына ғана емес, кең жазира түркі және қыпшақ даласын мекендеген көшпенді тайпалар үшін де тиімді әрі қолайлы болды. Стационарлы мешіті мен медресесі жоқ далалы аймақтың ру тайпалары дін мен сенім негіздерін осы тариқаттың пірлерінің демократиялық ұстындары арқылы үйренді. Яғни, көшпенділерге ислам негіздері шариғатқа сүйенген тариқат жолы арқылы таралды.

Бұл тариқат адамгершілік пен гуманизм, сабыр мен төзімділік және рухани теңдік идеяларын таратты. Йасауи ілімі адамның өз ішкі әлемін жетілдіру арқылы нәпсіні тәрбиелеуге баса назар аударды. Адамның ақылы мен сенімі ардың тазалығымен және қоғамға қызмет етумен байланыстырылды. Тариқаттың өкілдері сопылық ақылақтың қайырымдылық, сүйіспеншілік және қанағатшылдық қағидаларын ұстанып, түркі халықтарының ортақ рухани кеңістігін қалыптастыруға үлкен үлес қосты. «Диуани хикмет» өзіндік бір «рухани оқулыққа» айналды, оғыз-қыпшақ тіліндегі сопылық поэзия түркілік жазба дәстүр мен рухани бірегейліктің қалыптасуына зор ықпал етті.

Әрине, Шыңғысхан мен оның ұрпақтарының жарты әлемді жаулап алуы және оның «Жасыға» сүйенген идеологиясының ықпалы өте мықты болды. Шыңғысшылдық идеологиясы да аспаннан түскен жоқ, ол бұрыннан сайын далада, түркі және моңғол халықтарында қызмет етіп келген Дала заңдарының негізінде жатқан еді. Десек те, Шыңғыс тұқымы мен төрелерде саяси басқарушылық болғанымен, рухани билік ислам дінінің белең алуының барысында қожа-молдалардың қолында болды. Сондықтан қожалар төрелермен қатар ақсүйектер қатарына кірді. Он төртінші ғасырда Самарқанд әмірі Ақсақ Темірдің үлкен империя құрғаны, ислам дінін қызыштай қорғағаны және Қожа Ахмет Йасауидің басына зәулім кесене орнатып, бұл тариқатқа қолдау көрсеткені мәлім. Йасауйиа тариқатының өкілдері кезінде Сыр бойынан жоңқи көшкен оғыз тайпалары барып орнығып, Осман мемлекетінің үлкен империясын құрған Анадолы жұртына барып дінді насихаттады. Өзбек ханның тұсында Алтын Орда империясына ислам діні Еділдің екі жағындағы ен далада үстемдік етті. Зерттеуші Нәзира Нұртазина айтқандай, «Алтын Орда кезеңінде түркі көшпенділігі (номадизм) мен софылық ислам тамаша үйлесімге келіп, мәдени-әлеуметтік синтез ретінде қалыптасып болды... Түркілер өз тілін, келбетін жойған жоқ, көшпенділікке тән тамаша сипаттар сақтала берді, ислам нұрына бөленген соң ол енді «өркениетті көшпенділікке» айналды» [5].

Орталық Азияда XIV-XV ғғ. йасауийа мен нақшбандийа тариқаттары арасындағы шексіз бәсекелестік XVI ғ. қарай біртіндеп реттеліп,

соңғысының үстемдігіне әкелді. Сондықтан Қазақ хандығы тұсында да йасауйиа ілімі мен тариқаты біршама ықпалға ие болып, әйткенмен біртіндеп ол нақшбандйиа тариқатына жол бере бастайды. Бірақ Йасауидің ілімі мен жолы қазақ мәдениетінен мүлдем жойылып кеткен жоқ, ұлттың руханиятынан өзіне лайық берік орын алды. Йасауийа дәстүрі саяси аренада нақшбандийа тариқатына жол беруге мәжбүр болғанымен, халықтық діни практика және кеңірек қауымдық идентификация саласында жеңді. Йасауийа дәстүрі тек тар сопылық қауыммен шектеліп қоймай, Орталық Азияның кең қоғамына әсер етті. «Йасауийа дәстүрі» деп тек Қожа Ахмет Йасауидің ілімі мен практикаларына қатысты сопылық топтарды ғана емес, сонымен қатар, осы топтардың Орталық Азия қоғамында кеңінен таралған діни, әлеуметтік және әдеби мұралары ретінде де қарастырған жөн. Бұл кеңірек мұра Йасауийа стиліндегі зікірге негізделген халықтық діни практикаларды қамтиды. Ол, сондай-ақ, Йасауийа сопыларына немесе осы силсилаға қабылданған адамдарға қатысты әулие орындарын құрметтеу рәсімдерін де қосады. Сонымен бірге, Йасауийа дәстүрі исламды қабылдау процесімен байланысты әңгімелерді және Ахмет Йасауидің мұрасымен байланысты тұлғалар арқылы қауымдық идентификацияны қалыптастыруды да қамтиды. Бұл кең мағынада Йасауийа дәстүрі Ахмет Йасауидің мұрасы бүгінге дейін қалай сақталғанын көрсетеді. Мұнда «Йасауийа» деп аталатын ұйымдасқан сопылық қауым болуы екіталай екенін атап өту маңызды. Бұл кең түсінік бізге сопылық тариқаттың белгілі бір уақытта қандай болғанын, оның қоғаммен қалай өзара әрекеттескенін және оның мұрасы сопылық қауымнан тыс кең ауқымдағы Орталық Азия мәдениетінің меншігіне қалай айналғанын түсінуге көмектеседі [10, 206 б.].

Соңғы ғасырларда ресейлік отаршылдық пен кеңестік тоталитаризмді бастан өткізіп, бүгінгі күннің жаһандануы барысында қазақстандық қоғам үшін өзінің рухани тамырлары мен ұлттық құндылықтық бағдарларын сақтап қалу мейлінше өзекті болып отыр. Қоғам индивидуализмнің өсуі, құндылықтардың коммерциялануы, кибер діни шектен шығушылық, буынаралық байланыстың әлсіреуі сияқты рухани-адамгершілік тұрғыдағы шайқалыстармен бетпе бет келіп отыр. Сондықтан осы төл өркениеттік негіздерді әлсіретіп алмау үшін Йасауидің мұрасына жүгінудің жөні бар.

Йасауи ілімінің тарихи маңызын бағалауда оның тек діни-рухани құбылыс қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени интеграцияның маңызды факторы болғанын ескеру қажет. Түркілік ортада исламның орнығуы тек саяси билік немесе әскери ықпал арқылы емес, дәл осындай сопылық ағымдардың ықпалымен жүзеге асты. Йасауийа тариқаты халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне терең еніп, оның дүниетанымдық бағдарларын қайта қалыптастырды. Бұл үдеріс әсіресе көшпелі қоғам жағдайында ерекше мәнге ие болды, өйткені мұнда жазба мәдениеттен гөрі ауызша дәстүр, рухани бедел және тұлғалық ықпал басым болды.

Йасауи жолының тартымдылығы оның қарапайымдылығы мен түсініктілігінде еді. Хикметтер арқылы берілген діни-этикалық насихат халық санасына тез сіңіп, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде таралып отырды. Сонымен қатар, бұл ілім адамның ішкі рухани тазаруына, адамгершілік кемелденуіне бағытталды. Йасауи дүниетанымында имандылық тек діни рәсімдерді орындаумен шектелмей, мінез-құлық мәдениетімен, әділеттілік, сабыр, қанағат сияқты құндылықтармен тығыз байланыста қарастырылды.

Сопылықтағы ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыс қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың да өзіндік моделін қалыптастырды. Бұл байланыс тек діни тәрбие беру құралы ғана емес, сонымен бірге мәдени сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды механизм қызметін атқарды. Йасауийа тариқаты арқылы калыптасқан бұл жүйе қоғамда рухани тұрақтылық пен бірегейлікті сақтауға ықпал етті.

Осы тұрғыдан алғанда, Йасауи ілімі қазақ даласында исламның орнығуын жеделдеткен негізгі рухани тетіктердің бірі болды деуге толық негіз бар. Оның ықпалымен қалыптасқан дүниетаным кейінгі қазақ қоғамының діни санасы мен мадени болмысының ажырамас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, Йасауи мұрасы қазіргі заман жағдайында да өзектілігін жоғалтпайды, ойткені ол дәстүрлі діни танымды сақтай отырып, қоғамдағы рухани тұрақтылық пен үйлесімділікті қамтамасыз етудің маңызды

негіздерінің бірі болып табылады. Сондықтан Йасауи мұрасын зерделеу тарихи өткенді танумен қатар, қазіргі діни үдерістерді түсінуде де маңызды ғылыми міндет болып қала береді.

Қорытынды

Йасауидің дәстүр мен замана талабының үйлесімі туралы идеялары Қазақстанда қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламамен үндеседі. Түркістандық пір уақтысында ислам дінін ұлттық құндылықтармен және гуманистік ұстындармен ұштастырды, бұл болса руханилықтың қазақстандық үлгісін қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұл тұрғыдан алғанда Йасауи мұрасын игеру, оның қазіргі қоғам мен заманға потенциалды мүмкіндігін пайдалану мәдени жады мен тарихи сананы жаңғыртудың актісі ғана емес, өзара сенімге, қайырымдылық пен жасампаздыққа негізделген орнықты рухани ауанды қалыптастырудың стратегиялық ресурсы.

Йасауи шығармашылығындағы идеялар заманауи кезеңде бірнеше бағыттардағы рухани жаңғыртушылықтың этикалық-философиялық негіздері бола алады. Мысалы, біріншіден, діни сананы үйлесімге келтіру. Йасауи ішкі үйлесімділік пен төзімділікке үндеген, бұл болса Қазақстандағы дінаралық сұхбатты дамытуға септігін тигізеді. Екіншіден, рухани тәрбиені жаңғырту. Йасауи іліміндегі тәкаппарлықтан бас тартып, қанағатшыл болуға, шынайы ихсанға бет бұру, ел мен дінге қызмет ету жастардың рухани-адамгершілік білімі мен тәрбие бағдарламаларына негіз бола алады. Үшіншіден, мәдени бірегейлікті сақтау. Әзірет сұлтанның мұрасы арқылы тарихи сабақтастық пен рухани құндылықтарға негізделген ұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін бекітуге болады. Төртіншіден, қоғамның моральдық орнықтылығын қалыптастыру. Әлеуметтік трансформациялар жағдайында йасауилік ішкі тазалық пен әлеуметтік әділдік идеялары арқылы рухани тоқырауды игеріп, адамдар арасындағы сенімді нығайтып, Қазақстанда адал азамат пен әділ қоғам қалыптастыруға болады.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Йасауидің жасампаздығы мен рухани мұрасы адамгершілік даналық пен гуманистік бағдарлардың сарқылмас қайнар көзі болып табылады. Оның иман мен ислам, ихсан мен тақуалық туралы идеялары қазіргі Қазақстанның рухани ауасын сауаттандыруға әлеуеті бар. Йасауи идеялары жауапты да жасампаз тұлғаны қалыптастыра, қоғамның рухани негіздерін бекіте отырып, дәстүрлі құндылықтар мен заманауи дүниетанымды біріктіруге қабілеті бар этикалық компас бола алады.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен «Йасауи жолы: Қазақстандағы дәстүрлі сопылықтың діни-философиялық, әдеби және лингвистикалық мұрасын кешенді зерттеу» бағдарламалы нысаналы жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1 Түркістан: халықаралық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 656 б.

2 Григорьев В. В. Караханиды в Мавераннагре по Тарих-и Мунеджжима баши в османском тексте с переводом и примечаниями // Труды Восточного отделения ИРАО. – СПб., 1874. – Т. 17. – С. 189.

3 Молотова Э. М. Тазкира-йи Бугра хан: история и культура Караханидского государства. – Алматы: Мир, 2016. – 208 с.

4 Валиханов Ч. Ч. Самани // Собр. соч. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – Т. 4. – С. 322–328.

5 Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002. – 208 б.

6 Муминов А. К. Казахские ходжи // Shygys (Восток). – 2004. – № 1. – С. 229–235.

7 Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.

8 Яссауи Ходжа Ахмед. Хикметы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

9 Бабаджанов Б. М. О видах зикра джахр среди братств Центральной Азии // Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кипчака в XIII–XVIII вв.: материалы международного круглого стола. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

10 DeWeese D. The "Mashāʾikh-i Turk" and the "Khojagān": Rethinking the Links Between the Yasavī and Naqshbandī Sufi Traditions // Journal of Islamic Studies. – 1996. – Vol. 7, No. 2. – P. 180–207.

Transliteration

1 «Turkistan» Halykaralyk jenciklopedija / bas. red. A. Nysanbaev ["Turkistan" International Encyclopedia] – Almaty: «Kazak jenciklopedijasy» Bas redakcijasy, 2000. – 656 b. (in Kaz)

2 Grigor'ev V.V. Karahanidy v Maverannage po Tarih-i Munedzhzhima bashi v osmanskom tekste s perevodom i primechanijami [The Karakhanids in Mawarannahr according to Tarikh-i Munajjim Bashi in the Ottoman text with translation and notes] // Trudy

Vostochnogo otdelenija IRAO. – T. 17. – SPb., 1874. – S. 189. (in Russ)

3 Molotova Je.M. Tazkira-ji Bugra han: istorija i kul'tura Karahanidskogo gosudarstva [Tazkira-yi Bughra Khan: History and Culture of the Karakhanid State]. – Almaty: «Mir», 2016. – 208 s. – S. 34. (in Russ)

4 Valihanov Ch.Ch. Samani [The Samanids] // Sobr. soch. – 4-tom. – Alma-Ata: Glavnaja redakcija Kazahskoj sovetskoj jenciklopedii, 1985. – S. 322–328. (in Russ)

5 Nurtazina N. Kazak madenieti zhane islam (tarihi-madeniettanulyk zertteu) [Kazakh Culture and Islam (a historical and cultural study)]. – Almaty: KazMOGZI, 2002. – 208 b. (in Kaz)

6 Muminov A.K. Kazahskie hodzhi [Kazakh Khojas] // *Shygys* (Vostok). – 2004. – N 1. – S. 229–235. (in Russ)

7 Zhandarbek Z. «Nasab-nama» nuskalary zhane turki tarihy [Versions of "Nasab-nama" and Turkic history]. – Almaty: Dajk-press, 2002. – 168 b. (in Kaz)

8 Jassavi Hodzha Ahmed. Hikmety [Wisdoms]. – Almaty: Dajk-Press, 2004. (in Russ)

9 Babadzhanov B.M. O vidah zikra dzhahr sredi bratstv Central'noj Azii [On the types of loud dhikr among the brotherhoods of Central Asia] // Istoriko-kul'turnye vzaimosvjazi Irana i Dasht-i Kipchaka v XIII–XVIII vv. Materialy mezhdunarodnogo Kruglogo stola. – Almaty: Dajk-press, 2004. (in Russ)

10 DeWeese D. The "Mashāʾikh-i Turk" and the "Khojagān": Rethinking the Links Between the Yasavī and Naqshbandī Sufi Traditions // *Journal of Islamic Studies*. – 1996. – Vol. 7. – N 2. – P. 180–207.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Бақытжан Меңлібекұлы Сатершинов	бас ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және діндтану институты, Алматы, Қазақстан, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5094-9682
Алмасбек Дүйсенбекұлы Шағырбай	жетекші ғылыми қызметкер, PhD, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және діндтану институты, Алматы, Қазақстан, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-9146-1408
Нұрмұхаммед Рысбайұлы Мейманхожа	ғылыми қызметкер, PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және діндтану институты, Алматы, Қазақстан, email: nurikmann@gmail.com, ORCID ID 0009-0000-4801-8347
Шыңғыс Дәулетұлы Жүнісбаев	ғылыми қызметкер, PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және діндтану институты, Алматы, Қазақстан, email: shynggys.zhunisbayev@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-7059-0059
Нәйлә Қаткенқызы Анафина	психология магистрі, «Торайғыров университеті» КеАК, Павлодар, Қазақстан, email: anafina.n.k@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-3686-566X
Бақытжан Меңлібекұлы Сатершинов	главный научный сотрудник, доктор философских наук, профессор, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5094-9682
Алмасбек Дүйсенбекұлы Шағырбай	ведущий научный сотрудник, PhD, ассоциированный профессор, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-9146-1408
Нұрмұхаммед Рысбайұлы Мейманхожа	научный сотрудник, PhD докторант, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: nurikmann@gmail.com, ORCID ID 0009-0000-4801-8347
Шыңғыс Дәулетұлы Жүнісбаев	научный сотрудник, PhD докторант, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: shynggys.zhunisbayev@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-7059-0059
Нәйлә Каткеновна Анафина	магистр психологии, НАО «Торайгыров университет», Павлодар, Казахстан, email: anafina.n.k@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-3686-566X
Bakytzhan Satershinov	Chief Researcher, Doctor of Philosophy, Professor, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5094-9682
Almasbek Shagyrbai	Leading Researcher, PhD, Associate Professor, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-9146-1408
Nurmukhammed Meimankhozha	Researcher, PhD Student, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: nurikmann@gmail.com, ORCID ID 0009-0000-4801-8347
Shyngys Zhunisbayev	Researcher, PhD student, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: shynggys.zhunisbayev@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-7059-0059
Nailya Anafina	Master of Psychology, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan, email: anafina.n.k@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-3686-566X

ҒТАХР 21.15.61 https://doi.org/10.48010/aa.v28i1(107).905

МИҒРАЖ МҰҒЖИЗАСЫ: ТҮРКІ ҚОЛЖАЗБА МҰРАСЫ НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ АНТРОПОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТАЛДАУ

[1]Қ. Қасымхан, [2]Е.Қ. Қасабекова, Н. Кенжеахмет

АҢДАТПА

Құран – мұсылман өркениетінің дүниетанымдық өзегін айқындайтын және табиғат заңдылықтарын тануға бағдар беретін бірегей иләһи мәтін. Құран аяттарында уақыт, кеңістік, қозғалыс және болмыс категорияларына қатысты көптеген мағыналық ишаралар қамтылған. Осы мақалада Миғраж мұғжизасы түркі қолжазбалық дәстүр материалдары негізінде рухани антропология мен заманауи ғылыми ойлау жүйесінің тоғысқан кеңістігінде талданады. Зерттеудің басты нысаны – Миғраж оқиғасының адам санасының трансценденттік әлеуетін ашудағы рөлі, уақыт пен кеңістік ұғымдарының салыстырмалы сипаты және діни танымның эпистемологиялық шектеулері. Зерттеу жұмысы сапалық әдіснамаға сүйеніп, кітапханалық дереккөздер арқылы классикалық тәпсірлер, сопылық мәтіндер, түркі тіліндегі қолжазба нұсқалар және қазіргі физика саласындағы теориялық тұжырымдар жүйелі салыстырмалы талдаудан өткізіледі. Миғраж сапары аясында кеңістік пен уақыттың абсолютті емес екендігі, қозғалыс феноменінің онтологиялық мағынасы және рухани тәжірибенің танымдық деңгейлері айқындалады. Сонымен қатар бұл мұғжизаны таза эмпирикалық немесе физикалық заңдылықтар шеңберінде толық түсіндіру мүмкін еместігі, ғылыми модельдердің оның болмыстық табиғатын тек шектеулі қырынан ғана сипаттай алатыны негізделеді. Мақалада пайғамбарлармен жүздесу мотиві адам рухының кемелдену баспалдақтарын бейнелейтін символдық құрылым ретінде қарастырылып, Сидратул-Мунтаһадан асу ақыл мүмкіндіктерінің шекарасын айқындайтын метафизикалық кеңістік үлгісі ретінде түсіндіріледі. Түркі қолжазбаларындағы Миғраж баяндарының тәрбиелік, танымдық және өркениеттік қызметі талданып, намаздың тұлғаның рухани қалыптасуы мен антропологиялық тұтастығын орнықтыратын іргелі институт ретіндегі мәні айқындалады.

Түйін сөздер: Миғраж, рухани антропология, ислам космологиясы, трансценденция, ғылым философиясы, сана мәселесі, түркі қолжазбалары, кодикология.

[1] ҚР ҒБЖМ Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК, Алматы, Қазақстан

[2]ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

[3]«Шығыс қолжазбалар мұрасы» халықаралық деректану орталығы, Германия-АҚШ

Автор-корреспондент: Қасабекова Е.Қ.., enlik78@rambler.ru

Сілтеме: Қасымхан Қ., Қасабекова Е.Қ. Кенжеахмет Н. Миғраж мұғжизасы: түркі қолжазба мұрасы негізінде рухани антропология және заманауи ғылыми парадигмалар тоғысындағы талдау // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 161-177.

Чудо миʿраджа: анализ на основе тюркского рукописного наследия в контексте духовной антропологии и современных научных парадигм

Аннотация. Коран представляет собой уникальный божественный текст, определяющий мировоззренческое ядро мусульманской цивилизации и задающий методологический ориентир для познания законов природы. В коранических аятах содержится широкий спектр смысловых указаний, касающихся категорий времени, пространства, движения и бытия. В данной статье чудо Ми'раджа анализируется на основе материалов тюркской рукописной традиции в контексте пересечения духовной антропологии и современных научных парадигм. Основным объектом исследования выступает роль события Ми'раджа в раскрытии трансцендентного потенциала человеческого сознания, относительный характер понятий времени и пространства, а также эпистемологические пределы религиозного познания. Исследование основано на качественной методологии и предполагает системный сравнительный анализ классических тафсиров, суфийских текстов, тюркоязычных рукописных источников и теоретических концепций современной физики, изученных посредством библиотечных материалов. В рамках анализа Ми'раджа обосновывается не-абсолютный характер пространства и времени, раскрывается онтологическое значение феномена движения и выявляются когнитивные уровни духовного опыта. Вместе с тем аргументируется невозможность полного объяснения данного чуда исключительно в рамках эмпирических или физических закономерностей; подчеркивается, что научные модели способны описать его онтологическую природу лишь в ограниченном аспекте. В статье мотив встречи с пророками интерпретируется как символическая структура, отражающая ступени духовного совершенствования человека, тогда как преодоление Сидрат аль-Мунтаха рассматривается в ка-

честве метафизической модели, обозначающей пределы рационального познания. Анализ повествований о Миʻрадже в тюркских рукописях позволяет выявить их воспитательную, познавательную и цивилизационную функции. Кроме того, молитва (намаз) осмысливается как фундаментальный институт, обеспечивающий духовное становление личности и формирование ее антропологической целостности.

Ключевые слова: Миʻрадж, духовная антропология, исламская космология, трансценденция; философия науки; проблема сознания; тюркские рукописи; кодикология.

The Miracle of Miʻrāj: a Spiritual-Anthropological Analysis Based on Turkic Manuscript Heritage in the Context of Contemporary Scientific Paradigms

Abstract. The Qur'an constitutes the worldview foundation of Muslim civilization and represents a unique divine text guiding the understanding of natural laws. Qur'anic verses contain numerous semantic indications related to the categories of time, space, motion, and being. This article analyzes the miracle of the Mi'raj within the framework of Turkic manuscript traditions, integrating perspectives of spiritual anthropology and contemporary scientific paradigms. The main objective of the study is to examine the role of the Mi'raj narrative in revealing the transcendental potential of human consciousness, the relative nature of time and space, and the epistemological limits of religious cognition. The research adopts a qualitative methodology based on library research, employing a systematic comparative analysis of classical Qur'anic exegesis, Sufi texts, Turkic manuscript sources, and theoretical works in modern physics. The findings demonstrate that the Mi'raj experience reflects the non-absolute character of space and time, the ontological significance of motion, and the multi-layered cognitive dimensions of spiritual experience. At the same time, the study substantiates that this miracle cannot be fully explained within purely empirical or physical frameworks, as scientific models are able to describe its metaphysical nature only in a limited manner. Furthermore, encounters with prophets are interpreted as symbolic representations of successive stages of spiritual perfection, while the passage beyond Sidrat al-Muntaha is conceptualized as a metaphysical domain delineating the boundaries of rational cognition. The analysis also highlights the educational, cognitive, and civilizational functions of Mi'raj narratives in Turkic manuscript heritage, emphasizing prayer as a fundamental institution shaping spiritual formation and anthropological integrity.

Key words: Miʻrāj, Spiritual Anthropology, Islamic Cosmology, Transcendence, Philosophy of Science, Consciousness Studies, Turkic Manuscripts, Codicology.

Кіріспе

Құран – барлық заманға ортақ ең ұлы мұғжиза әрі мұсылман үшін өмірлік бағдар қызметін атқаратын иләһи кітап. Онда адам болмысы мен жаратылыс заңдылықтарын қамтитын, танымның әртүрлі салаларына бағдар беретін аяттар молынан кездеседі. Құран адамды табиғат құбылыстарын ой елегінен өткізіп, ақыл мен ғылым арқылы пайымдауға үндейді. Осы себепті Құрандағы жаратылыстық ишаралар көптеген зерттеушілердің назарын аударып, діни мәтін мен ғылыми таным арасындағы өзара байланыс жүйелі түрде зерделеніп келеді. Кейбір ғалымдардың Құрандағы ақиқаттарды ғылыми тұрғыда зерделеу нәтижесінде Исламды қабылдауы бұл мәтіннің танымдық әлеуетін айқындай түседі. Ал қарапайым мұсылман үшін Құран аяттарын зерделеу – құлшылықтың бір көрінісі ретінде рухани кемелденуге жол ашады.

Физика ғылымы – жаратылыс құбылыстарын тануда жетекші рөл атқаратын іргелі салалардың бірі. Физикалық теориялардың жаңарып отыруы ғылыми білімнің динамикалық сипатын көрсетеді: бір кезеңде орныққан тұжырымдар кейін жаңа теориялар арқылы қайта қаралуы мүмкін. Қазіргі ғылыми кеңістікте Құран мен жаратылыстану ғылымдарын тоғыстыра зерттеу бағыты белсенді дамуда. Бұл үдерістің көрінісі ретінде Индонезия Дін істері министрлігі жүзеге асырып отырған «Илми тәпсір» жобасын атап өтуге болады. Аталған жоба діни мәтінді заманауи ғылыми деректермен ұштастырып түсіндіру арқылы дін мен ғылым арасындағы шекараны жақындатуды мақсат етеді.

XX ғасырда Альберт Эйнштейн ұсынған салыстырмалылық теориясы уақыт ұғымының абсолютті емес екендігін, оның бақылау жүйесіне тәуелді өзгеретінін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Бұл тұжырым классикалық физикадағы уақыттың тұрақтылығы туралы көзқарасты түбегейлі қайта қарауға мүмкіндік берді. Құранда да уақыттың салыстырмалы сипатына ишара жасалады. Мәселен, «Мағариж» сүресінің 4-аятында: «Періштелер мен Жәбірейіл Аллаға елу мың жылға тең бір күнде көтеріледі» деп баяндалады. Бұл аят уақыт өлшемінің болмыс деңгейлеріне қарай әртүрлі қабылданатынын меңзейді.

Осы контекстеМиғраж–Исламтарихындағы ең күрделі әрі терең метафизикалық

құбылыстардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл оқиға Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) Мекеден Құддысқа сапары (Исра), одан әрі көкке көтерілуін баяндайды. Дәстүрлі ислам ілімінде Миғраж Алланың құдіретін айғақтайтын ұлы мұғжиза ретінде түсіндірілсе, қазіргі философия, космология және когнитивтік ғылым тұрғысынан ол уақыт, кеңістік және сана шекараларының салыстырмалылығын көрсететін ерекше танымдық феномен ретінде пайымдалады. Бұған дейінгі бірқатар зерттеулер Миғраж оқиғасын толықтай ғылыми әдістер арқылы дәлелдеу мүмкін еместігін атап көрсеткенімен, оның мазмұнын заманауи ғылыми теориялармен салыстыра талдау діни танымның методологиялық көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Осы мақалада Миғраж мұғжизасы уақыттың салыстырмалылығы теориясы, жаратылыстану ғылымдарының қазіргі тұжырымдары және исламдық дүниетаным аясында кешенді түрде зерделенеді. Зерттеудің басты мақсаты – Миғраж құбылысының онтологиялық, гносеологиялық және рухани-антропологиялық қырларын айқындап, діни мәтін мен ғылыми ойлау жүйесінің өзара сабақтастығын көрсету.

Әдіснама

Зерттеудің материалдық базасын Ислам дүниетанымындағы Миғраж мұғжизасын сипаттайтын негізгі діни мәтіндер, классикалық тәпсірлік дереккөздер, сопылық-философиялық еңбектер, сондай-ақ түркі жазба мұраларындағы Миғраж сюжеті қамтылған қолжазбалық материалдар құрайды. Негізгі мәтіндік корпус ретінде Құран Кәрімнің Исра (17:1), Нәжм (53:13–18), Мағариж (70:3–4) сүрелеріндегі аяттар және олардың классикалық тәпсірлердегі интерпретациялары пайдаланылды. Атап айтқанда, ат-Табари, Ибн Кәсир, әл-Қуртуби сынды муфассирлердің еңбектері салыстырмалы талдауға негіз болды. Зерттеудің эмпирикалық материалдарын Қазақстан қорларында сақталған түркі тіліндегі діни-дидактикалық қолжазбалар, Миғраж қиссалары, пайғамбарнамалық мәтіндер және сопылық поэтикалық жинақтар құрайды. Атап айтқанда, «Ғылым Ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған Миғраж мазмұнды қолжазбалар, шағатай және араб графикалы нұсқалар зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Қолжазбалардың кодикологиялық сипаттамалары (қағаз түрі, жазу стилі, бет өлшемі, колофон, маргиналия, сутаңба) деректік база ретінде пайдаланылды. Аталған теориялық база Миғраж феноменін дәстүрлі діни баяндау шеңберінен шығарып, оны заманауи ғылыми парадигмалар аясында герменевтикалық және философиялық тұрғыдан интерпретациялауға негіз қалады.

Жалпы алғанда, қолданылған мәтіндік, қолжазбалық және теориялық материалдар кешені Миғраж мұғжизасын діни-антропологиялық, философиялық және пәнаралық тұрғыда жүйелі талдауға негіз қалады. Миғраж мұғжизасы исламдық дүниетанымда адам болмысы, рухани таным және жаратылыс заңдылықтарын тоғыстыратын іргелі метафизикалық феномен ретінде қарастырылады. Ислам ғылымының классикалық кезеңінде бұл тақырып тәпсір, хадис және кәләм әдебиеттерінде пайғамбарлық мұғжиза әрі иләһи құдіреттің айғағы ретінде жүйелі түрде түсіндірілді.

Кейін сопылық дәстүр аясында миғраж ілімі рухани кемелденудің символдық моделі ретінде дамып, Әбу Хамид әл-Ғазали еңбектерінде шариғат, тариқат және хақиқаттың сабақтастығын айқындайтын рухани жол ретінде негізделді. Бұл түсінік Қожа Ахмет Ясауи мен оның мектебін жалғастырған Сүлеймен Бақырғани шығармаларында хикметтік поэзия тілімен халықтық руханиятқа бейімделді. Парсы сопылық-философиялық ойында Низами Гәнжауи, Ибн Араби және Жәләл ад-Дин Руми еңбектерінде миғраж болмыстық жетілу мен рухани сапардың аллегориялық үлгісі ретінде тереңдетіліп, түркі әдеби дәстүрінде Әлішер Науаи арқылы көркем-философиялық жүйеге енді. Бұл сабақтастық қазақ рухани ой кеңістігінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-философиялық мұраларында миғражды ішкі рухани кемелдену траекториясы ретінде пайымдаумен жалғасты.

Түркі жазба мұрасында «Миғражнама», «Қисса-и Миғраж» секілді қолжазбалық ескерткіштер миғраж тақырыбының сопылық-дидактикалық дәстүрде орнығуына ықпал етті. Бұл үрдіс Тимур дәуіріндегі интеллектуалдық

ортада миғражды рухани кемелденудің символдық құрылымы ретінде қабылдауға негіз қалап, ғарыштық иерархия жөніндегі түсініктермен ұштасты.

Осы теориялық негізге сүйене отырып, зерттеу сапалық әдіснамаға негізделіп, әдеби-зерттеу үлгісінде жүзеге асырылды. Негізгі дереккөздер ретінде классикалық ислам еңбектері, сопылық трактаттар, түркі және қазақ қолжазбалық мәтіндер пайдаланылып, талдау барысында герменевтикалық және салыстырмалы әдістер қолданылды.

Негізгі бөлім

Миғраж муғжизасының тәпсірі мен түсінігі

Ислам ғылымының классикалық кезеңінде Миғраж оқиғасы тәпсір, хадис және кәләм әдебиеттерінде пайғамбарлық мұғжиза әрі иләһи құдіреттің айқын дәлелі ретінде жүйелі түрде түсіндірілді. Дәстүрлі ислам ілімінде бұл оқиға Құран мәтіні мен сенімді хадистік деректерге негізделе отырып, жаратылыс заңдылықтарынан тыс жүзеге асқанымен, ақылға қайшы келмейтін иләһи әрекет ретінде қабылданған.

Миғраж мұғжизасының Құрандық негізі ең алдымен «Исра» сүресінің 1-аятында айқын баяндалады. Аятта Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) бір түнде Харам мешітінен Ақса мешітіне жеткізілгені Алланың құдіретіне телініп, бұл сапардың мақсаты ретінде «иләһи белгілерді көрсету» атап көрсетіледі:

سُبْحَٰنَ ٱلَّذِيٓ أَسْرَىٰ بِعَبْدِهِۦ لَيْلًا مِّنَ ٱلْمَسْجِدِ ٱلْحَرَامِ إِلَى ٱلْمَسْجِدِ ٱلْأَقْصَا ٱلَّذِي بَٰرَكْنَا حَوْلَهُۥ لِنُرِيَهُۥ مِنْ ءَايَٰتِنَآ ۚ إِنَّهُۥ هُوَ ٱلسَّمِيعُ ٱلْبَصِيرُ

Құлын (Мұхаммедті) бір түнде Харам мешітінен айналасына Өзіміз құт-береке дарытқан Ақса мешітіне кейбір маңызды белгілеріміз бен дәлелдерімізді көрсету үшін алып барған Алла – мінсіз (мұқтаждық пен дәрменсіздіктен, кемшілік атаулыдан ада). Ол – Сәмиғ (бәрін естуші), Басир (бәрін де көруші) [1, 282-б.].

Бұл аятта Исра оқиғасының Алланың тікелей әрекеті ретінде баяндалуы оның пайғамбарлық мұғжиза екендігін ғана емес, сонымен қатар жаратылыс заңдылықтары мен иләһи еріктің арақатынасын айқындайтын терең онтологиялық қағиданы көрсетеді.

Құран мәтінінде қолданылған «әсра» (أَسْرَىٰ) етістігі әрекеттің тікелей Аллаға телінуін білдіріп, бұл сапардың табиғи себеп-салдар тізбегімен емес, иләһи қалау мен құдірет арқылы жүзеге асқанын айғақтайды. Дәстүрлі ислам ілімінде бұл түсінік *сүннатулла* ұғымымен байланыстырылып, Алланың әлемдегі әрекеті белгілі бір тәртіп пен даналыққа негізделгенімен, жаратылыстық заңдылықтармен толық шектелмейтінін білдіреді.

Алланың тікелей әрекеті (*сүннатулла*) қазіргі физикада белгілі бір эмпирикалық заңдылықпен толық теңестірілмегенімен, оны бастапқы шарттар, іргелі тұрақтылар, сингулярлық аймақтар және метазаңдар сияқты теориялық ұғымдармен аналогиялық тұрғыда салыстыруға болады.

Қазіргі космология мен теориялық физикада табиғат заңдары өздігінен пайда болған абсолютті құрылымдар емес, белгілі бір бастапқы параметрлер мен шекаралық жағдайларға тәуелді жүйе ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, сүннатулла жаратылыс заңдарын жоққа шығаратын күш емес, керісінше оларды қамтитын, реттейтін және қажет жағдайда олардың шегінен асып әрекет ететін трансценденттік деңгей ретінде түсіндіріледі.

Осылайша Исра оқиғасының Алланың тікелей әрекеті (*сүннатулла*) ретінде түсіндірілуі Миғраж мұғжизасын жаратылыстық заңдылықтарға қарсы қоймай, керісінше олардың онтологиялық шекарасын айқындайтын иләһи әрекет ретінде пайымдауға негіз қалайды. Мұндай түсінік классикалық ислам ғылымында да орныққан әдіснамалық ұстаныммен сабақтас келеді. Себебі дәстүрлі тәпсір ілімінде Миғраж оқиғасы дәл осы аяттың мағынасын ашу аясында кеңінен қарастырылып, оның табиғаты символдық немесе субъективті рухани тәжірибемен шектелмейтін, Алланың қалауымен нақты жүзеге асқан пайғамбарлық мұғжиза ретінде түсіндірілген.

Классикалық муфассирлер Миғражды иләһи ерік пен құдіреттің тікелей көрінісі ретінде қабылдап, оны табиғи себеп-салдар тізбегіне телуге болмайтынын айқындайды.

Әт-Табари өзінің *«Жәмиʿ әл-баян ʿан таʾуил ай әл-Құран»* атты еңбегінде «Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Жәрир әт-Табари былай дейді: Алла Тағаланың бұл аятта *«Субхана»* деп айтуының мәні – Өзін пәктеу, яғни Өзін құлы Мұхаммедті (с.а.у.) түнде алып барған Алла ретінде дәріптеп, Оған серік телушілердің Оған қатысты айтатын пікірлерінен тазарту. Сондай-ақ бұл сөз Алланың жаратылыстарынан біреуді Өзіне серік еткенін, Оған әйел немесе бала таңғанын айтушылардың сөздерінен, сондай-ақ олардың білімсіздігі мен қателігінен Алланы пәк деп тануды білдіреді.». Деп Исра мен Миғражды тарихи шындық ретінде баяндай отырып, бұл сапардың Пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) Алла тарапынан көрсетілген ерекше мұғжиза екенін нақтылайды [2, 411-б.].

Осы бағытты әл-Қуртуби де жалғастырып, *«әл-Жәмиʿ ли-ахкам әл-Құран»* еңбегінде «Алла Тағала Пайғамбарға (с.а.у.) көрсеткен және адамдарға хабарлауды бұйырған ғажайып белгілердің қатарына оның бір түнде Меккеден Ақса мешітіне жеткізілуі жатады. Бұл сапар әдеттегі жағдайда бір айлық жолға тең. Сондай-ақ оның көкке көтерілуі (миғражы) және әрбір пайғамбармен жеке-жеке жүздесуі де осы ғажайып белгілер қатарында баяндалады. Мұның барлығы «Сахих Муслимде» және өзге де сенімді хадис жинақтарында бекітілген деректерге сәйкес келтіріледі. Ал *«Шүбәсіз, Ол – бәрін естуші, бәрін көруші»* деген сөз бұл жерде Алланың барлық айтылған жайттарды толық білетінін әрі адамдардың сөздері мен әрекеттерінен толық хабардар екенін білдіреді». Деп Миғражды ғайып әлемінің ақиқаттығын паш ететін иләһи белгі ретінде сипаттайды және оны таза символдық немесе метафоралық тұрғыда түсіндіру ақидалық тұрғыдан әлсіз екенін атап көрсетеді [3, 212-б.]. Ал Ибн Кәсир *«Тафсир әл-Құран әл-ʿАзим»* атты еңбегінде «Құлын бір түнде Харам мешітінен айналасына береке дарытқан Ақса мешітіне апарған Алла – кемшіліктен пәк. Оған Өз белгілерімізді көрсету үшін (осылай еттік). Шүбәсіз, Ол – бәрін естуші, бәрін көруші». Алла Тағала бұл аятта Өзін кемшіліктен пәк деп сипаттайды, Өз ұлылығын дәріптейді және құдіретінің шексіздігін баяндайды. Себебі Ол Өз қалауымен қалаған құлын (яғни Мұхаммедті, Алланың салауаты мен сәлемі оған болсын) бір түннің ішінде алып жүрді. Бұл сапар түннің бір бөлігінде жүзеге асқан. «Харам мешіті» – Меккедегі мешіт, ал «Ақса мешіті» – Иерусалимдегі қасиетті Байт әл-Мақдис. Ол – Ибраһим (ғ.с.) дінінен болған пайғамбарлардың қонысы әрі олардың мекені. Сондықтан барлық пайғамбарлар сол жерде жиналып, Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) имамдық етуімен намаз оқыды. Бұл оның пайғамбарлардың ішіндегі ең ұлысы әрі бастысы екендігін білдіреді. Ал «айналасына береке берген» деген сөз сол өңірдің егін-жайы, жеміс-жидегі мен рухани игіліктеріне қатысты айтылған. «Өз белгілеріміздің көрсету үшін» дегені – Мұхаммедке (с.а.у.) ұлы әрі ғажайып белгілерді көрсету мағынасын білдіреді. Бұл туралы Алла Тағала басқа бір аятта: *«Расында, ол өзіне Раббысының ең ұлы белгілерін көрді»* [1, 525-б.]. Деп баяндайды. Осы мәселеге қатысты хадистер Пайғамбардан (с.а.у.) сүннетте кеңінен риуаят етілген. Ал *«Шүбәсіз, Ол – бәрін естуші, бәрін көруші»* деген сөз Алланың құлдарының сөздерін, әрекеттерін, сенімдері мен күпірліктерін, шыншылдығы мен жалғандығын толық білетіндігін білдіреді.». Деп Миғражға қатысты хадистердің көптігі мен сенімділігін алға тарта отырып, бұл оқиғаның нақты түрде болған пайғамбарлық мұғжиза екендігін айрықша атап өтеді [4, 212-б.].

Ислам ғылымының Құраннан кейінгі екінші негізгі дереккөзі болып саналатын пайғамбар хадистері де Миғраж оқиғасын пайғамбарлық мұғжиза әрі иләһи құдіреттің айқын көрінісі ретінде жүйелі түрде баяндайды. Хадис мәтіндерінде Миғраж оқиғасы Құрандағы жалпы ишараларды нақтылай отырып, оның жүзеге асу барысын, кеңістік-уақыттық сипатын және діни-құқықтық салдарларын егжей-тегжейлі сипаттайды.

Әнәс ибн Мәлик (р.а.) жеткізген хадисте Әбу Зарр (р.а.) Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) былай дегенін баяндайды: «Мен Меккеде болған кезімде үйімнің төбесі ашылды. Сол сәтте Жәбірейіл (ғ.с.) түсіп, көкірегімді жарды да, оны Зәмзәм суымен жуды. Кейін ішіне иман мен даналыққа толы алтын ыдысты әкеліп, оны көкірегіме құйды да, қайта жапты. Одан соң қолымнан ұстап, мені төменгі аспанға көтерді. Біз бірінші аспанға жеткенде, Жәбірейіл аспанның күзетшісіне: "Аш", – деді. Ол: "Кім бұл?" – деп сұрады. Жәбірейіл: "Бұл – Жәбірейіл", – деді. Күзетші: "Сенімен бірге

біреу бар ма?" – деді. Ол: "Иә, менімен бірге Мұхаммед бар", – деді. "Оған шақыру түсті ме?" – дегенде, "Иә", – деп жауап берді. Сонда қақпа ашылды. Бірінші аспанда оң жағында да, сол жағында да көптеген қара көлеңкелер тұрған бір адамды көрдім. Ол оң жағына қарағанда күледі, ал сол жағына қарағанда жылайды. Ол маған: "Қош келдің, ізгі пайғамбар, ізгі ұрпағым", – деді. Мен Жәбірейілден: "Бұл кім?" – деп сұрадым. Ол: "Бұл – Адам. Ал оның оң және сол жағындағы көлеңкелер – оның ұрпақтарының рухтары. Оң жағындағылар – жәннаттықтар, сол жағындағылар – тозақтықтар", – деді. Содан кейін мені екінші аспанға көтерді. Әрбір аспан қабатында дәл осыған ұқсас түрде пайғамбарлармен кездесулер орын алды. Мен аспандарда Адамды, Идрісті, Мұсаны, Исаны және Ибраһимді (оған Алланың сәлемі болсын) көрдім. Адам – бірінші аспанда, ал Ибраһим – алтыншы аспанда еді. Соңында мен Сидратул-Мунтаһаға жеткізілдім. Ол жерді қандай түстер жапқанын сипаттап жеткізу мүмкін емес еді. Кейін мен жәннатқа кіргізілдім. Онда інжу-маржаннан жасалған күмбездер бар, ал топырағы – миск (жұпар) еді. Сол жерде Алла менің үмбетіме елу уақыт намазды парыз етті. Мен қайтып келе жатып Мұсаға жолықтым. Ол: "Үмбетіңе не парыз етілді?" – деп сұрады. Мен: "Елу намаз", – дедім. Ол: "Раббыңа қайта бар, сенің үмбетің бұған шамасы жетпейді", – деді. Мен қайта-қайта Раббыма барып, намаз саны азайтылды. Ақырында ол бес уақытқа бекітілді, алайда сауабы елу намазға тең болып қалды. Алла Тағала: *«Менің қасымда сөз өзгермейді»*, – деді. Содан кейін ол мені Сидратул-Мунтаһаға жеткізді. Ол мен ажырата алмайтын сан-алуан реңдермен берендірілген еді. Кейін жәннатқа кіргізілдім. Ол көз жауын алатын інжу-маржаннан *«Жәннаттың топырағы миск (жұпар) болатын»* деп сипатталатын Миғражға қатысты хадис Сахих әл-Бухари жинағында баяндалады [5, 142-6.]. Осыған ұқсас мазмұн Сахих Муслим жинағында да кеңінен қамтылып, онда Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) Жәбірейілмен бірге көтерілуі, жеті қабат аспаннан өтуі, Сидратул-Мунтаһаға жетуі және намаздың парыз етілуі егжей-тегжейлі сипатталады.

Осы тұста хадис мазмұны Миғраж сапарының тек құқықтық-нормативтік нәтижесін ғана емес, оның болмыстық-метафизикалық қырын да айқын көрсетеді. Аталған риуаяттарда Миғраж Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) тәнімен және рухымен жүзеге асқан ерекше иләһи тәжірибе ретінде ұсынылып, уақыт пен кеңістік өлшемдерінің әдеттегі жаратылыс заңдылықтарына бағынбайтын шартты категориялар екені аңғарылады. Осы тұрғыдан алғанда, хадис ғылымындағы деректер Миғраж оқиғасының метафизикалық табиғатын нақты тарихи-риуаяттық мазмұнмен бекітіп, оны тек символдық немесе психологиялық интерпретациялармен шектеуге жол бермейді.

Демек, Пайғамбар хадистері Миғраж мұғжизасын сенімдік доктрина ғана емес, болмыс пен танымның шекараларын айқындайтын кешенді діни-философиялық феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ұстаным Құран, тәпсір және хадис ғылымдары арасындағы ішкі методологиялық сабақтастықты айқындап, Миғраж оқиғасын заманауи ғылыми дүниетаныммен диалогта пайымдауға берік негіз қалайды.

Құран аяттары мен сенімді хадистік деректер Миғраж оқиғасының Пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) тән Пайғамбарлық мұғжиза ретінде шынайы түрде жүзеге асқанын айқындағаннан кейін, бұл мәселе исламдық сенім ілімінде (кәләм ғылымында) жүйелі ақидалық тұрғыдан негізделді. Кәләмда Миғраж тек тарихи немесе риуаяттық дерек ретінде ғана емес, иман негіздеріне тікелей қатысты маңызды сенімдік мәселе ретінде қарастырылып, оның мүмкін әрі ақиқат екені рационалдық дәлелдер арқылы тұжырымдалды.

Осы үдерісте кәләм ғұламалары ақыл мен нақылдың арақатынасын сақтай отырып, мұғжизаны ақылға қайшы емес, керісінше ақылдың танымдық шектеулілігін көрсететін иләһи феномен ретінде түсіндірді.

Әсіресе Әбу Мансұр әл-Матуриди ілімінде Миғраж мәселесі жаратылыс заңдылықтарының Алланың қалауына толықтай тәуелді екенін дәлелдейтін маңызды ақидалық негіз ретінде қарастырылады. Алланың фиʿлі (әрекеті) табиғи себеп-салдарға «тәуелді механизм» емес, хикметпен жүзеге асатын құдірет екенін «...عرف أن فعله لا يجوز أن يخرج عن الحكمة؛ إذ هو حكيم بذاته...» яғни Оның іс-әрекеті даналықтан (хикметтен) тыс болуы мүмкін еместігін де түсінеді. Өйткені Алла – Өз

заты бойынша Хаким (Дана), Ғани (мұқтажсыз), Ғалим (бәрін білуші). деп айқындайды. Мұнда әл-Матуриди Алланың фиʿлін (әрекетін) хикметке қайшы емес, бірақ жаратылыс ішіндегі «мәжбүр себептермен» шектелмейтін құдірет ретінде сипаттап; Алла "хикметпен" әрекет етеді, алайда бұл әрекет табиғаттағы әдеттегі себеп тізбегінің қамытында емес деп тұжырымдайды [6, 160-б.]. (al-Māturīdī, 1970). Сонымен қатар «وأيضًا أن معنى فعل الله هو الإبداعُ والإخراجُ من العدمِ إلى الوجود...», «Сондай-ақ, Алланың іс-әрекетінің мәні – жарату, яғни жоқтан бар ету (болмысқа шығару) болып табылады...»[6, 160-б.]. (al-Māturīdī, 1970). деуі Алланың фиʿлі – «жоқтан бар ету» табиғи заңдардан жоғары онтологиялық деңгей һәм «сүннатулла – мета-деңгей» болып табылады. Табиғат заңдары – жаратылыс ішіндегі сипаттама; ал Алланың фиʿлі – жаратылыстың өзін (болмысты) жоқтан бар ету.

Сондай-ақ, Алланың құдіреті уақыт пен кеңістік шектеулеріне бағынбайтынын «...فإذا ذهبَتْ عنه قُدرةٌ زالَ عنه...» яғни «...егер құдіретінен айырылса, оның болмысы да жойылады...» деу арқылы табиғи себеп-салдар қатынастарының өздігінен әрекет етпейтіні жүйелі түрде негізделеді. Осы қағидаға сәйкес, Миғраж жаратылыс заңдарын жоққа шығаратын құбылыс емес, керісінше олардың шартты әрі тәуелді сипатта екенін айқындайтын иләһи мұғжиза ретінде түсіндіріледі [6, 170-б.]. Демек Әл-Матуриди ілімінде Миғраждың мүмкіндігі жекелеген риуаяттармен емес, Алланың істері мен құдіретіне қатысты жалпы ақидалық қағидалар арқылы негізделеді. «باب أفعال الله» және «باب القدرة» тарауларында қалыптасқан логика бойынша, жаратылыс заңдары дербес әсер етуші күшке ие емес, уақыт пен кеңістік Алланың еркіне бағынышты шартты категориялар болып табылады. Осы негізде Миғраж оқиғасын мүмкін емес деп бағалау ақидалық емес, антропоцентрлік қате ұстаным.

Бұл ақидалық ұстаным кейінірек әл-Ашғари мектебінде де дамытылды. Әл-Ашғари және оның ізбасарлары жаратылыс заңдылықтарының дербес әсер етуші күшке ие емес екенін, барлық құбылыстардың Алланың еркімен ғана жүзеге асатынын негізге алды. Сондай-ақ Алланың әдеттегі жаратылыстық тәртібі ретінде қарастырды. Осы себепті Миғражды табиғи-рационалистік өлшемдермен жоққа шығару иләһи құдіретті жаратылыс заңдарымен шектеу болып саналады және бұл ұстаным ақидалық тұрғыдан негізсіз деп бағаланады [7, 17-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, Миғражды табиғи-рационалистік өлшемдер арқылы жоққа шығару иләһи құдіретті жаратылыс заңдарымен шектеу болып табылады және ақидалық тұрғыдан қате ұстаным ретінде бағаланады.

Әл-Ғазали *Ихяʾ ʿулум әд-дин* еңбегінде;

فالعقلُ مع كونه شريفًا لا يُدركُ جميعَ الموجودات، ولا يطّلعُ على حقائقِ الأمورِ الإلهية، وإنما حدُّه أن يُثبتَ الممكنَ ويَنفيَ المستحيل.

1. «Ақыл қаншалықты қадірлі (асыл) болғанымен, ол барлық болмысты толық тани алмайды және иләһи істердің ақиқатына толық қанық бола бермейді. Оның шегі – мүмкін нәрсені бекітіп, мүмкін еместі теріске шығару ғана» деуі ақылдың метафизикалық ақиқаттарды толық қамти алмайтынын атап өтіп, оның міндеті мүмкінді бекіту мен ақылға қайшыны жоққа шығарумен шектелетінін көрсетеді [8, 21-б.]. Сондай-ақ Әл-Ғазалидың «Кімде-кім ақырет істері мен Алланың іс-әрекеттерін дүниелік әдет-дағдылармен салыстырып өлшесе, ол қияста (өлшемде) адасқан болады», деген сөзі ақырет істері мен Алланың іс-әрекеттерін дүниелік әдет-дағдылармен өлшеудің танымдық қате екенін айқындайды. Осы қағидаға сәйкес, Миғражды эмпирикалық немесе сезімдік өлшемдермен жоққа шығару эпистемологиялық тұрғыдан дұрыс емес деп бағаланады.

Осылайша кәләм әдебиетіндегі ақидалық негіздеулер Құран мен хадис деректерінде баяндалған Миғраж оқиғасын рационалдық тұрғыдан бекітіп, оны сенім, болмыс және таным категориялары тоғысындағы кешенді иләһи құбылыс ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Классикалық ислам ойшылдары Миғражды жаратылыс заңдылықтарына қарсы қоймай, керісінше сол заңдардың абсолют емес, Алланың қалауына тәуелді шартты құрылымдар екенін көрсететін метафизикалық феномен ретінде түсіндірді. Бұл тұрғыдан алғанда, уақыт пен кеңістік өздігінен әрекет ететін әмбебап категориялар емес, болмыстың белгілі бір деңгейіне тән өлшемдер ретінде қарастырылады.

Заманауи жаратылыстану ғылымдарының дамуы, әсіресе салыстырмалылық теория-

сы, уақыт пен кеңістіктің бақылау жүйесіне тәуелді екенін ғылыми тұрғыда негіздеп, олардың абсолютті сипатқа ие еместігін көрсетті. Осы ғылыми пайым Миғраж оқиғасын физикалық заңдылықтарды жоққа шығаратын құбылыс ретінде емес, керісінше сол заңдардың барлық болмыс деңгейлерін толық қамти алмайтынын айқындайтын шекаралық феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Осылайша классикалық ислам ғылымындағы Миғраж түсіндірмелері заманауи ғылыми-философиялық дискурспен мазмұндық емес, методологиялық тұрғыдан үйлесім табады. XX ғасырдың басында Albert Einstein ұсынған салыстырмалылық теориясы классикалық физикадағы уақыт пен кеңістіктің абсолюттілігі туралы түсінікті түбегейлі қайта қарауға алып келді. Арнайы және жалпы салыстырмалылық теориялары уақыт пен кеңістіктің бақылаушының қозғалысына, гравитациялық өріске және энергия–массаның таралуына тәуелді екенін ғылыми тұрғыда негіздеді. Ф.М.Селина, мен Н.Супраптоның «Эйнштейннің салыстырмалылық теориясын зерттеу: Асхабул-Кахф оқиғасы және Исра мен Миғраж» атты мақаласында Эйнштейннің 1905 жылы жарияланған «Қозғалатын денелердің электродинамикасы туралы» еңбегінде Эйнштейн арнайы салыстырмалылық теориясының екі негізгі постулатын тұжырымдады: біріншіден, физика заңдары барлық инерциялық санақ жүйелерінде бірдей жүзеге асады; екіншіден, вакуумдағы жарық жылдамдығы бақылаушының қозғалыс күйіне тәуелсіз тұрақты шама болып табылады.» деп атап көрсеткен [9, 120-6.].

Аталған постулаттардан уақыттың салыстырмалы ағымы туралы тұжырым туындайды. Яғни қозғалыстағы жүйеде орналасқан сағат тыныштықтағы бақылаушыға қарағанда баяу жүретіні (time dilation) эксперименттік және теориялық тұрғыда дәлелденді. Сонымен қатар бұл мақала автор миғраж туралы ғылыми дәлелін «Салыстырмалылық теориясында ең жоғары жылдамдық ретінде жарық жылдамдығы орныққан. Алайда Құранда жарық жылдамдығынан да асатын құбылысты меңзейтін оқиға бар екені байқалады, ол – Исра мен Миғраж оқиғасы. Бұл – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) найзағайдай жылдам Бураққа мініп, ғарыштық сапар жасауы туралы баяндалатын ерекше мұғжиза» деп атап көрсетті [9, 122-6.]. Әсіресе мақалада әдебиеттерде баяндалған «Бурақ» атауы араб тіліндегі *barq* (найзағай) сөзінен шыққанын, ғылыми тұрғыдан алғанда, найзағай – көзбен толық аңғаруға келмейтін, өте жоғары жылдамдықтағы жарық құбылысы ретінде анықталады. Сондай-ақ Исра мен Миғраж оқиғасындағы Бурақ бейнесін кейбір зерттеулерде кванттық физикадағы аннигиляция теориясы тұрғысынан түсіндіруге ұмтылыс жасалады. Бұл теория атомнан да ұсақ микробөлшектер деңгейінде материя мен антиматерияның соқтығысуына байланысты реакцияларды сипаттайды.

Қорыта айтқанда Исра мен Миғраж оқиғасы исламдық дереккөздерде Пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) тән айрықша мұғжиза ретінде баяндалып, оның қысқа уақыт ішінде аса ауқымды кеңістікті қамтыған ерекше сапар болғанын көрсетеді. Құранның Исра (17:1) және Нәжм (53:13–18) сүрелеріндегі аяттар бұл оқиғаның иләһи белгілерді көрсету мақсатында жүзеге асқанын айқындап, оның тарихириуаяттық қана емес, терең метафизикалық мазмұнға ие екенін дәлелдейді.

Зерттеу барысында уақыт феноменінің Құранда абсолютті емес, салыстырмалы сипатта берілетіні Мағариж сүресінің 3–4-аяттары негізінде көрсетілді. Бұл аяттарда періштелер мен рухтардың бір күндік сапары адам өлшемімен елу мың жылға теңестірілуі уақыттың бақылау жүйесіне тәуелді өзгермелі категория екенін меңзейді. Аталған тұжырым Эйнштейннің салыстырмалылық теориясындағы уақыттың созылуы (time dilation) қағидасымен методологиялық тұрғыда үндес келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі физика ғылымындағы уақыт пен кеңістіктің салыстырмалылығы туралы модельдер Исра мен Миғраж секілді діни-метафизикалық құбылыстарды тікелей дәлелдеуді мақсат етпесе де, оларды табиғи заңдылықтарға қайшы емес, керісінше адам танымының шектеулілігін көрсететін иләһи феномен ретінде түсіндіруге эвристикалық мүмкіндік береді. Нәтижесінде, Исра мен Миғраж оқиғасы сенімдік мұғжиза болумен қатар, уақыт пен кеңістік туралы исламдық дүниетаным мен заманауи ғылыми пайымдаулардың диалогына жол ашатын

кешенді құбылыс ретінде қарастырылуы мүмкін.

Классикалық кәләмдық негіздеулер

Классикалық кәләмдық негіздеулер мен заманауи жаратылыстану ғылымдарының методологиялық пайымдары айқындалғаннан кейін, Миғраж ілімі исламдық рухани дәстүрде адамның ішкі кемелдену жолын бейнелейтін кешенді символдық модель ретінде дамытылды. Сопылық дәстүр аясында қалыптасқан диуани хикмет, назиралық әдебиет және поэтикалық-мистикалық мәтіндерде Миғраж тек тарихи-космостық оқиға ретінде емес, рухтың Аллаға қарай өрлеуін білдіретін көпқабатты метафора ретінде пайымдалды.

Бұл бағыттағы теориялық жүйелеу алдымен Әбу Хамид әл-Ғазалидің еңбектерінде айқын көрініс тапты. Әл-Ғазалидің "Ихяʾ ʿулум әд-дин" еңбегінде шариғат, тариқат және хақиқат өзара сабақтас рухани иерархия ретінде жүйеленеді. Автор:

فاعلم أنه قسمان: علمٌ مكاشفةٍ وعلمٌ معاملةٍ. فالقسمُ الأول علمُ المكاشفة، وهو علمُ الباطن، وذلك غايةُ العلوم

«Бұдан шығатын қорытынды – ақырет жолына қатысты ілім екіге бөлінеді: кашф (мұкашафа) ілімі және амал (муʿамала) ілімі. Біріншісі – мұкашафа ілімі, яғни адамның ішкі рухани болмысына қатысты ілім; бұл – білімдердің ең жоғарғы шегі болып табылады.» деп атап көрсетіп, ілімді амал ілімі мен кашф іліміне бөліп, соңғысын алғашқысының рухани жемісі ретінде түсіндіреді [10, 34-б.]. Сондай-ақ ол ғылым саласын төрт салаға бөліп қарастырып былай дейді; «Біріншісі – ең жоғарғы ілім: Бұл – пайғамбарлардың (о.с.) ілімі. Ол әрі жалпы жұртқа, әрі жекелеген адамдарға қатысты болып, адамдардың сыртқы әрекеттері мен ішкі дүниесін түгел қамтиды пайғамбарлық ілім. Екіншісі – халифалар мен билеушілердің саяси-әлеуметтік ілімі. Бұл деңгей қоғамның сыртқы тәртібін, заң мен қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған. Үшіншісі – ғалымдар мен рухани таным иелерінің ілімі. Бұл деңгей адамның ішкі болмысына, жүрек тәрбиесіне қатысты болып, тек таңдаулы жандарға тән. Төртіншісі – уағыз-насихат ілімі. Бұл деңгей жалпы жұртшылықтың жүрегіне әсер етуге, имани серпіліс пен моральдық түзеуге бағытталған» [10, 23-б.] екенін айта келіп осының ішінде ең жоғарғы ілім ол, Пайғамбарларға (о.с.) тән ілім болып, бұл ілім адамдардың әрі сыртқы іс-әрекетін, әрі ішкі рухани болмысын түгел қамтитынын. Сондай-ақ аталған деңгейде сүннетуллаһқа қатысты ерекше ілім де бар екенін, ол – тікелей уахи, иләһи басшылық және жаратылыстың терең сырларына қатысты білім екенін, Мұндай ілімнің пайғамбарларға ғана тән болуы оның тікелей Алланың әрекетіне (сүннетуллаһқа) қатысты ақиқаттарды қамтуымен байланысты. Бұл деңгейдегі білім өзгелер үшін қолжетімсіз, өйткені ол жаратылыстық себеп–салдар жүйесі арқылы емес, уахи арқылы берілетін иләһи танымға жатады. Осы тұрғыдан алғанда, пайғамбарлық ілім, әсіресе сүннетуллаһқа қатысты уахи сипатындағы білім, танымның өзге формаларынан түбегейлі ерекшеленеді және адамзатқа тікелей емес, тек пайғамбарлық миссия аясында ғана жеткізіледі. Мұның өзі діни білім иерархиясында пайғамбарлық ілімнің бірегей әрі қайталанбас орнын айқындап, оны рухани танымның ең жоғарғы деңгейі ретінде орнықтырады.

